

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

Искакова Ж.М.,

Симбаева С.О.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІ**

(оқу құралы)

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 821(075.8)

КБЖ 83.3 я73

Р 24

Пікір жазғандар:

Маретбаева М.Ә. – Қарағанды медициналық университетінің доценті, ф.ғ.к.

Әшірбекова А.Б. – Қарағанды медициналық университетінің доценті, ф.ғ.к.

Карипжанова Г.Т.- «Тұран-Астана» университетінің профессоры, ф.ғ.к.

Искакова Ж.М., Симбаева С.О.

Р 24 Қазіргі қазақ әдебиеті (60-90 жж.) : оқу құралы/ Ж.М., Искакова С.О. Симбаева. -Нұр-Сұлтан:«Тұран-Астана» университеті, 2019.

73 б.

ISBN 978-601-7871-7

Оқу құралында қазіргі қазақ әдебиеті бойынша дәрістер жинақталған. Сонымен қатар семинар сабақтарының тақырыптары мен жоспарлары, студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар, өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тест сұрақтары берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Тарих» мамандықтарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 821(075.8)

КБЖ 83.3 я73

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

МІ |

| | |
|-----------------------------------------------------|----|
| Қазіргі қазақ әдебиетінің даму сипаты | 4 |
| Тәуелсіздік тақырыбындағы романдар | 8 |
| Тарихи тақырыптағы романдар | 10 |
| Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы | 14 |
| Мемуарлық шығармалар | 23 |
| Дүрбелең жылдар шындығының бейнеленуі | 27 |
| Хикаят (повесть) жанрының дамуы | 38 |
| Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелері | 44 |
| Поэзияның дамуы | 49 |
| Поэма жанрының дамуы | 55 |
| Драматургияның дамуы. Драмалардың тақырыптық жүйесі | 58 |
| Ш.Құсайынов пьесасындағы тарихи-аңыздық оқиға | 62 |
| Драмалық дастандар | 66 |

| | |
|--------------------------------------------|----|
| Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары | 74 |
| Семинар сабақтарының жоспары | 81 |
| Тест тапсырмалары | 93 |

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму сипаты.

Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің даму сипатын таныстыру. Саяси-әлеуметтік өзгерістердің әдеби дамуға әсерін таныту. Әдебиетке жаңаша көзқарасты талдау. Ә. Нұрпейісовтың шығармаларымен таныстыру. «Соңғы парыз» роман – диалогиясын оқыту, талдау.

Негізгі ұғымдар: проза, роман, «техникалық өрлеу», символикалық суреттеулер, әдеби даму, жаһандану, тәуелсіздік әдебиеті, жаңа бағыттар, «ақтаңдақ» беттер.

Жоспары:

1. Қазіргі әдеби процесс.
2. Саяси-әлеуметтік өзгерістер және әдебиет
3. Көркемдік ізденістер мен жаңалықтар.
4. Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-диалогиясы.
5. Романда суреттелетін Арал қасіреті.
6. Адамгершілік мәселелері.
7. Жәдігер мен Әзім, Бәкизат бейнелері.

XX ғасыр соңы мен XXI ғасырдың басында қазақ әдебиеті ел тәуелсіздігі жағдайындағы дамуға бет бұрды. 1991 жылғы тамыз төңкерісі Кеңестік империя билігін құлатып, сол империя құрамында болған елдер егемендіктерін алды. Сөйтіп ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жетті. Тәуелсіз ел әдебиеті рухани өркендеуімізді жаһандық деңгейде таныта бастады. ЮНЕСКО-ның қолдауымен көркем сөз шеберлерінің мерейтойлары әлемдік деңгейде атала бастады. Мәселен, Абай мен Жамбылдың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығы, Дулат пен Махамбеттің 200 жылдығы сияқты әдеби шаралардың өтуі қазақ халқының есімін әлемге әйгілі етті. 1991 жылдан қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңде әдебиеттің ұлттық келбеті айқындалып, идеялық-эстетикалық болмысы жаңғырды. Бұл кезең әдебиетінің бір ерекшелігі Кеңес кезіндегі әдебиетпен, әсіресе, оның соңғы жылдарында қосылған “ақтаңдақтармен” сабақтастығы. Сталиндік нәубет кезінде әдеби мұраларымыздың қаншасы жыртылып, жоғалғаны мәлім. Әдебиетіміздің ақтаңдағы аталған осы тұстар қайта қалпына келтіріле бастады. Кеңес Одағы ыдыраудан сәл бұрын 1988 жылдың сәуір айында Шәкәрім Құдайбердиев, желтоқсанның аяғында Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтар халқымен қайта қауышты. Басқа да ондаған ақын-жазушылардың еңбектері шаң жұтып жатқан “жабық қор” қоймаларының құлпы алынды. Тұтас дерлік оқылуға, жариялауға тыйым салынған ақын-жыраулар, фольклор шығармалары халық игілігіне қайта қызмет ете бастады. Ұлттық-демократияшыл әдебиеттің қайта туып, жаңғыруы тәуелсіздік кезеңінің әдебиеті мен ғылымына айтарлықтай әсер етті. Мағжан Жұмабаев поэзиясы, Ахмет Байтұрсыновтың ілімі, Міржақып Дулатовтың “Оян, қазағы” өзге де қастерлі қазынамыз әдебиетке жаңа рух, тың тақырып ала келді. Енді ұлттық идея, ұлт тағдыры, ел тәуелсіздігі – бүгінгі Қазақ сөзінің өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр.

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдың ақырғы он жылында проза жанрында да іргелі туындылар жарық көрді. Алдымен тілге оралатын туынды жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз»

роман-дилогиясы (1999). Бұл шығарма Кеңес дәуірінде жазыла бастағаны белгілі. Алғашқы нұсқалары кітап болып жарияланып үлгерген.

Қаламгердің «Қан мен тер» трилогиясы эпикалық сарында жазылып, дәуірдің тұтас кескін-кейпін бейнелесе, құлашы кең «Соңғы парыз» ел, жер тағдырын қозғайды, осы арқылы ұлттық әрі әлемдік адами проблемаларға жетектейтін маңызы зор құбылыстарға бойлайды.

«Соңғы парыз» - идеялық-көркемдік өрісі кең шығарма. Дилогияда адам, қоғам, табиғат, проблемалары бір өрімде жарасымды бейнеленген. Олар ұлттың ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ проблемалар. Жазушылар Герольд Бельгер мен Анатолий Кимнің орыс тіліне тәржімаланған биік сапалы аудармасы арқасында шығарма қазірдің өзінде халықаралық әдеби қауымның назарына іліге бастады.

Роман оқиғалары басынан аяғына дейін сең үстінде, қақаған суықта, аязды боранда өтіп жатады. Осының өзінде үлкен символдық мән жатыр. Балықшылардың жүзі өрт сөндіргендей түтігіп кеткен. Өйткені теңізге жайған аудың тор көзі балық түгіл, шабақ қағудан да қалған. Осы пейзаж, суреттер Жәдігердің жүрегін ауыртады, ашуын келтіреді. «Жұт – жеті ағайынды» дегендей, балығы түгіл, бақасы жоқ теңізбен шаруасы жоқ белсенділер «жоспарды орындауға тиіссін» деп қысады.

Арал қасіреті – адамзаттың экология мәселесін елемеуден туған немқұрайдылықтың бір ғана көрінісі. Роман күнәнің арғы тегін адам баласының күнкөріс тірлігінен іздейді. Табиғат ананы аялап, қастерлеп, қадірлеудің орнына оған жыртқыш көзбен қарайды. «Техникалық өрлеу» алдымен табиғаттың ықылым заманнан уыздай ұйып тұрған тамаша тепе-теңдігін тас-талқанын шығарды. Жәдігер бейнесін сомдағанда жазушы Арал төңірегін ерекшеліктерін, табиғатын, кейіпкерлердің қалыптасқан мінез-сипатын суреттейді. Жәдігер бейнесі адамзаттық биіктен көрінсе, бұл қасиет оған бала кезден табиғатты сүюден, қадірлеуден орныққан. Жәдігер характері – ұлттық характер. Қазаққа тән жуас, ұяң мінездері де, ашуы келсе бұрқ ете түсетін шамшылдығы да бір басына жетерлік. Жәдігер сонымен бірге табанды да өр мінездің адамы. Жас баланың еңбегіндей

былқылдаған мұз үстінен жүк машинасын жүргізіп, балықты түбекке шығаратын көзсіз ерлігі, әйелінің қарсылығына қарамастан, балықшылар еңбегінің ыстық-суығына бірдей төзіп, үйіне қарасын көрсетпей кететіндігі іштей рухы берік жан екенін білдіреді. Жәдігер бейнесі қазақы көрікте шындалған нағыз азаматтың бейнесі. Ал, оның әйелі Бәкизат болса басқа адамға тұрмысқа шықпақшы. Өйткені ол Жәдігерге сүймей қосылған. Өзі ғашық болған Әзім мансаптың соңында жүріп, бұған теріс қарап кетті. Романда Бәкизаттың жан дүниесінің жұтандығы аңғарылып қалады. Қандай жағдайда да күйеуінің беделін сақтау – қазақ әйелінің ежелден қасиет тұтқан әдеті. Ал, Бәкизат болса адал еңбек етіп жүрген Жәдігерді өзінен төмен санап, кемсітіп отырады. Сөйлесе қалса: «Әй, осы сенің ит мінезің-ай», «Сен дені дұрыс кісі болғанда» деген сияқты сөздер шығады.

«Соңғы парыз» – «Сондай бір күн болған», «Сондай бір түн болған» деген екі кітаптан тұрады. Екінші кітаптың соңғы беттерінде Бәкизат басқа кісідей өзгеріп сала береді. Жүрегіндегі жақсысы жаманға, жаманы жақсыға ауысып үлгереді.

Жазушы әйел жүрегіне психологиялық «төңкеріс» жасау үшін әдепкі жағдайдан бөлек тәсіл пайдаланады да, бұл екі рет қайталаанады. Біріншісі – романдағы үштік – Жәдігер, Әзім мен Бәкизаттың жағадан ажыраған сең үстінде қалып қоюы кезінде. Екіншісі – Беларанның арасынан ыққан соң Боз биенің тұмсығына ілігіп барып қайта ажыраған шақта. Кімнің кім екені осы тұстарда сынға түседі.

Әзім ат-көлігі суға кетіп, өздері теңіз толқынында ыққан сеңде қалғанында-ақ естен тана жаздайды. Ол бұл қатерге тап болғанын Бәкизаттан көреді. Бәкизат болса, Әзімді жас баладай қорғаштап, ішікпен қымтап әлек болады.

Екінші жағдайда сең жағаға тұмсығын тіреген кезде, Әзім жалма-жан жан ұшырып жағаға қарай жүгіре жөнеледі. Мұны күтпеген Бәкизат қалшиып, бір орында қатып қалады. Осы арада бұрынғы ерлі-зайыптылар бірін-бірі құтқаруға кіріседі. Бәкизатты қолынан жетелей жөнелген Жәдігер «ажал мен азап – аяқ астынан» дейтін жағдайға тап болады. Байқаусызда суға толы мұз жарығына бір аяғын сұғып алып құлайды. Бәкизат эзер дегенде суырып алғанша, бір аяғы үсіп, сіресіп қалады. Жәдігер

Бәкизатқа: *«Маған қарама, жағаға жет»*, – дейді. Бастапқыда жүгіре жөнелген Бәкизат сеңнің жағадан қайта жырақтағанын бір-ақ көреді. Оның жан дүниесіндегі өзгеріс осы кезде басталады. Әзімнің өзін қиын жағдайға қалдырып кеткеніне, әрі сеңнің жағадан қайта қашықтағанына қапаланғаны сондай, жиегін су шайып жатқан мұзға мінбелеп, әлде не сұмдық іске бел байлайтын қалыпқа енеді. Дәл осы кезде жетіп үлгерген Жәдігер, құлай берген Бәкизатты жұлқа тартып, көтеріп алады. Осы кезден ерлі-зайыптың арасындағы мұз ерігендей болады: *«Бәкизат атып тұрады. Жанарын жапқан аппақ қырау кірпігін алақанымен бір сипап жіберіп, жалма-жан дыбыс шыққан жаққа қарап еді; сөйтсе... мынау шынында да бұның өзі ойлаған Жәдігер екен. Бораған қар үстінде бар дүниеден баз кешіп, өлімге басын байлап жатқан әйелді жалғыз тастап кете алмай, қасында айналсоқтап, аяғын сылтып басып жүр екен. Бәкизат ләм деп тіл қатпай, үн-түнсіз келді де, қолтығынан алды»*. Сол тұста арыстай азаматтың қадірін білмегенге Бәкизат өкінеді. Енді ол Әзімге теріс айналады, тіпті жүрегінен өшіріп тастайды.

Бұл роман адамға да, табиғатқа да тән құбылыстарды, қайшылықтарды көркем әрі шынайы суреттеген туынды. Роман түйініндегі Жәдігердің қазасы, Бәкизаттың жан дүниесінің жаңаруы символикалық суреттеулермен астасып, тың тәсілмен берілген.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму сипатына талдау жасау. Тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерін таныта білу.
2. Ә. Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» роман - диалогиясының даму сипатына талдау жасау.
3. Тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерін таныта білу.
4. Романда суреттелетін Арал қасіреті.
5. Адамгершілік мәселелері.
6. Жәдігер мен Әзім, Бәкизат бейнелерін ашып беру.

Әдебиеттер:

1. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. А., 1975
2. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. А., 1985
3. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. А., 1973

4. Бердібаев Р. Қазақ романы. А., 1975
5. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. А., 1979
6. Бисенғали З.Қ. XX ғ.б. қазақ романы. А., 1997
7. Нұрпейісов Ә. «Соңғы парыз» романы

Тәуелсіздік тақырыбындағы романдар.

Мақсаты: Тәуелсіздік тақырыбындағы романдардың идеясы мен көркемдігін таныту. Мазмұндық – құрылымдық ерекшеліктерін талдау.

Негізгі ұғымдар: кейіпкер, халық тарихы, ұлттық идея, образдар жүйесі, заманауи мәселе.

Жоспары:

1. Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы.
2. Романның идеясы, көркемдігі.
3. Кейіпкерлері. Алдияр Ақпанұлы, Аяған Қуатов тағдырлары. Ж.Әлмашұлының «Оянған ұрпақ» романы.
4. Романның тақырыбы мен идеясы.
5. Оқиға желісі. Кейіпкерлер жүйесі.

Жазушы Баққожа Мұқайдың Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған «Өмірзая» (1998) романы «Бұл еңбегімді қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына арнадым. Автор» деген арнаумен ашылады. Романда екі кейіпкер ерекше көзге түседі. Бірі – «күйіп тұрған заманда Кенесарыны қорғаймын деп күйген «ұлтшылдығы» үшін жеті жыл қараңғы үйде отырып келген қарт профессор Алдияр Ақпанұлы. Екіншісі – профессордың шәкірті, ғылым кандидаты Аяған Қуатов. Бұл енді кегін қуған баласы Сыздық үшін күйеді. Жаратылысынан шыншыл жан шындық десе, ішкен асын жерге қояды. Студенттерге оқыған дәрістерінде біз өз халқымыздың тарихынан гөрі, Рим империясының тарихын жақсы білеміз. Бізге қазақ халқының тарихы керегі жоқ. Өйткені біз құлмыз, – деп ашынады. Бірі ұстаз, бірі шәкірт – екі ғалым Алдияр мен Аяған бейнелері – парасатты адамдардың образы. Олар ел мен жердің, ұлттың намысын жыртқан күрескерлер. Романды «Өмірзая» деп атағанда жазушы Алдияр мен Аяған ұрпақтарының өмірі зая кетті деуден аулақ. Жоқ, олар жоғалған ұрпаққа жатпайды.

Өмірзая – жетім жұлдыз. Бір өшіп, бір жанады. Ол күллі әлемнен теперіш көріп тұрған сияқты. Аяған сияқтылар – Кеңес тәртібінің сыртқа тепкен жетімдері. Жазушы шыншылдықты жалаң көрсетпейді. Оны ұлттық характер табиғатынан туындатады. Аяған қай нәрсені де ұлты, халқы тұрғысынан бағалайды. Романның қай эпизоды болсын, бір идеяның айналасында ашылады. Қазақтың билікке қолы жетпей тұрып, жат елдің қолынан ақиқат, әділет табуы мүмкін емес. Тәуелсіздік – ең қымбат, ең қасиетті байлығымыз деп ой түйеді автор.

«Өмірзая» романы – тәуелсіздік перзенті. Романды кешегі бодан ел турасында жазылған туынды десек те, бүгінгі күнге де арналған. Бүгінге ұлттық идея керек. Роман осы заманның талап-тілегінен туған.

Ұлттық әдебиетіміз тәуелсіздік жылдары ел өмірінің өзгерістеріне жіті назар аудара бастады. Ұлт тағдыры туралы толғану Жолтай Әлмашұлының Қазақстан Республикасының он жылдығына арналған конкурста ынталандыру сыйлығын алған “Оянған ұрпақ” (2002) романында орын алған. Романның сюжет желісі бір топ қазақ жастарының студенттік өмірінен бастап, баспасөзге, ел тірлігіне араласқан жылдарын қамтып, соңы тәуелсіздік туын желбіреткен кезеңмен аяқталады.

Жастардың ортасында сүйіспеншілік, махаббат мәселесінің бірге жүретіні белгілі. Осы оқиға арналарын бйнелуде автор таза, шынайы махаббатты дәріптейді. “Шын сүйіспеншілік ары таза, пәк жастардың арасында болады” бұл сөздерді Алтай мен оның сүйген қызы Меруерт қайталап айтып отырады. Осы жастардың қызу талқылайтыны өздерінің болашағы, өз ұлтының жайы. Жастардың арасында өз қара бастарын ғана ойлайтындары бар. Ал, Алтай, Шаһарбектер халқының қамын ойлаған жолдарында көп қиындық көреді. Желтоқсан көтерілісі кезінде олардың жүректеріндегі ұлтына деген сүйіспеншілік лаулай түседі. Осы көтеріліс кезінде Меруерт шовинистердің соққысынан көз жұмса, Шаһарбек сотталып, камерада көз жұмады. Ол ұлтына жанашырлық танытып, қорғау жолында мерт болды. “Оянған ұрпақ” өкілі Шаһарбек ұлтжанды кейіпкер. Ол Мағжанды, Міржақыпты үлгі тұтады. Қаншама қуғын-сүргінге ұшыраса да, сенімінен, табандылығынан айнымайды.

Романда Кеңестік дәуірдің ащы шындығы кейіпкерлердің іс-әрекеті, мақсат – мұраты арқылы танытылып, гуманизм, адамгершілік мәселелері көркемдік шындық заңдылықтарына сәйкес бейнеленген.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген романдардың тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерін таныта білу.
2. «Өмірзая» романының кейіпкерлер жүйесін талдау.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау. А., 1987
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2005
3. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 1987
4. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 1997
5. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985
6. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 1986
7. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2004

Тарихи тақырыптағы романдар.

Мақсаты: Тарихи романдардағы оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесін дамыту. Халық тарихына жаңаша үңілу. Тарихи тұлғалардың романдағы бейнесін талдап көрсету.

Негізгі ұғымдар: Кеңес дәуірі, аңыздар, архивтік деректер, қаһарман, тарихи тұлға.

Жоспары:

1. Тарихи романдардағы оқиғалар мен кейіпкерлер.
2. Халық тарихына жаңаша үңілу.
3. Тарихи тұлғалардың романдағы бейнесі.
4. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи тақырыпқа арналған романдар жарық көрді. Кеңес дәуірі кезінде шынайы айтылмай, бұра тартылған тақырып арнасы бұл кезеңде тереңдей ашыла түсті. Сондай туындылардың қатарында Рамазан

Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы”, “Қалмұқан Исабаевтің “Серт”, “Шоң би”, Кәдірбек Сегізбаевтың “Беласқан”, Қабдеш Жұмаділовтың “Дарабоз”, Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” (өлеңмен жазылған роман), Ұзақпай Доспанбетовтың “Қызыл жолбарыс”, Хасен Әдібаевтың “Отырар ойраны”, Әнес Сараевтың “Еділ-Жайық”, Тұрсынхан Зәкенұлының “Көк бөрілердің көз жасы”, Жанат Ахмадидің “Шырғалаң” тағы басқа романдарын атауға болады.

Тарихи тақырыптағы кесек туындылардың бірі – Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы. «Дарабоз» роман-дилогиясында қазақ халқының даңқты батыры Қабанбай бейнесі сомдалған.

Қабанбай батыр – ірі тарихи тұлға. ХҮІІІ ғасырда Абылай ханның төңірегінде болған қазақ батырларының ең даңқтысы. Қабанбайдың өзімен тұстас замандастары – атақты батыр жырау Ақтамберді мен Үмбетей жырау өздерінің ерлік толғауларында Қабанбайдың асқан батырлығын тебіреніп айтады. Бұхар жырау қазақ қолының қалмақ ханы Қалден-Серен әскерімен жеті күнге созылған кескілескен ұрысын суреттегенде, Абылайдың қол астында болған қаһарман батырлар ішінен Қабанбайдың бірінші атайды.

Романда халық аузында жүрген аңыздар, архивтік деректер, баспа жүзін көрген кейбір мәліметтер ұтымды пайдаланылған. Олар көркем шығарманың өн бойында шеберлікпен қисынын тауып, табиғи кіріктірілген.

Автор бұл қомақты шығармада бас қаһарманның бейнесін көркемдік биік талап тұрғысынан сомдап тұлғалауды мақсат еткен. Оның өз жерінің азаматы ретіндегі басты ерекшелігі, әрине, қаһармандығы мен отансүйгіштігі.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов Қабанбай батыр өміріне қатысты аңыздар мен шежірелік деректерді, жыр-дастандарды мүмкіндігінше түгел оқып және тыңдап, оларды ой елегінен өткізіп, ойша қорытқанына еш күмән жоқ.

Қабанбайдың романдағы екінші қыры – халық тағдыры шешілетін елеулі шайқастарды асқан әскери стратегиялық шеберлікпен ұйымдастыра алатын мықты қолбасшылығы. Өзінің үзеңгілес серіктерімен бірге Дарабоздың басынан көптеген қиял-

кесті ұрыстар өтті. Ел тағдыры, жер тағдыры шешілетін, тіпті, қазақ елінің келешегі қыл үстінде тұрған қиын сәттердің түйіні осы ұрыс алаңдарында шешіліп жатты. Сол үлкенді-кішілі шайқастардың баршасында да Қабанбай Абылай ханның бас сардары ретінде жол тауып, ұтымды айла-тәсіл, қолданып, дұшпан әскерлерін тоз-тоз ететін ұрыстарды ұтырын тауып, ұйымдастыра білді.

Роман-дилогияда Қабанбай бейнесінің тағы бір қыры – оның топ бастаған көсемдігі, сөз бастаған шешендігі мен ел қамын жеген үлкен қайраткерлігі. Оны әлеуметтік – тұрмыстық мәселелер, пендеге тән күйкі, ұсақ жағдаяттар қызықтырмайды. Ес біліп, етек жапқалы «жерімді, елімді дұшпаннан қалай азат етсем, екен?!» – деген көкейкесті арман қартайып барып, мәңгі көз жұмғанша Қабанбай батырдың өмірлік мұраты болып өтеді. Сондықтан да бүкіл саналы ғұмырын халқының азат болуы үшін сарп еткен қаһарманның тұлғасы дүнауаи майда детальдермен ұсақталмай, бір бөлімнен, бір бөлімге асқақтай түсіп, суреттеліп отырады.

Жыл сайын бүкіл қазақтың игі жақсылары бас қосатын хан кеңестерінде, соғыс жағдайындағы тосын, жедел жиындарда Қабанбай қолбасы шешендікпен көсемдіктің ұтымды үлгісін танытып, ел басқаратын деңгейдегі ірі адам екенінде сездіріп отырады. Осы арқылы Қабанбай тұлғасы әр түрлі тұрғыдан көрініп, шынайы тарихи, халықтық тұлға деңгейіне көтерілген.

Романда Қабанбай барынша ақылды, парасатты, сабырлы да сырбаз мінезімен баурайды. Ол ата қанынан, ана сүтінен бойына сіңген қасиеттер. Дилогияда жазушы оның қарапайым тіршіліктің тоқсан түйінін шешуге де, үлкен азаматтық ерлік сыналар өмір арнасында да алдына қара салмай, қазанаттай күн кешкенін дұрыс пайымдаған.

Өзге батырларға қарағанда Қабанбайдың ерлігімен қоса, рухани бітімі кесек, ақыл-парасаты жоғары, елге деген шексіз махаббаты мен сенімі зор болуының себептері де романда жете зерттеліп, терең пайымдалып, жасынан ел сөзін ұстауы, Төле би, Қазыбек би, Төбен, Боранбай, Бекболат билермен қылаусыз сезім, қимас көңілмен жиі табысып, дүниетанымын байытып отыруы, Бұқар, Ақтамберді жыраулардың жырын жалықпай

тыңдап, оларды ой көсемі, сөз пірі деп танышы, үздіге тыңдауы, ел жақсыларымен тағдырдың шым-шытырық шырғалаңды шақтарында үзеңгілес жүріп, бірге күйзеліп, бірге көсіліп, бірге тебіренетін сәттер арқылы тұнық, жүрегі құнарлы Қабанбайға неге әсер етпесін... Халық қамын тереңірек ойлайтын, адамгершілік, адалдық жолымен ойлайтын адам – ойшыл адам, жақсыны тану үшін парасат керек.

Қабанбайды заманы алып батыр, ойшыл еткен, парасатты еткен, таразының басын тең ұстайтын би еткен. Биліктің барынша әділ көрінісі – оның жаудан босаған жерлерді бірде-бір руға қиянат жасамай бөліп беруі. Бас қаһарманының дара болмысын танытуда қаламгер баяндау мен суреттеудің тиімді үлілерін талғампаздықпен пайдаланған.

«Дарабоз» роман-дилогиясы – халық тарихының маңызды бір кезеңін тарихи тұлға болмысымен тұтастықта ашқан тарихи роман. Қазақтың тарихи тұлғасы, қаһарман қолбасшы Қабанбайдың көркем бейнесін жан-жақты сомдаған роман қазақ тарихи романдарының көрнектілерінің бірі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тарихи романдардың тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерін таныта білу.
2. «Дарабоз» роман-дилогиясының кейіпкерлер жүйесін талдау.
3. Қабанбай бейнесін тарихи мәліметтермен, халықтық жырлармен салыстыру.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015
2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014
7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы.

Мақсаты: Роман-хамсаның мазмұндық, көркемдік сипатымен танытыру. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен салыстыра түсіндіру. Құнанбай бейнесіне тоқталу. Роман композициясын таныту.

Негізгі ұғымдар: роман-хамса, роман-эпопея, кейіпкерлер жүйесі, қаһарманның ішкі әлемі, дүниетаным, өмір шындығы, тұлға.

Жоспары:

1. Романдағы оқиғалар жүйесі.
2. Кейіпкерлері. Абай мен Құнанбай тұлғасы.
3. Кейіпкерлер жүйесі.
4. Романның көркемдік-идеялық мәні.

Жазушы Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” романы 1999 жылы жарық көрді. Ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында жазушы ақын өмірінің барлығын қамтып, туғаннан бастап дүниеден өткен шағына дейін уақыт кеңістігінде, тұтас бір дәуір панорамасын толық көрсетуді мақсат еткен. Қазақ елінің екіталай тағдырын, сол кездегі толғақты мәселелердің өмірге Абай сияқты данышпанды әкелуі заңды құбылыс деген түйін жасаған жазушы ақын өлеңдерінің өн бойында қазақ өмірінің шындығы мен мұңы жатқандығын көрсетеді. Бұл мәселелер төңірегінде тек Абай ғана емес оның тұтастары да болғанын қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов, оның орыс досы Федор Достоевскийдің Семей қаласында бас қосып, заманының келелі мәселелері туралы кеңескендігін көркем тілмен бейнелейді.

Романда жасалған әр түрлі характерлер, олардың әрқайсының өзіне ғана тән көзқарастары, айналаға қарым-қатынасы, дүниетанымы автордың негізгі идеясына қызмет жасап

қана қоймаған, сол заманның шынайы суретін, бейнесін жасауға септігін тигізген.

Р.Тоқтаровтың роман-хамсасындағы кейіпкерлер ұдайы қозғалыста, іс-әрекет үстінде, ішкі-сыртқы қайшылықта, қақтығыс үстінде көрсетіледі және әр қаһарманының ішкі әлемі психологиялық тұрғыда бейнеленеді. Бұл орайда шығармадағы Абай, Шоқан, Достоевский т.б. өнер, шығармашылық адамдарының болмыс-бітімі, рухани жағынан ширатылып, драмалық тұрғыда суреттеліп, талай тағдырлары талқыға түскен заманда өздерін қалай ұстағаны мен болмыс-бітіміне көбірек назар аударылады. Ақын Абайдың осы қиын-қыстау кезеңдердегі психикалық құбылыстары, сыртқы келбетінің кейбір деталь-штрихтарымен қатар алына отырып сипатталады.

Жазушының М.Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себептері де жоқ емес. Біріншіден, романның прологындағы «Ілтифат хат» деп аталатын тұсында ұлы М.Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себебін былай түсіндірген: *«Мұхтар Әуезов “Абай жолы” эпопеясында ақын өмір сүрген дәуір мен оның айналасына күн көзіндегі күшті жарық түсірді. Бірақ “елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” деген сөз бар, енді қайтып айналып келмейтін Абайдың қатпары мол дәуірі санада ол роман бойынша өзгермей сақталғанымен, Абайдың өзі заман озған сайын сан түрге еніп, әр жайда құбылып көрініп, көп сөздеріне уақыт ыңғайымен басқа түсініктер енеді. М.Әуезов Абайдың әрі салса дәуірін, бері салса бір қабат өмірін көркемдікпен шебер бейнелеп берді. Бірақ Абай поэтикасының қуатты көзі, өзінің жұмбақтығы “толық ашылды, шешілді” деп ешкім де тұжырып айта алмас. Мен Абайды жазуға мүлде басқа қырынан келемін»*. Екіншіден, шығармашылық иесі Абай ақынның ішкі жан дүниесін мейлінше ашуға, сол арқылы бүкіл адамзаттың бойындағы қасиеттерді көрсетуге күш салған. Үшіншіден, әр адам Абайды өз танымының елегінен өткізіп барып, бейнелейді.

Ұлы Абай – ұлттық поэзияда реформа жасаған жаңашыл ақын. Ол ақындық әлеміндегі шынайы көркемдіктің ауылы қай жақта екенін өз замандастарына да, келешек ұрпаққа да көрсетіп кеткен ақын. Сол шынайы көркемдікті, бір жағынан өз

шығармасы арқылы көрсетсе, екінші жағынан, өлең өнерінің шартын ақындық тілмен өрнектеп, ұстаздық жолмен насихаттап өткен, сөйтіп соңына тұтас бір эстетикалық, әсемдік мектебін қалдырған ақын.

Абай заманы патшалық отарлау саясаты әбден дүрілдеп тұрған кез еді. Бұл кезде қазақ даласындағы өмірдің патша әкімшілігіне тәуелді болмаған, отаршылдықтың қатал заңына бағындырылмаған бірде-бір саласы қалған жоқ еді. Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметі отарлау саясатының осы кезеңіне тұспа-тұс келді. Әкесі Құнанбай аға сұлтандық құрып тұрғанда, сол әке ырқымен шығарып алынып, ел билігінің шет жағасына араластырылған жас жігіт кейін ел тіршілігінен қол үзе алмай, неше түрлі талас-тартыс пен дау-шардың ортасында қалып қояды.

Ел ішінің не бір күрделі мәселелері қазақтың ежелгі төрелік айту жолымен шешіліп келген әке билігі кезінде әрдайым әділет жағында болып, талай жапа шеккен әлсіздердің қорғанышы ретінде жұрт алдында беделі артып, жақсы атымен танылып қалған ақын ел тағдырының бұдан былайғы тетігі патша әкімшілігінің қолына көшкеннен кейін елдің өткен тарихын, қазіргі тұрмысын, салт-дәстүрін білмейтін, тілі, діні жат билеушілер алдында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар қажет екенін ерекше сезінген еді.

Абай осы зәрулікті түсінгендіктен де ел тіршілігінен бойын аулақ сала алмады. Бірде төреші, бірде би бола жүріп, ел ішінің тыныштығын көздейтін, зорлықшыны тезге салып, жәбірленушінің теңдігін әперетін жерде өзінің ақыл-парасаты мен қажыр-қайратын іркіп қалмады. Сөйтіп жүріп ол халықтың Абайы атанды. Бірақ ел ішінде дүрдараздықтың тамыздығын алып келіп, озбырлық отын маздата түскен отаршылдар саясаты ел ішін бүлдірмей қойған жоқ. Сондай күйзелісті кезеңдердің бәрінде ақын бойына жаңадан рух беріп, туған халқының болашағы үшін қайтадан қайратқа мінгізіп отырған ғаламат күш бар. Ол – даналықтан нәр алған ақындық дарын, биік азаматтық санадан арна тартқан сарқылмас мол шабыт еді.

Міне, осының барлығы жинақталып келгенде, өз заманының барлық шындығын ақындық жіті көзбен көріп, өтімді өлең сөзбен өрнектеп кеткен халық өмірінің шежіресіне айналды. Міне, өнер туын биікке көтеріп, өлең абыройын арттыру бағытындағы Абай тағылымының күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығының дәлелі.

Бірқатар қаламгерлеріміздің «Әуезовтен кейін Абайға барудың не қажеті бар» деген біржақты пікірлеріне ақын Мұзафар Әлімбаев былай дейді: *«Мұхтар Әуезовтің жалпақ әлемге жайылған «Абай жолы» дәуірнамасынан кейін Абай бейнесіне бару – тайғанақ-тайғақтағы тәуекел емес, дәрменсіз дәме де емес, көзжұмбайдың кеудемсоқ өлермендігі де емес, өнериеттегі өжеттілік, талант табандылығы!»*. Идеялық-көркемдік дәрежесі биік реалистік романда ішкі кеңістік әдеби бейнелердің типтік қасиеттеріне, терең психологизміне, компоненттерінің композициялық, стильдік бірлігіне қарай жасалады. Туындыда Абайдың ұлылығын – бүкіл адамзаттық биік дәрежеге көтеріле алғандығын, Абайдың үш-төрт ауыз өлеңінің өзінде көптеген ұлы теңеулер кездесіп отыратындығын дәлелдеген автор ақынның зор тұлғасын шебер беруге талпыныс жасаған. Әсіресе, Абайдың адамгершілік туралы ұғымын жаңа биік сатыға көтеруге, адамзат қауымына үнемі жаңа идеялар ұсынып отырғандығын бүкпесіз жазады. Жазушы Абайдың дәуір озған сайын жұмбағы тереңдей беретін тұлғасына, өмірден не алып, не нәрселерден көбірек қуат алды, айналасында кімдер болды соларды өзгеше қабылдаумен беруге ұмтылды.

М.Әуезов «Абай жолы» шығармасы арқылы ұлы ақын есімін әлем оқырмандарына танытты. Ол – Абайдың ақын-азамат ретіндегі шынайы көркем бейнесін жасаумен қатар, ақын мұрасын жинау, зерттеу, саралау, оларды әр түрлі теріс көзқарастардан қорғап, саф қалпында бүгінгі оқырманға жеткізуде де үлкен қызмет атқарған қайраткер. М.Әуезов өз романында Абайдың дүниетанымындағы өзгерістер мен өзіндік көзқарастардың, өмірлік күрес жолының қалыптасуына тереңнен үңілген және Абай таңдаған жолдың тарихи себептерінің көзін табуға айырықша мән берген.

Автордың бұл роман-хамсасы бірнеше бөлімнен тұрады, алғашқы кітап “Толғақ”, екінші кітап “Жұлдыз құрбандық”, үшінші кітап “Қызғаныш”, төртінші кітап «Хақиқат мекені», бесінші кітап «Нұрсипат» деп аталып, Абайдың балалық, жасөспірім шағынан өмірінің соңғы кезеңдеріне дейін толық бейнеленеді. Осы тарау аттарының өзі романның тұтастығын сақтай отырып, дербес қабылдауға жетелейді. Абай жас шағында-ақ ірі істерге қатысарлық сана-парасаты жетілген, жас жігіттің кемелденгенге дейінгі өмір оқиғалары, естіген, көргендері, өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі, елеулі болмыс-бітімі іріктеліп, шығарма желісіне өрілген.

“Абайдың жұмбағы” роман-хамсаның басында-ақ, Абай дүниеге келген сәт айрықша суреттеліп, жаңа туған нәрестенің өсу жолының өзіндік заңдылықтарын қарт әжесі Зере мүлт жібермегендей:

“- Тіпә-тіпә... тілім тасқа! Алтын тақта отырар айбарым келіпті зой...- деді де сол тұрған жерінде жеңсізінің омырауын ашып жіберіп, жыбыр қағып қозғалған нәрестені кеудесіне баса қойып: - Өзімнің балам... Өзім асырып ер жеткізем... - деп күбірлеп сөйлеп кетті”, - дейді. Абайдың өр мінезі жасөспірім кезінде көріне бастағанын, жанары оттай, өткір, шымыр, шыншыл, дос-жанды, жайдары болып өскенін кейіпкер мінез-құлқын бергенде, өз бойына шақ бояу, өрнектері ашық, әрі үйлесімді етіп суреттеледі.

Жазушы романда Абайдың балалық шағы мен жастық дәуренін алғашқы кітаптарда топтап, есейіп, ес жиған өмір кезеңдерін де әрбір нақтылап, сенімді күрес, тартыс арқылы шебер суреттеген. Бұл романда адам өмірі шығармашылықпен жүзеге асырыла отырып, замана қаһарманын, оның рухани жандүниесін, мақсат-мүддесін, ой-сезімін шыншылдықпен өрнектеп, Абай характерін ашуды биік мұрат тұтқан. Абай өмірдегі өз қалпын сақтап, шынайы сөзін айта алғандай әсер етеді.

Көркем шығармада адам бейнесін мүсіндеудің жолдары көп екені аян. Адам бейнесін айқындайтын көркемдік компоненттердің бірі - портрет. Портрет әр адамның өзіндік сипатын, өзара бітімін танытуға да елеулі қызмет етеді. Сонымен

қатар, портрет – адам характерінің негізгі өзгешелігін де білдіріп отыратын шығармадағы көркемдік компонент. Жазушы ойының түпкі қазығы, кейіпкерге деген оның негізгі көзқарасы, суреткерлік позициясы осы портрет арқылы көрінеді. Шын мәнінде жоғарыдағы Абай бейнесі де бірнеше жерде портрет арқылы есте қаларлықтай етіп мүсінделгеніне куә боламыз. *“Абайдың осындай қақтығыстар кезіндегі орамды тілді шешендігі, әсіресе үлкен отыр екен деп қаймықпай қарсы шабатын түр-тұлғасы тым ерте қалыптасты. Мұндайда төбесінен нұр шалқығандай боп, даусы да саңқылдап ашық-жарқын шыға бастайтын еді. Тегінде адам баласы жарық дүниеге келгенде көзін тырнап ашқаннан не нәрсеге бұрын әсерленсе, ғұмыр бойы соған ұмытылып өтетін сияқты.*

“...Өз көңілі, жүйрік ойы кеудесінен құс болып ұшып шығып, көз жетпес алыс-алыс қырларды бір-бір шолып қайтпай, одан күнделікті тірлігіне лайықты сурет таппай тынымы жоқ. Және өткені, көргені, қазіргісі қосарлана бірге жүріп қызмет етеді. Қай ауылда, кімнің үйінде, соның от басы, ошағының қасында не болып жатқаны оның ойы мен бойында еріксіз бірге өмір сүреді”, - дейді. Бұл роман-хамсадағы Абайдың Сүйіндік қызы Тоғжанға бір көргеннен құлай ғашық болып қалған тұсын суреттеген жазушы қыз портретін: *“Жұқалтаң ақшылт өңді, ұзынша қыр мұрынды, бойын қаққан қазықтай тіп-тік ұстап, жүретін осы қыз оның күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай қойды. Өзімен-өзі оңаша қалған кездерінде шолпысының сылдыры мен күлкісінің сыңғырын құлағынан кетіре алмайды. Нұр шашқан өткір қара көздері қандай әсем еді”*- деп мінез құбылысын, сөйлеу мәнерін, кескін-келбетін шебер танытқан. Романдағы осы портрет-мінеземелерден Абайдың түр-тұлғасын есте сақтап қалуға мүмкіндік жасалған. Келе-келе ақын-азаматтың болыс-билерге қарсы шыға бастағаны, ірі әрекеттерге араласуы нақты оқиғалар негізінде баяндалады.

Бұл тұстардан роман кейіпкерлерінің адамдық, азаматтық және қайраткерлік сипатын тани отырып, Абайдың іс-әрекет үстіндегі шын келбетін, таза табиғатын адастырмай аңғартатын көптеген суреттер бар. Басты бейненің әділдікті аңсағанын, сол жолда жанын аямай қызмет еткенін, “азаматтық, адамгершілік”

деген әдемі ұранның байыбына терең барғанын, аса шытырман, қиын сәттерін де көрсету арқылы автор қаһарман бейнесін білгірлікпен сенімді ашқан. Романдағы Абай мен Шоқан байланысы, әсіресе Шоқан өлімі қазасы қатты күйзелтіп жібергені туралы кеңінен айтылады. Абайдың соншалықты қайғырғанын көрген дос-жарандары да бас айналар бақытсыздық болғанын түсінеді. Бұл туралы жазушы жеріне жеткізе жаза біледі. Оның дәлелі ретінде мынадай түйіндер беріледі:

«Абайдың осы құлазыған сұмдық халінен аз да болса сейілткен – Омбыдағы оқуынан келіп жатқан Халиолла еді. Жүріс-тұрысы, кескін-келбеті Құнанбай балаларының біріне ұқсамайды; жайшылықта бос-болбыр, «қой аузынан шөп алмас» момын деуге де келеді. Қызынып сөйлеп кеткен кезінде гана түсі өзгеріп, ақжарқын, момақан шырайының қаны қашыңқырап, кісіге кешіріммен қарайтын жуасыңқы көздеріне шейін сұрғылт тартып кетеді»,- деп, Шоқанды еске алған тұстарда өңі қаракүреңденіп кететін Халиолла бейнесі суреттеледі. Дүниені, тыныштықты сақтайтын қара күш иесі, әскер де емес екенін, ойшыл адамдар ісі, солардың өздерін құрбандыққа шала жүріп істейтін адамгершілік қаракеттері екенін жазушы осы Халиолланың аузына салу арқылы айтқызады.

Роман-хамсадағы кейіпкерлерге ден қойғанда байқағанымыз - жазушы бейне сомдауға шебер. Жазушы шығармасындағы Құнанбай, Қодар, Кенесары, Абай, Ербол, Зере, Шоқан, Тәттімбет, Алшынбай, Ұлжан, Тоғжан т.б. көптеген кейіпкерлер – өмірде болған адамдар. Автор олардың әрқайсысының жекелеген бейнелерін бере отырып, сол кезде өмір сүрген адамдардың типтік бейнесін жасауды мақсат тұтады.

Р.Тоқтаров туындысындағы жан-жақты ашылған, тұтас сомдалған типтік бейнелердің бірі – Қодар. Бұл бейнені автор: *«Енді, міне, жуан торы атының үстінде өңкиіп, қанын ішіне тарта сұрланып өзі келе жатыр. Бергі қабақтағы қалың қауды қабырғалап өте бере іш киімінен басқасын шешіп тастап, қолындағы жарық-жұрқ еткен бірдемесін ерсілі-қарсылы құлаштай сермеп жүрген еңгезердей зор денелі туысқанын көрді. Қодар – осы. Ол-дағы өзіне қарай тура салып келе жатқан Құнанбайды қиядан шалып, қолындағысын анадай жерге*

лақтырып тастай беріп, белін жазып тұра қалды. Бұл күндері елуді иектеп қалса да әлі жас жігіттей, өн-бойының бұлшық еттері жылтырай тырсия сыртқа теуіп тұр», - деп бейнелеуіндегі Қодар Құнанбайдың қандасы, әрі елдің бетке ұстар азаматының тұлғасы. Романның тағы бір тұсындағы Қодар портреті: «Қайын атасы Қодар бір отырғанда бір мес айран ішеді. Оны ішіп алмаса, басқа тамақты шақ келтірмейді. Есік алдында тот басып майысқан темір сүймен жатушы еді, соны қыр арқасына салып тұрып түзегенін көзімен көрген. Қорадан шықпай қойған ауру құнажынды жалғыз өзі астына кіріп, иығына сап көтеріп алып шықты. Тілі мірдің оғындай, бұрын ашуы келгенде болмаса, сөйлемейді екен. Сөйлей қалса нені болсын жұмбақтап, мәнерлеп қайырады» - деп, Қодар жаугершілікте те көп ерлік көрсеткенін, айналасына қараулық көрсетуден жұрдай қарапайым адам болғаны нанымды суреттеледі. Қодардың ел сырын жақсы білетіндігі, мәтелдете сөйлейтін шешендігі де көрінеді.

Р.Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман-хамсасындағы бейне жасау тәсілдері, көркемдік құралдар мен суреттеу, бейнелеу құралдарын байыптай келгенде түйгеніміз, сөз қоры, сөйлем құраудағы амал-тәсілдер, ой өрнектілігі, көркемдеу құралдарын қолданудағы үйлесімдер, алдағы уақыттағы өсер, өркен жаяр дәстүрлер кеңінен қамтылды. Жазушының өмірді көркем нақышпен бейнелеуі, образдылық, портрет жасаудағы шеберлігі Абайды арқау ете отырып, қазақтың басқа да халық сыйлаған қадірлі азаматтарын тарих саханасына шығарып қана қоймай, келешек ұрпақ санасында осы ұлылардың бейнесін қалдыруға ұмтылуына қуануымыз абзал.

Абай Құнанбаев – тарихи адам, осы тарихи адам өмірінің реалды шындығын жазушы өз ортасынан оқшаулау адам екенін танытар қаһармандық қасиеттерімен әрлейді. Ол қиын-қыстау кезде де, қуанышты сәттерде де, алғырлығымен, тапқырлығымен, байсалды мінезімен көрінеді. Адам бойындағы ақылдылық, сабырлылық деген ұғымның шекарасы, ақиқат мәні қандай деген сауалға осы бейне орнықты жауап бере алатындай. Автор Абайға өзі мінездеме беріп жатпай, басқа бейнені сөйлету, ойланту арқылы оқиғаларды ұтымды дамытады. Халық арасында

білім мен парасат таратушы Мұса Шормановтың Абайға деген көзқарасы роман-хамсада былай беріледі: «Мұса Абайдың сөйлеген сөзінен гөрі, айналасына нұр жаудыра қарайтын қарашықтары өткір, марғасқа жүзіне қарап іштей сүйсініп, шексіз риза болып отырды. Орта жүздің ғана емес, бар қазақтың төбесінен шалқып тұтанғалы тұрған шамшырағы секілді, тағдыр оны осы кесапат халге дүниеге атын шығару үшін әдейі душар етіп қойғандай екен.

Абайды ол алғаш жиырмадан жаңа асқан балаң жігіт кезінде көріп еді, ондағы түрінен өзгермегені – әсем қиылған қызғылт еріндері мен төңірегіне нұр шаша қарайтын жарқырауық үлкен көздер. Одан бергідегі өзгерісі – шықшыт сүйектері, мойны-басы етейіп, мұрнының дөңі ұлғая, сақал-мұрты ұзара қалыңдай түсіпті. Бұл көргенде, жасында ол қараторылау сықылды еді, қазір толысқандыкі ме, екі бетінің ұшына иман үйіріліп, кең маңдайы қақтаған күмістей теп-тегіс жазылып, дүйім ажары сыртына біте ақшыл-күрең тартыпты» – деп екінші біреуге әңгіме айтқызу арқылы кейіпкердің қиыншылықтарды жеңу жолындағы істерін суреттейді. Бұл орайда жазушы тек қана Абай бейнесінің ғана емес Михаэлис, Шәкәрім, Шоқан, т.б. болмыс-бітімін, рухани жан-дүниесін, талай тағдырлары өзгіріске ұшыраған тар кезеңдеріне көбірек назар аударған тұстары кездеседі. Жазушы кейіпкерлерінің осы тұстағы психикалық құбылыстарын тірі қозғалысымен, сыртқы портретінің кейбір деталь-штрихтерімен қоса-қабат алып суреттейді. Абайдың Әбіш қайтыс болғанда оның алыс бір қияда көз жұмғанын, ең қуатты тамыры үзіліп кеткенін жазушы шебер суреттеген. Осы мезгілсіз хабарды естігендегі Абайдың ішкі жан құбылысы былай берілген: *«Абайдың оны естігенде жылаған да, артық күйінген де жоқ. Құлама жар жиегіне келіп қалғанын жаңа байқаған жандай, алдына үңіле қарап тұрып қалыпты. Әлдебіреулердің сабырлық тілеп көңіл айтып жатқандары жар астындағы бас айналар сол терең шатқал табанынан талмаусырап жетіп тұр»,* – деп жылаулы жұрттың жұбатуын да, көңіл айтуын да тілемеген Абайдың үмітінің ең қараңғы түбіне жаққан жалғыз шырағының сөнуді осылай бейнеленеді.

Соңғы жылдардағы романдарында қаламгер қазақ қоғамына еңбегі сіңген қайраткерлер туралы осы тарихи тұлғалар характерін жасау үшін сол кезеңдегі тарихи жағдайды, әлеуметтік ортаны терең зерттеп, әрқилы тарихи материалдарға үңіліп, осы қоғам қайраткерлерінің толық бейнесін жасап шығарған. Абайдың азаматтық, күрескерлік, мәмілегерлік рухына қатысы бар, саяси-әлеуметтік оқиғаларды жинақтап, іріктеп алу жағы сәтті шыққан. Әр қилы тарихи оқиғаларға, халық аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, Абайдың ішкі жан-дүниесі, адамгершілік парасаты, мәмілегерлік саясатындағы қалтарыстарға қатысты тұстарды орынды және осы әлеуметтік оқиғаларды іріктеп, жинақтауда да ұқыптылық байқалады. Шығарма соңында: *«Абайдың айтатыны да осы: «Басыңа һәм өзіңе өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс»,- деп. Өзгеден артылам, өрлігімді танытам деп нәрсіздікке, арсыздыққа баратынын айтып ескертіп отыр. Өзіңе сақтық, қатаң талап, өзгеге аяушылық пен мейірім керек. Тірлігіңде сүйенген, сенген дәуреніңді жалған етпесін. Оны жалған ететін болса, кеңшілігі тәңірден ғана күтілсін. ...Осы деп білеміз біз – адамзатқа мирас Абай тағылымы»,- деп қорытындылап, халқының бүгінгі рухани өміріне қатысты өткен замандағы тарихи шындықты жастарға айтып, түсінікті етіп бедерлеген.*

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Романдарды салыстыра білу.
2. Өткен замандағы тарихи шындықтың танытылу жолдарына талдау жасау.
3. М. Әуезов және Р. Тоқтар романдарындағы кейіпкерлерді, оқиға желісін салыстыру.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015
2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014

7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Мемуарлық шығармалар.

Мақсаты: Мемуарлық шығармалар туралы теориялық тұжырымдарды саралау. З. Қабдоловтың, Ш. Мұртазаның, М. Мағауиннің, Қ. Жұмаділовтің мемуарлық шығармаларының әдеби дамудағы ролін түсіндіру.

Негізгі ұғымдар: мемуарлық шығарма, роман-эссе, замана шындық, тарихи бетбұрыс, жанр, сөз өнері.

Жоспары:

1. З.Қабдоловтың “Менің Әуезовім” роман-эссесі. Әуезов тұлғасы.
2. Романның стилі, көркемдігі мен тілі.
3. Ш. Мұртазаның “Ай мен Айша” роман-эссесі. Замана шындығының бейнеленуі.
4. Роман-эссенің құрылымы, тілі, көркемдік сипаты.
5. Айша бейнесі. Романдағы Барсхан.
6. М.Мағауин. “Мен”. Қ.Жұмаділов. “Таңғажайып дүние”, т.б.

Қоғамдағы тарихи бетбұрыстар кезеңінде әдебиетте мемуарлық, естелік, өмірбаяндық жанр түрлерінің қарқынды дамитыны белгілі. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары елімізде кеңес өкіметінің орнауы, қазақ елінің автономияға ие болуы С.Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” атты көркем мемуарын туғызды. Енді бар болмысымен жаңғырған жанр түрі тәуелсіздік кезінде де өрлеу үстінде болды. Жазушы Зейнолла Қабдоловтың “Менің Әуезовім” атты роман-эссесі (1997) соңғы жылдардың үздік шығармасы ретінде Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бұл жанрда Шерхан Мұртаза, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Қапан Қамбаров секілді қаламгерлер де шығармалар жазды.

З. Қабдолов романының кіріспе тарауы “Романға барар жол” деп аталады Роман-эссе – бұл сыр тарқататын дүние. Романның “Менің Әуезовім” деп аталу себебі автор кейіпкерінің өмірі мен шығармашылығын тұтас қамтуды мақсат етпеген. Мемуардың тәсілі - нақты материалға, көрген-білген жайттарға сүйене

отырып толғану. Мақсаты қолдағы материалын өз түсінігі, дүниетанымы тұрғысынан екшеп, көркем бейне арқылы беру, өмір құбылыстарын жан-жақты терең талдап, суреттеу, жинақтау. Автор роман-эссесінде М. Әуезовтің қасында жүргендегі көрген-білгені, сырласқан сәттері арқылы жазушының кемел шағындағы келбетін көз алдына әкеледі. Туындының “Романға барар жолда” деген кіріспе бөлімі: *“Менің Әуезовім... өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезовім” деп аяқталады. Автор роман-эссенің баяншысы да, кейіпкері де. Шәкірті Абай өлеңін мүдірмей жатқа айтып тұрып, бір сөзден мүлт кетеді. Ұлы ақынның “Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма” деген тармақтағы “мыңмен” дегеннің орнына “көппен” деп ауыстырып жібереді. Сонда ұстазы “Абайды жападан жалғыз бүкіл халықпен айтысты деуге қалай аузың барып тұр” – деп, ашу шақырады. Шәкірті төбеден ұрғандай сілейіп қалады. Осы ұтымды деталь арқылы мемуар авторы сөз өнеріне, ақынға деген талаптың жоғары болу керектігін еске салады.*

Сөз өнерінің роман проблемасына айналуы шығарманың жанрлық келбетіне ерекше реңк береді. Автор ішкі монологқа беріліп, бас кейіпкер М.Әуезовтің өмірбаянына, пьесаларына, әңгімелері мен эпопеясына талдау жасап, сол арқылы Әуезов сөзінің ғибраттарын ашады. Эпопеядағы Тоғжан, Шүкіман, Әйгерім бейнелеріне айналып соғып отырады.

Роман-эсседе ұлы Әуезовтің өмір өткелдері оның туындыларымен үндес өріліп, суреткерлік, адами болмысы қатар жарасым тапқан.

Жазушы Шерхан Мұртазаның “Ай мен Айша” романы (2000) – мемуар жанрының ішіндегі шоқтығы биік туынды. Ш.Мұртаза аға буын өкілі Ғ.Мұстафинге ұқсап, шығармасының бас қаһарманын өз есімімен атамаған. “Көз көрген” романында Ғ.Мұстафин кейіпкерін Сарбала десе, Ш.Мұртаза Барсхан деп атаған. “Ай мен Айша” романының суреттейтіні - Кеңестік дәуір, сол кезеңнің адам атаулыға жатбауыр болмысы. Кейіпкері -

шәкірт, болашақ жазушы. Кешегі соғыс кезіндегі қиын-қыстауды бастан кешуші. Шығарма сан салалы ұсақ әңгіме, новеллалардан құрылған да, бұлар роман сюжетін тұтастырады. Роман композициясы сатылы: баланың есею жолымен тығыз байланыста беріледі. 1937 жылдың мамыр мерекесі. Той қызығын тамашалап жүрген бес жасар Барсхан әкесінен адасып қалып, жанұшырып келеді. Әкесі Мұртаза өзін далаға тастап кеткен екен деп ойлайды. Өзін шыңырауға құлап, әрең дегенде жер бетіне шыққандай сезінеді. Алайда нағыз шыңыраудың қандай болатынын ол кейінірек біледі. Мінген пойызы Тескен тау туннеліне кіріп бара жатқан (“Шақпақтың желі” новелласы). Жан дәрмен етпетінен құлай кетеді. Ағызып келе жатқан пойыз үстінде тік тұрған қалпында әлдене қанатымен қағып өтіп: “Жат!” дегендей болады. Осы күнге дейін есіне түссе, зәре-құты қалмайды. Періштесі қақпағанда... бітер еді.

Барсхан бейнесі қырғи құстың тырнағына ілініп қалудан сақтанып, бұғып жүрген торғайды елестетеді. Алатаудай арқа сүйенерінен айырылған отбасының - Барсханның, анасы Айшаның соғыс жылдарындағы, одан кейінгі тіршілігі, “халық жауының” жесірі мен жетімнің тағдыры суреттеледі. Кішкентай баланың басынан кешкенінен, көрген-білгенінен дәуір тұлғасының суретін жасау оңай емес. Кешегі Барсхан мен бүгінгі Шерхан. Екеуі де естелік кейіпкерлері. Соңғысы – қазіргі кемел қаламгер. Оқиғаның өңін айналдырмай, сол кездегі тірліктің болмысынан ауытқымай шыншыл түрде бейнелейді.

Романдағы ең бір ұнамсыз кейіпкер – Тастемір, заманының тасбауыр адамы. Ол “халық жауының” отбасына тізесін батырады, жәбірлейді. Осындай қорлығына шыдамаған он екі жасар Барсхан Тастемірді айырмен түйреп тастай жаздайды. Сотталып кететін болған соң, жан сауғалап алыстағы туыстарын паналайды. Анасы Айша көрген қорлығы мен бейнетіне мойымаған, қайратты жан. Сонда мұншама күш, жігерді анасы қайдан алды? Оған бауырындағы балаларын өсіріп, адам етуге деген арманы, төзімділігі жәрдемдеседі. Кешегі кішкене

Барсханнан бүгінгі Шерханға дейінгі аралықты өскен тұлға осы мейірімнен, қайраттылықтан нәр, жігер алады. Романда адам бойындағы өмірге, жақсылыққа деген құштарлық қандай да күштен жоғары деген ой түйіні беріледі.

Ш. Мұртазаның “Ай мен Айша” роман-эссесі – жазушының балалық шағы, басынан кешірген тағдыры туралы. Оны өмірбаяндық роман деуге де болады. Бірақ, бұл роман ондағы басты кейіпкер Барсханның ғана өмірі емес, Барсхан сияқты мыңдаған адамның өмірі. Барсхан – жазушының әдеби бейнесі. Ш. Мұртазаның бұл туындысы оқырмандар арасынан өзінің бағасын алып, 1997 жылы “үздік роман” деген атаққа ие болды.

Шығармада оқиғалар желісі шағын тақырыптарға бөлініп баяндалады. Бұл оқиғалардың барлығы жинақтала келіп тұтастай бір заманның бейнесін танытады. Роман « – Сен қайдан келдің? – дегенде бір данышпан: – Мен балалық елінен келдім, – деген екен», – деген сөздермен басталады. Автор сол балалық еліне сапар шегіп, қасіретті мен қақтығысы көп кезеңге тап келген балалық шағын сөз етеді. Әкесі Мұртазаны «халық жауы» деген жаламен ұстап әкеткенде Барсхан бес жаста ғана еді. Міне, сол кезден бастап үлкен өмірмен бетпе-бет келу, басқа түскен қиындықтар; жетімектерін жетелеп, жарының қайғысын азалаған Айша ананың қасіреті мен қайраты романның өзегіне алынған.

Романда ұлттық мінез бен болмысқа ерекше мән берілген. Халқымызға тән ұлттық ерекшеліктер, ғасырлар бойы қалыптасқан салт пен ғұрыптың, ырым мен тиымның қастерленуі роман кейіпкерлерінің сөздері мен істерінен анық көрінеді. Қазақ прозасының көркемдік табыстарының бірі болып саналатын шығарма оқиғасына аңздар мен ертегілерді енгізу болса, Ш.Мұртаза бұл романында «Қоңыраулы еліктер», «Жалаңаш қасқыр», аңыздарын жаңғырта отырып, адамгершілік құнды қағидаларды алға тартады. Аңыз оқиғалары Тұрар Рысқұлов туралы романында да шығарма мазмұнына кіріп, кейіпкердің психологиялық ахуалы мен арман мұраттарын танытуда маңызды орын алғанына «Шолпан кебіс» аңызы дәлел. Қазақ

әдебиеті тарихындағы «Тар жол, тайғақ кешу», «Өмір мектептері», «Орындалған арман», «Көз көрген» сияқты ғұмырбаяндық романдар қатарында «Ай мен Айшаның» алар орны ерекше.

Мемуарлық романдар қатарында М.Мағауиннің “Мен” роман-диалогы да ерекше орын алады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Мемуарлық романдарды салыстыра талдау.
2. Ш. Мұртазаның “Ай мен Айша” роман-эссесі.
3. М.Мағауин “Мен”, Қ.Жұмаділов “Таңғажайып дүние” шығармаларындағы кейіпкерлер жүйесін таныту.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015
2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014
7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Дүрбелең жылдар шындығының бейнеленуі.

Мақсаты: Шет елдердегі қазақ әдебиеті туралы мағлұмат беру. Тарихи оқиғалар шындығының бейнеленуі. Деректілік пен көркемдік. Қ.Шабданұлы романының тақырыбы, көркемдігі, стилі туралы түсіндіру.

Негізгі ұғымдар: шет ел қазақтары әдебиеті, қапаста туған әдебиет, саяси күрес, қайшылықтар бейнеленуі.

Жоспары:

1. Жазушы Қажығұмар Шабданұлының (1924-2011) «Қылмыс» романы.
2. Романның көркемдігі, құрылымы, тақырыбы мен идеясы.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы адамзат қоғамына соны өзгерістер, санаға саяси-әлеуметтік, тарихи-танымдық

сілкіністер әкелді. Нәтижесінің оң-солын, дұрыс-бұрысын тануға саясаткерлер, ғалымдар және суреткерлер ұмтылыс жасауда. Тарихи және рухани сілкіністің салдары мен себебінің нәтижесінде қазақ халқы да өзінің тарихи негізді ұлттық құндылықтарын тануда, зерттеуде өзгеше құлшыныс танытты.

Роман жанры туралы айтқанда, оны салыстырмалы-тарихи талдау принципі тұрғысынан зерттеген орыстың аға буын зерттеушілерінен В.М.Жирмунский, Н.И.Конрад, М.П.Алексеев, Г.Н.Поспелов, М.Б.Храпченко, И.Ф.Волков, П.А.Николаевты, сол сияқты шетел зерттеушілерінен А.Дима, Д.Дюришин, В.Ничева және тағы басқаларын атауға болады. Бұл зерттеушілер романның мазмұн формасын, жанрлық ерекшелігін, кейіпкерлер жүйесі мен құрылымдық жағын қарастырды. Соның ішінде романның құрылымдық жағы басты назарда болды. “Құрылым” ұғымы әдебиеттануға байланысты зерттеулерде жиі кездесетініне қарамастан, әлі қалыптасу үстінде.

Терминологиялық нақтылыққа жету кезінде, бұл өткен ғасырдағы зерттеу еңбектерде көп кездесетінін байқадық. Ол ғылыми категория ретінде және философиялық ұғымға ие болу жағынан өткен ғасырдың елуінші жылдарында қалыптаса бастады. “Философиядағы жаңа категория ретінде құрылым ұғымы алынды”, - деп жазды О.С.Зелькина. Ғалым-философтар бұл ұғымды әр түрлі философиялық категориялар – элемент, тұтастық, функция (қызмет), жүйе, мазмұн және форма түрлерімен қатынаста қарастырады. Солардың ішінде құрылым және жүйе қатынасы мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. “Құрылым ұғымы жүйе түсінігімен неғұрлым жиі қатынаста қолданылады, сөйте тұра, әдебиетте екі ұғымның бірлігі туралы бірізді көзқарас жоқ. Тек, біршама қалыптаса бастаған пікір құрылым жүйесінің кейбір аспектілері болып табылады дегенге саяды. В.И.Свидерский құрылымды “элементтер арасындағы қатынастар жүйесінің заңдылығы, – дейді. Зерттеушілер В.В.Агудов пен М.Хасанов құрылымда тұрақты байланыстың сақталатындығын айтады. Яғни, романның жанрлық құрылымы мәселесі бізді оның әр түрлі элементтер жүйесінен тұратын тұтастығын қабылдауға жетелейді.

Роман жанрын зерттеуші ірі ғалым А.В.Чичерин: “құрылымдық категория мазмұндық сипатқа ие, ал мазмұндық категория құрылымдық формада көрінеді” дейді. Бұл әсіресе, мәтін тұтастығын беретін – романға тән. Роман жанрының даму және зерттелу тәжірибесі көрсеткендей, оның проблемасы көркемдік материалдың ұйымдасу ретінен туады.

Қазіргі жанрлар теориясында романның басқа жанрлардан ерекшелігі анықтала түсуде. Өз кезінде әдебиеттанушы М.Бахтин “басқа жанрлардың арасынан “берік формадағысы – роман” деп таныған жанр, бүгінде құрылымдық, көркемдік жағынан толысты. Романның жанр тудырушы факторлары – сюжеттік-композициялық жүйе, уақыт пен кеңістік, баяндау – шын мәнінде бұл жанрдың көркемдік құрылымын жан-жақты ашып берді. Көркем мәтін – тұтас құрылым болса, оның ішінде роман көпүнді тілдік құбылыстардың жиынтығы. “Роман – бұл көркем түрде ұйымдасқан, әр түрлі әлеуметтік көпүнділік арқылы заттық-танымдық өмірді суреттейтін жанр”.

Қажығұмар Шабданұлы қайсар рухты, тағдыры күрделі қаһарман қаламгер. Тоқсанға толған ғұмырының жартысын Қызыл Қытайдың қанды шеңгелінде өксікпен өткізді. Жазушы Қ.Жұмаділов: “Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінің өзгеге ұқсамайтын бір ерекшелігі, онда “түрмеде туған әдебиет” деп атауға болатын шығармалардың тұтас бір шоғыры бар. Шыңжаңда “түрме туындыларының” негізін қалаған – Таңжарық ақын. Алты жыл (1940-1946) Үрімжі түрмесінде азап шеккен Т.Жолдыұлы шығармаларының жетпіс пайызын түрмеде отырып жазған. Арада жарты ғасыр өткенде оның жолын Қ.Шабданұлы жалғастырды. Өлеңнің жолы жеңіл, камерада бірге жатқандар жаттап алып, халыққа жеткізіп отырған. Ал қарасөзден тұратын романдар циклін тілдей қағаздарға ұсақтап жазып, біртіндеп сыртқа шығаруды құдай басқа салмай-ақ қойсын”, -деп бұл шығармашылықтың ерекшелігін аша түседі. Шындығында да түрмеде өткен қанша ғұмыр өлеңмен, әнмен, хат немесе күнделікпен, көлемді туындылармен суреттелді. Бұл шығармалардың көркемдігі, шынайылығы терең болды. Түрме жағдайының өзі адамның шығармашылық мүмкіндігін кеңейтіп те отырғандай еді. Себебі, шығармашылық бағдар, алдын ала

құрылатын жоспар жасаудан тыс, бақылап-байлаулы тірліктің жазалауға бейім жағдайында бар мүмкіндікті пайдалана отырып, болғанды сол күйінше қағазға түсіріп алудың өзі үлкен олжа еді. Сондай өзгеше ортада туған шығарма – “Қылмыс” романы.

Зерттеуші Т.Жұртбай “Тағдырлы туынды” деген аңдатуында: “Тұмысы бөлек, тағдыры оқшау, күрделі көркем ойлау жүйесі тосын әрі байырғы классикалық баяндау мәнерінде жазылған “Қылмыс” романы – қазақ сөз өнеріндегі құбылысты шығарма. Мұнда қадымнан тартылған көшпелілер әлемінен бастап ХХ ғасырдағы тағдырмен тістесе күрескен қазақ ұлтының тауқыметті тіршілігі психологиялық ішкі тартыс арқылы шынайы бейнеленген. Шығарманың көркем мәйегі түрмеде ұйығандықтан да, жазушының тістескен тағдырларды тістене отырып жазғаны әр сөйлемнің ширатылысынан анық танылады. Көркем кеңістік пен тарихи уақыттың ара-жігіне желі тартқан өмір шындығы мен көркем шындық, туындының болмысындағы табиғи шынайылық пен астарлы емеурін, эпикалық тыныс пен ызалы мысқыл, қалыптасқан сөз тіркестері мен тосын тіркестер, қазақы қара тілден қорытылған күрделі ойлау жүйесі бапсыз таланттың тағдырымен жағаласқан қайсар рухының көркем тұжырымы екені даусыз”. Міне, осындай сипаттағы туынды авторының тағдыры да оқшау, өзгеше. Ол: “Бір ұлттың әдебиеті деңгейімен өлшесек те, әлемдік әдебиеттің өре-өлшемі тұрғысынан қарастырсақ та, аса зор суреткер. Ірі жазушы. Әдебиет сыншысы, аса білімді азамат. Мұрат Әуезовтің Альбер Камюмен салыстыруы да тегін емес”.

Жазушының “Қылмыс” романы суреткердің көркем өмірбаяны ғана емес, халықтың өмірбаяны. Қазақтың ғұмырбаяны: қазақтың мінезі, қадір-қасиеті, көз жасы, кемшілігі, ерекшелігі, бағы, соры, елдігі, алабөтен сезімталдығы, сонымен бірге, сенімпаздығы, айырықша кірпияздығы, сонымен бірге көнімпаздығы... Бәрінен бұрын “Қылмыстың” әдеби формасын айтсаңызшы! Бұл жөнінде Қ.Жұмаділов: “ Жазушы және түрме. Қалам мен қапас. Әдетте сыйыспайтын-ақ ұғымдар. Екінші жағынан қарасаң, таңданатын да ештеңе жоқ сияқты. Империяға күні қараған кіріптар, бодан елдің өз ұлтын сүйген, азаткер зиялысы абақтыда отырмағанда

қайтушы еді. Ресей империясында барар жерің итжеккен, Сібірдің ақырған аязы, ит тұмсығы өтпес тайга орманы... Ал Қытай қағанатында ондай суық Сібір жоқ. Оның есесіне Тарым бойлаған Такламакан шөлі бар. Саясыз, панасыз, жалаңаш шөл. Алпыс градус аптапта ұшқан құстың қанаты күйеді. Сібірде азап болса, Тарымда тозақ. Жазушы Шабданұлы жаза мерзімінің аттай жиырма жылын (1958-1978) осы Тарым лагерінде өткізді.

Қ.Жұмаділов тағдыры да, шығармашылығы да өзгеше, уақыт пен жағдайдың ырқына бағынбай ғұмыр кешкен қаламгердің болмысын аша отырып: “Ең ғажабы Қажығұмар өз шығармасына осынша ұзақ уақыт, сан алуан оқиғалар сыйып кетерліктей форма тапқан. Бұл да Батыстың емес, автордың өзі жақсы білетін Шығысының шарапаты. Жол нұсқаған сол баяғы “Мың бір түн”. Ежелгі араб ертегісінде “Ей, ұлы бақытты патшам!” деп басталатын Шаһаризаданың бірінен бірі өткен хикаялары болмаушы ма еді. Мұнда да сол сияқты. Әр тараудың басында автор “Ей, менің тергеушім!” деп қайталап отырады”, -деп шығармасының құрылымдық-стильдік өзгешелігін ерекшелей кетеді. Автордың ұзақ жылдарға созылған қамаудағы ғұмыры романның өзегіне айналған. Соншалықты пешенесіне түрменің азабы жазылатындай бұл адамның қылмысы не еді? Адамның бір басына тән жазықты болудың өлшеулі уақыты бар емес пе? Автор романы арқылы адам баласының тағдыр-талайына жазылған ғұмыр жайлы толғанады, баға береді. Мұның бәрі жеке адамның - автордың басынан өткен өмірі арқылы ашылады.

“Өзіме таныс темір қақпақ пен шойын құлып шарық-шұрық ете түсті. Қап-қараңғы, терең ұрада жатқан мен елеңдеп басымды көтеріп алдым. Жүрегім де әлдебір шойын темірге соғылып, шақылдап кеткендей болды. Тұла бойымды түршіктірген қатер мен күдіктің мұздай суық желі сумаң қақты.

Занды түрмеде жатқан адамдар мұндай тосын іске кезіккенде елеңдесе де, жүрегіне мұз ине шаншылғандай болмай, үмітпен елеңдеп, кейде жылы самал тигендей бір сезімге келетін. “Босатып жіберер ме екен” дегендей жақсылық күтетін. Менде мұндай үміт сезімі мүлде жоқ еді. Өйткені, жатқан ұрам – Хұнуибеннің зындан деп аталған “абактысы”. Ал өзім ғой, тісті қақпандай тырп еткізбес талай алыпсоқ жаламен қамалған ең

қатерлі әрі “тергеуі” бітпеген, біткенді қойып “қылмысы” үсті-үстіне жамалып жатқан “қылмыстымын”. Романның басындағы осы бір аңдатуды оқығанда қылмысын мойындап, өзін қаралап отырған адамның болмысына таңқаласыз. Тек әрі қарай оқу үстінде ғана сіз кейіпкер баяндауындағы астарлы ойды, кереғар мағынаны ұғасыз. Бір адам жеке-дара тұтас қоғамға қауіп тудырмайды. Кез келген қылмыстының тергеуден соң айыбы мойнына қойылып, жазасы кесілмейтін бе еді? Ал, мұндағы үсті-үстіне жамала беретін неткен қылмыс? Сөйтсе, бұл кәдімгі заң жүзінде дәлелдеп, кесіп-піше салатын қылмыстан да терең екен.

Романның алғашқы екі кітабы түрмеде жазылған. Бұл дүниежүзі тарихында бұрын-соңды болмаған құбылыс. Жазушының теңдесі жоқ ерлігі. Роман жанры жағынан мемуарға жатады. Алайда шығарма жеке адамның өмірімен шектелмейді. Шыңжаң қазағының жартығасырлық тарихын қамтиды. Бүгінгі ұрпақ ұлттық езгінің не екенін, отаршылдық зорлықтың небір түрін осы романның білетін болады” делінген туындының түсіндірмесінде. Романды оқу барысында кейіпкердің “қылмыс” деген ұғымның аясындағы баяндап отырған дүниелері қалыпты мағынадан мүлдем аулақ екенін ұғасыз. Сөйтсе, адамның пешенесіне жазылатын тағдырдың өзі, оның қандай болмағы, сенің бақ иә сорға кездесетін өміріңнің өзі “қылмыс” екен. “Әділетті “тергеушім”, ақ-нақақты адамзатта сіз ғана айырап деп сенемін. Осы үлкен шешемнің өзі құрсағынан шыққан балаларын зар қақсатып, ләм демей рақымсыз ызғарлы күйінде кетуін қарашы, не деген тас бауыр еді! Кішкенелерін есіркемей, тым болмаса, маңдайынан ақтық рет бір сипамай, бір жібімей, тас болып қатып, панасыз, иен құмға тастап кетуін қарашы!.. Неткен рақымсыз қылмыс!”.

Өзінің ауыр жағдайын түрмеге теңеген автор: “Құрметті “тергеушім”, мен кішкентай кезімнен-ақ түрмеде-кебежеде өскен қылмыстымын. Зор қылмысты болмасам сол кезден-ақ қамалар ма едім? Қазіргі қылмысымның түп тамыры менде әзелден-ақ бар екен. Шешемнің емшек сүтімен бітіп, бұлшық еттерімнің талшықтарына айналып кетіпті. Бұл қылмыс сол кездің өзінде-ақ мені жақсы киімнен, жорға тайдан жұрдай етіп, әкемнің жыртық тоны мен кебеже түрмесіне қуып тығыпты ғой!”, деп әу бастан-ақ

өмірдің ауыртпалығында, жоқшылықтың тұтқынында өскенін айтады. Бұған тағы да мәтіннен дәлел келтірейік: “Үй дегеніміз қуыс үңгір болып қаңырап қалғандай сезілді. Ойнауға зауқымыз болмай, бүрісіп-бүрісіп отырып қалдық. Күн бата кәрі әжеміз үнсіз жылап, бәріміздің бетімізден сүйді. Қош, әжетайым! Кешіре гөр! Өлер шағыңызда қасыңызда болу қолымыздан келмеді. Бақыл бол, әже!” Бір отбасының тіршілігі екіге жарылып, көзі тірісінде бақұлдасып, қоштасу да тағдырдың бір сыны еді. “Дүниеге адам алғаш келгенде күле келеді, Қылмысты да, қылмыссыз да күле келеді. Одан кейін ақырындап қорқу мен қорқыту сатысына көтеріле бастайды”. Адам тағдыры әрқалай өріледі. Кейде зауалға ұшыраған адамды сол ортаның өзі жұбатады. Адам қалыпты, бостан тірлікті аңсай отырып, оның тым алыста екенін сезеді. Сондықтан да өзі тап болған мехнаттан пана табуға, соны қорғаныш етуге ұмтылады.

Әрине, адам баласының дербес қабылдау жүйесі үнемі қоғамда орныққан құбылыстармен үндесе берген жоқ. Өз кезінде Шәкәрім:

Мен өтермін, кетермін,
Жоқтарсың мені бір кезде.
Ішімді жалын қаптағаны-ай,
Шыбын жан тыныш таппағаны-ай
Қапыда дерттің шалғаны-ай.

Жалғыздықта өткен жалған- ай! - деп

ой кешіп, мұң иектеді. “Мұтылған” деген атауда азап-бейнет те, мүжіліп шаршау да, қамығып қан жылау да” (Т.Кәкішев) бар. “Кезінде Кьеркегордың: “рух адамы бізге қарағанда өзімен өзі жеке қалғанды жақсы көтере алады да, ал біз болсақ, керісінше, топтан тыс күн көре алмаймыз, көппен пікір алмаспасақ, тұншығамыз, мүжілеміз” дегеніндей, расында да, ақылы толық, иманы дұрыс адам жеке жатып әрекетінің дұрыс әдісін ойластырады, өзінің жауапкершілігін мойындай отырып, жоба-жоспарын жасайды. Ол қоғамның пікірінен, қыспағынан арылу арқылы шынайы тіршілік ете алады” дегеніндей, бір кездері қайран елінің қамын жеген Абай секілді Шәкәрім де айналасынның бітпейтін дау-дамайы мен ұрыс-араздығынан түңіліп оқшау күй кешеді. Ол оқшаулық зармен, мұңмен емес,

Шәкәрімнің Шыңғыстың күнгейіндегі Шақпақты деген жерде жатып, әдебиет істерімен шұғылдануымен өтеді. Ой еңбегі үстінде өз халқының білім, ғылымнан мақрұм қалғанын ойлап, түңіледі:

Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,
Жалмауға жалықпайды өз маңайын.
Мұның түбі не болар деген жан жоқ,
Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын,- дейді.

“Тағдыр адамның қандай ортаға, қандай өмір жағдайларына жолығуын анықтайды. Адам өзіне тағдырынан берілген міндеттерді дұрыс және толық орындауы керек. Фәни өмірде кімнің болса да ата-анасының, бала-шағасының, халқының, Отанының, тіпті бүкіл адамзаттың алдында түрлі міндеттері бар. Оларды қалтқысыз орындауы оның адамгершілік деңгейімен байланысты”. Сөйтіп, ел жұртының іргесінде жүріп, одан өз еркімен аулақтаған Шәкәрім көкірекке байланған шерді, көңілін басқан қаяуды айтып, “Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ, Бір өзіңе сыйындым, бар құдай-ау”, - деп бұрылған бетін андатады. Енді өзін түсінбеген ел-жұртынан алыстап, діни ойларға беріледі.

Әлемдік деңгейдегі ойшыл, батыс-шығыс оянушылығына жол салған, бүкіл өмірін Бағдад пен Мысырда өткізген (А.Қыраубаева) әл-Фараби туған жеріне деген сағынышын:

Қашықтасың туған жер қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен,
Қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар, -

деп туған жерге деген аңсарын, білдірген. Сөйткен дана Фараби “Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы” деген трактатында құт, берекесі үзілмейтін елді аңсайды. Бір кездері барша түркі жұртын имандылыққа ұйытқан сопылық ағымның білгірі Ахмет Иассауи жер бетінің қалыпты жан иесіне тән қызығынан баз кешіп, ел-жұртынан аулақтаған. Сөйтіп, Аллаға сыйынып, жан дүниесін, рухын тазартатын, пенделік тіршіліктің күнәсінен сақтандыратын еңбектер оқып, кітап жазған. Бұлайша баз кешуге

оның айналасындағы тірліктің қалпы, адамзат пейілінің бұзылуы әсер еткен. “Хақ сыйлаған жарқын өмірдің қасіретке толып, азып-тозып азғындауына осы өмір мақсаты да, жаратылысы да, иесі де болған Адам кінәлі. Яғни, Иассауи үшін ақырзаманның тууы адамдардың құлқынының азғындауына байланысты”. Шындығында бұл ақындар жан тыныштығын күйттеп, қара басының қамымен елден аулақтамағаны белгілі. Көпшіліктен оқшаулану арқылы сол қалың жұрттың халін түзейтін қам ойластырды.

«Қылмыстың» екінші кітабының бірінші бөлімінде (“Ала бүлік”): “Абай, Шәкәрім шығармаларын былай қойғанда өзіміздің ақын ағаларымыздың өлеңдері де түрмеден ұрлана шығып, бізге шырқала жырлай, жылай жетіп жатты. Үрімжі түрмесіне 1940 жылы келген Таңжарық пен Әбдікерім ақынның өлеңдері осы кезде өзімізді көп жылатты:

Дариға, тағдыр қысты, қиналды жан,
Өтпейді өңешімнен су менен нан.
Қайғымның қаншасына сен куә бол,
Төгіліп жүрегімнен қып-қызыл қан!
Дариға, мен қайғырдым кімдер үшін,
Оларға көрсетіп тұр кімдер күшін?!
Жаралап көкірегімді улы қанжар,
Қан құстым жүрегімді тілгені үшін!
Қайғырдым назаланған елім үшін,
Ақ бүркеп азаланған жерім үшін.
Ішінде қан майданның қаза таппай,
Жазықсыз жазаланған ерім үшін!

Қатарлас камераларда жататындар бірінің халін бірі дер кезінде біліп тұрады екен. Бірін-бірі демеп, бірінің жарасын бірі емдеп, қайрат-қажырға, үміт пен жігерге шақырысқан жауынгер жырлар көп туындапты. Тергеу қинауынан күйреп шығып, сүйретіліп өтіп бара жатқандарды есік саңылауларынан көріп тұрған осы ақындардың қолма-қол айтып қалған, кереметтей шипалы өлеңдері сырттағы бізге де дәл сондай әсерімен жетіп, ем айтады:

Қажыма, тұр орныңнан болат жүрек,
Дұшпандар салса қанжар, найза тіреп!

Жер жүзін тітіретіп басса зұлмат,
Найзағай атылса да күн күркіреп”.

Зерттеуші С.Ананьева: “Тарихи романдардағы лагерь тақырыбы саяси қуғын-сүргін мәселелерімен қабысып жатыр. Қаламгерлердің өмірбаяндық жадылары тарихи кезеңдерді сатылап беруі арқылы жаңғырып отырады. Мәселен, М.Симашко “Төртінші Рим” (“Четвертый Рим”), “Қасиетті жерге бастайтын жол” (“Дорога на Святую землю”), “Бондарь бойынша жазба” (“Писание по Бондарю”) шығармаларында ХХ ғасырдың куәгері ретінде мемлекет тарихындағы ұлттық интеллигенцияның ролін ашады”, -деп бәрінен өз отандарын жоғары қойған қасиеттерін бөліп көрсетеді.

Орыстың үшінші толқын эмигрант қаламгерлер өз отандарынан күшпен, қуғындаумен кеткендер болды да, оларды “қуғындау кезеңіндегі орыс әдебиеті өкілдері” деп атады. Әр түрлі жағдаймен (жеке, шығармашылық, саяси) кеткен бұл толқын өздерінің алдындағы әдебиет өкілдеріндей, азаматтықты алмастыруды ауыр қабылдады. Сөйтсе де, олардың бір артықшылығы болды: “... Ресейдің бізден ірге ажыратқанын, бізбен салыстырғанда басқа болып кеткенін қабылдай алмаймыз. Біздің қарым-қатынасымыз біздің қабылдауымызбен бірдей. Сондықтан да екі түрлі дүние болып табылатын эмиграция мен метрополия арасында туындап жататын психологиялық кедергі бізде болған емес». Себебі, олардың біразы А.Солженицыннің ізімен елдеріне оралып, екі елде де тұрып жатты. 1980 жылдардың ортасына қарай үшінші толқын эмигрант өкілдерін Ресей оқырмандары танып-біле бастады. Осы тұрғыдан келгенде эмиграция ұғымы олар үшін шартты болды. Қаламгерлер шетелге кеткеніне қарамастан, “метрополия” әдеби үдерісімен байланысын сақтап қалды. Осығай орай екі ел әдебиетіндегі идеялық, тақырыптық, жанрлық үндестіктер байқалып отырды. Мәселен, А.Солженицын, Г.Владимов пен В.Гроссман, В.Астафьев, В.Некрасов пен Ю.Казаков шығармашылықтарындағы проблематика; Ю.Мамлеев пен В.Маканин, В.Аксенов, В.Войнович пен А.Кабаков, Т.Толстой, А.Ким арасындағы көркемдік ізденістер үндестігі байқалды. Сол сияқты орыс классиктері А.Пушкин, Л.Толстой, Ф.Достоевский,

А.Чеховтың шығармашылығы Ф.Горенштейн, В.Максимов, Абрам Терц пен А.Битов, В.Распутин, С.Залыгин және басқаларының зерттеу нысаны болды. 1970-1990 жылдардағы эмиграция және орыс әдебиеті үшін бастысы бір тарапта “әдебиет”, “мәңгілік”, “аяқталған бейне”, “ойын”, “тіл” болса, екіншісінде “өмір”, “осы шақ”, “бейненің дәлдігі”, “түпнұсқа”, “шынайылық”, “жанама тіл”, “үнсіздік” болды. Әрине, екі әдебиет ортасында айырма сақталды. Эмиграциялық әдебиетте жанрлық түрлену байқалды. Тіпті “айырылысу романдары” (“роман отъезда”) туды. Осылайша, прозада екі басты бағыт байқалды: “дәстүрлі реализм” және “гротеск пен абсурдтық” бағыт. Осы екі бағыттың арасында “екі идеология”, “екі эстетика”, “екі менталитет” орнықты. Бұлар бостандықсыз қоғамның негізінде өсіп, осы ауыр міндетті жеңуге ұмтылып отырды.

Қай кезең де өз ортасындағы мәдени-әдеби дамуға ықпал жасап отырады. Кей кезде қоғамдық-саяси ахуалдың ықпалы әдебиетте бұрын болмаған өзгеше бағыт тудырады, қаламгерлердің шығармашылығында тың ой-идеяның өрістеуіне, өзгеше көркемдік жүйенің орнығуына жол ашады. Сөйтіп, әдебиеттің даму үдерісінде дайын типтерге қарама-қарсы, жаңа характерлер де қалыптаса бастайды. Осы айырманың нәтижесінде әдеби бейне туады. Олар өз ортасымен сана-сезімі, көзқарасы тұрғысынан үнемі қабыса бермейді, әрі олар қандай тұрғыда болсын, өздерінің ой-аңсарларын танытып отырады. Осыдан келіп, олардың қоғамға деген қатынасы, қарсылығы немесе қолдауы қалыптасады. Олардың ортамен сәйкесу, сәйкеспей қатынасы сол кезең мотивін анықтайды.

Қ.Шабданұлы романында ортасының өз танымына кері тұстарын әжуалы астармен ұғындырып отырады. «Расында да қатты наразымын өзіме. Менің алдымда күреске түскендер бақытты екен: өздеріне аужал етерлік қылмыс тауып алыпты. Оларға жауап беру оңай болды. Өздерінің өткізген мәселелері көңілдерінде дайын тұрды. Жауаптарын себептерімен, дәлелдерімен төрт аяғын тең басқызып ағыза жөнелді. Бір-бір тәулікте ғана мойындап, оп-оңай «ұтыла» салды. «Қатарларыңызға қосылды». Бұларға бақыт құсы қайдан келді

деп ойласам, түп-тура сайраған сайрастарынан келіпті. Егер мен де солай шайтан түрте сайрап, дербестік талап еткен болсам, жауап беруім оңайға түседі екен. Өзінде болған мәселені мойындаудан оңай іс бар ма, дәлел іздеп қиналмайды екен. Ал мен-ші? Сайрауымнан да, мақсатымнан да, істеген ісімнен де бір мысқал қылмыс таппадым». Өз басында жоқ қылмысты таңған «қырағы тергеушіні» оңдырмай әжуалайтын кейіпкер «Күндіз таба алмаған мәселені түнде табам деп әуре болмаңдар. Ұйқысырап сандырақтай бермей, дем алыңдар! «Демалуды білмейтін адам, жұмысты да білмейді». Идеологиялық төңкерісте «жауды» ұйқысыратып, талықсытып жеңіп өзгертеміз деушілік ақымақтың ісі. Себебі, бұл, жаңылтпаш ойыны емес! Көрген түс, материалистік заң алдында факт болып та мойындата алмайды. Осыдан басқа сөзім жоқ! Жазып алыңдар да түс жорығыштарыңа апарып жорытыңдар». Сөйтіп, автор «әділетті тергеушісінің» жер бетінде «қылмыс қалдырмас ашкөздігін» келекелейді. Мұндай түрме кіріптарлығы көңіл-күйдің белгілі бір тұйықталуына әкелсе де, ол рухани жадаулыққа бойұсындырып қойған жоқ. Керісінше, сыртқары тірлік ақын-қаламгердің рух, ой, аңсарының көкжиегін кеңітті. Өзінің шығармашылығын өршіл, арманды, шерлі сарындармен толықтыру үстінде, ұлтына тән туған ел, туған жерін деген сүйіспеншілік, күрескерлік, қайраткерлік секілді қасиетті сипаттарды үстеп отырды.

Қандай да көркем туынды болмасын, ол тарихи шындық пен көркемдік шешім тәрізді әдеби процестер арақатынасының өрбуі мен біте қайнасуынан туындайтындығы баршаға мәлім заңды құбылыс. Сондықтан жазушының көркем шығармаларынан тарихи өмірдің кезеңді сәттерінің сан қилы құбылыстарын терең аңғарамыз.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Роман мазмұнын талдау.
2. Тарихи шындық мәселелеріне назар аудара отырып, қорытындылар жасай білу.
3. Романның стильдік, көркемдік ерекшеліктерін зерделеу. Мәтіндік талдау.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015
2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. Елеуқенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014
7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Хикаят (повесть) жанрының дамуы.

Мақсаты: Тәуелсіздік жылдары туған повестердің тақырыптық, көркемдік сипаттарын таныту. Авторлық идея.

Негізгі ұғымдар: хикаят, көркемдік сипат, жанр-повесть.

Жоспары:

1. Тәуелсіздік жылдары туған повестердің тақырыптық, көркемдік сипаттары.
2. К.Сегізбаевтің “Арасан”, Т.Әбдіктің “Парасат майданы” хикаяттары.
3. “Парасат майданы” повесінің жаңалығы.
4. Кейіпкердің “қос жарылуы”. Авторлық идея.
5. С.Жүнісов, О.Бөкей, М. Мағауин повестері. Кейінгі толқын қаламгерлер хикаяттары.

Қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан жанр-повесть (хикаят). Тәуелсіздіктің он жылы ішінде туған повестің баяны халық өмірінің кешегі күндерін суреттейді.

Жаңа заман хикаяттарының алды жұртшылықтың жылы қабылдаған Кәдірбек Сегізбаевтың “Арасан” повесі Қазақстан республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған конкурста екінші жүлде алды. Төлен Әбдіктің “Парасат майданы” повесіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы, Қазақ ПЕН-клубының Мұхтар Әуезов атындағы халықаралық сыйлығы берілді. 2002 жылы жарық көрген К.Сегізбаевтің “Арасан” хикаяты құнарлы мазмұнымен, замана өзгерісіне шапшаң үн қосуымен ерекшеленеді. Хикаяттың сюжеті негізінен екі желіде дамиды. Бірі-нарықтық тәртіптің қоғам экономикасын

құлдыратқан, ел ішін ойрандаған, жұрт пиғылын бұзған қарқынын суреттесе, екіншісі – жеке меншікке үйренген сайын ауыл адамдарының жаңа жағдайға икемделіп, бойкүйездіктен арылып, қарымды іске көшкен, еңселерін тіктеген ахуалы суреттеледі. Шығарманың бас кейіпкері – Оспанқұл қарт. Бұрынғы кеңестің озат шопаны, көптеген марапаттар алған. Еңбек адамы совхоз таратылғанда бөлген азын-аулақ малды ермек қылып отыра берер еді. Алайда мына өзгеріс оны қатты алаңдатты. Кенже баласы Сәрсенқұл қалаға оқуға барған жерінен әлдебір бұзықтарға ілесіп, істі болады. Ол жақтан мүлде өзгеріп, бұзылып оралады. Оспанқұл қарттың тағы бір реніші өзіне көмекші болып, содан шаруасын түзеп алған Молданбайдың сараңдығы. Нарықтық заманның қыспағын сылтауратып, пейілі әбден тарылады. Молданбай - кезендік бейне емес, тұрақты тип. Өзінің жеке мүддесін өзгелерінен жоғары қоятын кейіпкерлер қай дәуір әдебиетінде де кездеседі. Нарықтың өзгерісі Оспанқұлдың көршісі, айналасындағылардың малын ұрлап, екі ұлының бірін соттатқан Асанды да сергітіп жібереді. Ол: “Бұл тіршілігімде жалқау да, жаман да, ұры да атандым. “Білекке сенер жастық өтті, білікке сенер кәрілік жеткенде” мені де жүрегімнің қинаған жайы бар, ағайын! Тоқтадым! Құран ұста десен құран ұстадым, мінеки! Мен бірдеңе ұқсам, бұл заман жалқау мен жалдапты аямас заман екен. Бүгін қайта туғандай әр тірлікке тастүйін әрекет еткен жайым бар. Тек, ес жинап, қатарыңа қосылғанша, көзге түртпесен екен...” Асан дер кезінде ақылға келді. Заманына қарай қолы қимылдап еді, шаруасы да оңалды. Асан-қазақ прозасының нарық тудырған кейіпкері. Осындай кейіпкерлері арқылы автор адам бойындағы терең өзгерісті психологиялық ахуалды тап басады.

Төлен Әбдіктің “Парасат майданы” повесінде (2001) тұлғасы кереғар “екі адамға” бөлінетін кейіпкер бірде “Күнделік иесі”, бірде “Бейтаныс құрбы” деп аталады. Бұл шағын жанрлы шығармада адамзаттың келешектегі тағдыры қалай болмақ деген сұрақтың жауабы айқындалады. Ә.Нұрпейісовтің “Соңғы парыз” роман-диалогиясында жаһандық проблеманың шешілуі экологиямен байланыстырылса, Т.Әбдік бұл мәселеге басқа қырынан келеді. Бір адам бойындағы қайшылық барша

адамзаттың қайшылығы. Бейтаныс құрбы мен Күнделік иесінің арасындағы текетірес - зұлымдық пен ізгілік арасындағы мәңгі майдан.

Кейіпкер Күнделік иесі араға үш-төрт күн салып, басқа бір адамға, яғни Бейтаныс құрбы болып оянып жүреді. Осы “екі адам” бір-бірімен хат жазысып таласып-тартысады. Күнделік иесі Бейтаныс құрбысын, яғни өзінің өзгерген кейпін “өте зымиян адам” деуге дейін барады.

Адамдар арасындағы шым-шытырық қарым-қатынастан туындайтын оқиғаларды автор шебер қиюластырған. Күнделік иесі жасырып ұстайтын дәптерін кімнің оқып, пікір жазып жүргенін білмей дал болады. Осы оқиға қашан аяқталғанша шығарма соңына дейін оқырман сюжет желісін қадағалап, қызығып отырады, құпия хаттың иесін білуге асығады. Тек шығарманың аяғында ғана бейтаныс құрбының Күнделік иесі екенін біледі. Дәрігер жүйкесі ауырған Күнделік иесіне: “Мен адам бойындағы қостұлғалықты бекер айтып отырған жоқпын. Сізбен бір айға жуық хат жазысқан бейтаныс адам ешқайдан келген жоқ, ол өзіңіздің ішіңізде”, дегенде ғана түсінеді.

Т.Әбдіктің “адам бойындағы қостұлғалық”, адам ішінде мінезі бөлек, дүниеге көзқарасы бөлек екінші тұлғаның пайда болуы” деп отырғаны “амбивалентность” деп аталатын психологиялық термин баламасы: қос полярлық, кереғар сезім-күйі (ізгілік пен зұлымдық, шыншылдық пен жалғандық, сүю мен жек көру). Күнделік иесі: *“Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін жек көретін өлермен өзімшілдік, мақтаншақтық, қатыгездік, мейірімсіздік пен іштарлық патология (ессіздік, бейсаналылық) емес пе? - деп жазады. Мұның бәрі қоғамдағы босаңсудан пайда болған түпсанадағы ессіздік, кеселдік дерті. Жаңа нарықтық демократияшыл қоғамның күреспей, тиісті моральдық қалқан жасамай жауыздықты беталды жіберіп алудың салдары. Күнделік иесі “Сұм өмір абақты зой саналыға”, – деп ақын Мағжанша толғанады.*

Күнделік иесі жындыханаға түседі. Алайда сырқатының түрі есі ауысқандыққа жатпайды. Ол туралы дәрігер: *“Шынайы тазалық бұл өмірде құлағалы тұрғандай көрінеді. Бәлкім, оны*

құлатпай ұстап тұрған сіз секілді санаулы адамдар шығар...” дейді.

Күнделік иесінің қасіретті дерті – қай күні таңертең басқа адам болып ояматындығында. Ол басқа адам, яғни қосалқы тұлғасы бұған қарама-қарсы пиғылдағы жан. Біріншісі ізгілікке сенсе, екіншісі зұлымдыққа жақтас болады. Оның пікірінше ізгілікке де, зұлымдыққа да сену керек. Зұлымдықтың да пайдасы бар. Зұлымдықтың бір өкілі-ажал. Егер ажал болмаса, жер бетінде қандай тіршілік болар еді? Ауру өлмесе, кәрі өлмесе, қарақшы өлмесе не болар еді? Тозақ қана болар еді. Бойымызда кісі өлтіре алатын қатыгездік болмаса, қанішерлерден өзімізді қалай қорғар едік?”-дейді. Күнделік иесі дәрігердің *“таңертең басқа адам болып оянасыз”* дегенінен шошынады. *“Жоқ, ешқашанда!”* деп өзіне ант бергендей болады. *“Парасат майданы”* хикаятының көркемдік идеясы айқын. Ол – өз өміріңді құрбан етсең де, жамандыққа жол берме”. Повесть ақын Мұқағали Мақатаевтың:

*Жауыздық біткен менімен гана бірге өлсе,
Бүгін-ақ өліп кетер ем, -*

деген өлеңімен түйінделеді. Күнделік иесінің ой саптауына қарап отырып, біз оның негізінен жүрегі ізгі жан екенін байқаймыз. Жақсы адам бола тұра, бір басында қайшылығы, ой-сезім арпалысы мол жан. Екінші тұлғасы - Бейтаныс құрбы - оның жан жарасы. Повесть Сократ, Ницше, Фрейд, Абай сияқты ірі ойшылдарға сүйене отырып, *“бостандық адамның өзінің ішінде, санасында, қоқыстан арыламын десең, өзінді өзің жеңу керек”*, – деген қорытындыға келеді. Повесть көбіне ағартушылық арнасында өрбиді. Өмір сүріп отырған қоғамымыз нарықтың жетегінде кетіп, руханият саласын жүдетіп алды. *“Парасат майданы”* шығармасы адамзат тарихында қол жеткізген рухани құндылықтарды сақтауға үндейді.

Белгілі жазушы Сәкен Жүнісовтің *«Заманай мен Аманай»* повесі – осы кезеңдегі қазақ прозасының үлкен табыстарының бірі. Повесте ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы заман дүрбелеңі суреттеледі. Хамза Есенжановтың *«Жүнісовтер трагедиясы»* романында Жайық қазақтары басынан кешкен азапты өмір, Төлен Әбдіковтың *«Өліара»*, Смағұл Елубаевтің

«Мінәжат» романдарындағы кеңестендіру саясаты тұсындағы қазақ ауылдарының тағдыры Сәкен Жүнісовтың бұл повесінің арқауына айналған. Уақыт шындығы әр қаламгердің суреткерлік қиялында өзгеше қалыптармен көріктеліп, айналып келгенде сол шындық жеткізіледі. Сәкеннің «Заманай мен Аманай» туындысы романға арқау боларлық жүкті арқалаған.

Повеске заман дүрбелеңіне тап келген қазақ ауылының тағдыры оқиға етіп алынған. Оқиға ұжымдастыру кезінде жат жерге қоныс аударған қазақ ауылының жүдеу тіршілігінен бастау алып, шегіністер арқылы суреттеледі. Бір ауылдың арқа тұтар азаматы Сәлімгерей сол ауылын бастап арғы бетке өтпек болғанда оққа ұшады. Бөтен адам емес, өзінің қызы Балзияның сүйген жігіті Атымтай әскерінің қолынан. Ауылға ақылшы болған, өктемдікке өш, өжет те қайсар әкенің орнына енді ауыл көшін Балзия бастамақ. Әке өліміне кектенген қайсар қыз сүйгенінен бас тартып, Атымтай орнатыспақ болып жүрген кесапатты заманнан түңіліп, қиын да қысылтаяң жағдайда елді бастап кетпек болады. Сәукеле тауды аса көшкен елді күтіп тұрған жақсылық жоқ еді. Шығарма оқиғасындағы басты тартыстың ширыға түсуіне Балзия мен Атымтай арасындағы қарым-қатынас, оларды осындай күйге тап қылған заман дүрбелеңі негіз. Азапты сапарға азаттық үшін бас тіккен ауыл адамдарының көрген қиыншылықтары, заманның ащы шындығы диалог пен пейзаж, психологиялық терең иірімдермен берілген. Жазушы кейіпкерлер характерін даралауда диалогті шебер пайдаланса, туған жерін қия алмай, амалсыз бұлдыр жолға бет алған халықтың талайлы тағдырын бет қаратпай тұрған боранмен егіздей суреттейді. Осындай аласапыран шақта мұз жарығына түсіп кеткен Меруерттей сәбидің қайғылы халі де азап кешкен халық тағдырын көрсетеді. Повестегі орталық тұлға Балзия – әкенің арқасында таршылық көрмей ерке өскен, оқып, білім алған қыз. Сүйгенімен бірге жаңа заманның өкілі боламыз деген арманы орындалмай, әке өліміне ашынып, намысы мен бірбеткейлігін алға ұстаған ол қаншама жылдар өтіп қартайғанда өзінің осы істегеніне опынғандай болады. Өзі елді бастап арғы

бетке асқанда құрсақта келген жалғызы Заманай да жат мекенде қаза тапқан. Өлер шағында қаршадай немересі Аманайды ата жұртына жеткізуді басты парызы санап, аруақтардан кешірім өтінгендей болады. Бар өмірін қиыншылықпен өткізген Балзияны өлмелі шағында кері қайтып, елге жетуге жетелеген, бойына күш-қуат берген – туған жерге деген махаббат сезімі. Аманайды жетелеп елге бет алған жолда да көргені аз емес. Ауру меңдеген кемпір өң мен түстің арасындағы бір халде әлдеқашан қаза болған Атымтаймен тілдеседі. Екеуінің тілдесуі арқылы қызылдар орнатқан қоғамның трагедиясы, ащы шындығы көрсетілген. Жаңа заман үшін белсене күрескен, осы жолда жанындай сүйген жарынан еріксіз айырылған Атымтай да опа таппаған екен. Колхоз құрамын деп жүргенде ел ашығып, бір зобалаңға тап келсе, онымен де тоқталмай, жала жабылып, зұлмат уақыттың құрбаны болады.

Жазушының жетістігі ретінде повесть оқиғасының желісіне енгізілген Сәукеле тау туралы аңыз. Аңыз оқиғасын алға тарта отырып, жақсылық пен жамандықтың, зұлымдық пен ізгіліктің бітіспес тартысын бейнелейді. Бүгінгі заманға ишара жасайды. Аңыздағы қылышынан қан тамған озбыр ханның әрекеті арқылы қызыл империя белсенділері тұспалданғандай. Ғизат пен Гүлсана сияқты кейіпкерлер арқылы зұлмат заманның қиындығын кешкен қазақ халқының тағдыры көрсетіледі. Сол Сәукеле таудың бауырында Балзия мен Атымтайдың бір-ақ сәттік жастық, жайдары ғұмырлары жалт етіп өте шыққан. Сол Сәукеле тау Аманайдай сәби үшін жарқын болашақтың қақпасы тәрізді. Әже әңгімесінен туған жер, ата жұрт туралы көп еститін бала сол мекенді алдағы өмірінің бар қызығын сыйлайтын орын деп түйсінген. Ата мен бала, немере тағдырына ықпалын тигізген аласапыран заман олардың бойындағы рухты өлтіре алмайды. Жазушы күллі қазақ халқының туған жер, ата мекенді айрықша қастер тұтқан болмысын осы тағдырлар арқылы бейнелеп жеткізеді. Ата мекеннен бар бақытын таппақ болып күрескен Атымтай, жат жерде дүниеге келіп, әкеге деген сағынышымен аз ғана ғұмыр кешіп, уақыт тұзағына тұтылған Заманай, әженің

жетегінде сол ата мекенге бет алған Аманай бейнелері арқылы көп нәрсені аңдауға болады. Жазушы бұл үш кейіпкерінің бойына бір кезеңдегі күллі қазақ тағдырын сыйдырса, Балзия арқылы жанкештілікпен жақсылыққа қарай ұмтылған қайсар рухты көрсетеді. Туған жерден амалсыз айрылған қасіретті ғұмырының соңғы нүктесін сол ата мекенге қарай қадам басып барып қояды.

Халық тағдырын тарихи кезең шындығы арқылы бейнелеген суреткер өзінің көркемдік әлемінде өзіндік көркемдікпен қорытып, өзіндік идеямен өрбітеді. Замана шындығы мен халық тағдыры терең психологиялық талдаумен әрі ширыққан тартыспен танытылған.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тәуелсіздік жылдары туған повестердің тақырыптық, көркемдік сипаттарын ашу.
2. К.Сегізбаевтің “Арасан”, Т.Әбдіктің “Парасат майданы” хикаяттарын талдау.
3. “Парасат майданы” повесінің жаңалығы. С.Жүнісов, О.Бөкей, М. Мағауин повестерімен салыстыра айту.
4. Кейінгі толқын қаламгерлер хикаяттарымен таныстыру.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015
2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. ЕлеуKENOV Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014
7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелері.

Мақсаты: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің тақырыптық, сюжеттік тың арналарын саралау. Кейіпкерлер жүйесімен таныстыру.

Негізгі ұғымдар: әңгіме, оқиға, тарихтың үкімі, шағын жанр.

Жоспары:

1. Тақырыптық, сюжеттік тың арналар.
2. М.Мағауин әңгімелерінің көркемдік жүйесі. Кейіпкерлері.
3. Ш.Мұртаза әңгімелері. Кейінгі толқын жазушылар шығармашылығы.
4. Ж.Қорғасбек, Т.Ахметжан, Р.Мұқанова, т.б. қаламгерлер әңгімелері.

Тәуелсіздік кезінде жазылған шығармалардағы тақырыптық, сюжеттік тың арналар әңгіме жанрынан да байқалады. М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Қ.Түменбай, Н.Ораз, Т.Ахметжан сынды қаламгерлер осы шағын жанрды ілгері дамытты. Жазушы Мұхтар Мағауиннің 2002 жылы жарық көрген он үш томдық шығармалар жинағының жетінші томына тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылған көркем шығармалары топтастырылған. Кітаптың беташары секілді “Салах- ад-Диннің үкімі” атты алғашқы әңгімесі – жаңалығы мол дүние. Бұл жазылуы өзгеше әңгіме. Шығарма атақты тарихшы Шейх Әбубәкір ибн Мұджаһид әл Бағдадидің “Ғақылия кітабында” баяндалатын Салах-ад-Дин сұлтанның Бұқарадан Бағдадқа оқу-білім іздеп бара жатқан жазықсыз мұсылман баласын азаптап өлтірген Зәңгі деген әскербасын өлім жазасына кескені туралы ғибраттан басталады. Бұл академик, коммунистік партияның ардагері Бектеміс Ақпанбетовтың “Қазақстандағы Кіші Октябрь” атты екі томдық мемуарында баяндалатын оқиғаларға ұласады. Онда Қазақстанда кеңес үкіметін түбегейлі орнықтыру үшін ел ішіне арнайы жасақтар шыққаны айтылады: *“Біздің салт атты отрядта екі-ақ қазақ болдық. Бірі-мен, бірі- жиһангерлік соғыс кезінде қара жұмысқа алынып, Рига маңында болып қайтқан, кедейден шыққан Сейсен Бөкенов дейтін қабағы ашылмайтын, иығы салыңқы, еңгезердей жігіт. Бұл азаматтың қой терісін жамылған қасқыр, нағыз ұлтшыл екенін біз әуелде білгеміз жоқ. Отряд командирі Егоров дейтін орыс. Саяси күрестерде шыныққан, азамат соғысы майдандарында от-жалыннан өткен байырғы большевик”*. Одан әрі бұл жасақтың қайда барып, не істеп, не қойғандары баяндалады. Өзінің

“Алашордашылар” деген желеумен қазақтың екі оқыған баласын жазықсыз атып тастағанын мақтанышпен айтады.

“Жеті жүз қырық жылдан соң, соншама күшпен бұл қанды оқиға қайталаныпты. Ал үкім ше?-деп сауал тастайды да, оған жазушы өзінше жауап береді: “Азаттық туын көтерген сайыпқыран Салах-ад-Диннің билігі жоқ бізде. Жазаға тартар күш қайда. Өтіп кеткен өмір, көшіп кеткен кісі. Басқа заман, бөтен жағдай. Әйткенмен... біз де сорлы емес сияқтымыз. Үлкен бе, кіші ме өз патшалығымыз бар. Болат қаламның ұштығында тұрған өзгеше патшалық”.

Әңгіменің басты жаңалығы формасында. Өткен оқиғаларды, шежіре, естеліктерді сөйлету арқылы замана келбетін, оның тірлік-тынысын бүгінгі ұрпақтың көз алдына әкелу, елестету. Санасына сіңіру. “Заманына қарай адамы” дейді. Зәңгі қарақшыны да, Ақпанбетовты да тудырған заманы. Олардың бүкіл болмысы сөздерінен көрінеді. Бұқарадан Бағдатқа ілім іздеп бара жатқан шәкіртті орта жолдан тосып алып, азаптап өлтірген Зәңгі қарақшы:

“- Мен тағыз да қылышымды оңтайладым. Ауысқан шәкірт күбірлеп иманын айтты. Қиялай тіліп өткенде тістене безеріп, дыбысын да шығармады. Енді екінші жағынан остым. Кенет есалаң шәкірт ышқына айғай салды. “Әй, кекілік!”-дейді. Кекілік-ау, кекілік! Таңда махшар күні кәулік бер! Мына жауыз менің нақақ қанымды төкті!”. Мен бұрылып артыма қарадым. Анадай жерде, жалпақ қара тас үстінде сұп-сұр боп жалғыз кекілік отыр екен”.

Ал, екі қазақтың өрімдей жас жігітін сотсыз тергеусіз атып тастаған жалынды революционер Ақпанбетов былайша көпіреді: “Тек жұп болса керек, осы маңда балапаны қалған сияқты, бір қоңыр, бір көкмойын екі үйрек тым тақау жерде айналсоқтап ұзап кете алмай, тынымсыз қарқылдайды. “Хош, көк ала үйрек, - деді кертартпа роман, поэмаларды оқып көз ашқан, Байронды қастерлеп, Мағжанды жаттап өскен ұлтшыл. Аман бол, Алаш! Сол сәтте өндірішіден қорғасын қадалды”.

Салах-ад-Дин сұлтанның үкімімен Зәңгі әскербасы істеген қылмыс, күнәсіне қарай өз жазасын алды. Ал, екі жасты атқан Ақпанбетов ше? Жоқ! Ол жазаланған жоқ. Керісінше, өле-

өлгенше құрметтелді. Одақ пен республиканың пәлен мәрте халық депутаты болды, лауреат атанды, профессорлық дәреже алды, академиктікке сайланды. Жалған атақ, баянсыз абырой жолында қолынан келген барлық арамдықты жасаған Ақпанбетовтың күнәсін кім арқаламақ. Әрине, өзі. Бұл әңгімені жазудағы мақсат та осы. Қаламгерден қатал жан жоқ. Жазушының үкімі түбінде тарихтың үкіміне айналады екен. Міне, бұл шығарманың айтатын идеясы осы. Жазушы М.Мағауиннің бұдан басқа “Жүсіптің қызы Светлана”, “Нала”, “Қара қағаз келген Салық ағам”, “Карлағтан хат”, “Ұлт аралық жанжал”, “Сүркөжек аттың соңғы шабысы”, “Қос Ағаш” атты әңгімелері бүгінгі күннің талабына жауап беретін шығармалар.

Шерхан Мұртазаның 2003 жылы жарық көрген “Соғыстың соңғы жесірі” атты кітабында бұрынырақ жазылған шығармаларымен бірге, “Алапар мен Динго”, “Бұршақ”, “Тәуекел той” сияқты әңгімелері топтастырылған. Жазушының “Алапар мен Динго” және “Бұршақ” әңгімелері астары терең, өзара үндес шығармалар. Бірі-иттер, бірі-бұлдырықтар туралы. Алайда, зерделеп көрсек, бұларда адам тіршілігіне қатысты жайттар қозғалады. Яғни, олардың арасындағы ынтызарлық, достық, қарама-қайшылық, қызғаныш тағы басқа сезімдер адам баласына да тән тұрғыда қиюластыра суреттеледі. Бұдан жазушының әдебиетте бұрыннан бар дәстүрлі тақырыпты игерудегі ізденісі байқалады. Шағын жанрда қалам тербеп келе жатқан жазушы Талаптан Ахметжанның 2001 жылы жарық көрген “О дүниенің қонағы” атты жинағына “Шәрбат”, “Тұма”, “Тергеу”, “Төрт қанден” сияқты әңгімелері топтастырылған. Мұнда негізінен адам бойындағы көрсеқызарлық, байлыққа құмарлық, алдау сияқты жағымсыз қасиеттерімен қатар, жалғыз қалып, иттерді ермек еткен қарт ана (“Төрт қанден”), іс басында отырған қызметкерлердің безбүйрек, әділетсіздігінен жапа шеккен студент (“Тергеу”) суреттеледі.

Жоғарыдағы жазушылармен бірге, Роза Мұқанова, Асқар Алтай, Айгүл Кемелбаева, Жүсіпбек Қорғасбек, Дидар Амантай сияқты жас жазушылар да осы шағын жанр саласында танымал бола бастады. Р.Мұқанованың “Мұқағали” әңгімесі адамның жан дүниесіндегі күрделі құбылыстарды психологиялық тұрғыда

терең суреттейді. Шығармада ақынның кесек тұлғасы, болмысы, мінез-құлқы, іс-әрекеті жан тебіреністері табиғи өріледі. Мысалы: *“Атып тұрып терезенің алдына келді. Жаңағы қайда кетті? Бұл кім? Ақын сандырақтап жүр. Көзіне домалақ дене кейпіндегі ажал елестейді. Бұнда да негіз жоқ емес. Өйткені адамның өлер алдында ажал оның жанын әйтеуір алу үшін, бір жанды бейне кейпінде келеді-міс. Ақын басын көтеріп таңдана қарады.*

- Ә, балақай! Сен бе едің. Үйден жеңгенді жел айдап келді ме десем. Кіре зой, жарқыным.

- Қорқам,- деді бүлдіршін қыз.

Неге... дегісі келіп, үнсіз қалды. - Ендеше, бара зой, жарқыным! Бауыр басып қалатын жаман әдетім бар. Сенің де иең табылып алып кетер бір күн болар, көгершінім. Жалғыздығым жақсы, мұқалмаған”. Міне, бұл Мұқағалидің о дүниеге аттанар алдындағы ахиреттік сөзі. Осында ақынның басындағы трагедия толық көрініс тапқан. Ақынның өзі айтқандай, “өмірде ақындардың бәрі жалғыз”. Ал мына жалғыздығы өзгеше. Р.Мұқанованың Мұқағали ақынның өмірінен жазылған бұл әңгімесі біршама көркем туынды. Осындай жастар қатарынан өзіндік ойы, идеялық-эстетикалық көркемдігі мол әңгімелердің тууы олардың жаңаша беталысын аңғартады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тақырыптық, сюжеттік тың арналарды ашып көрсету.
2. М.Мағауин әңгімелерінің көркемдік жүйесі мен кейіпкерлерін байланыстыра айту. Ш.Мұртаза әңгімелерін оқыту.
3. Кейінгі толқын жазушылар шығармашылығымен таныстыру.

Әдебиеттер:

- 1.Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 1997
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 10-том. А., 2005
3. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985
4. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 1986
5. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. А., 1984

Поэзияның дамуы.

Мақсаты: Поэзиядағы тәуелсіздік идеясы мен ұлттық сананың жаңғыруын байланыстыра айту. Қазақтың жаңа поэзиясы, өкілдерімен таныстыру.

Негізгі ұғымдар: поэзия, тәуелсіздік идеясы, әлеуметтік шындық, ұлттық сана, өлең, жинақ.

Жоспары:

1. Поэзиядағы тәуелсіздік идеясы. Ұлттық сананың жаңғыруы.
2. Тәуелсіздіктің қазақ ақындары поэзиясында бейнеленуі.
3. Қоғамды-саяси, әлеуметтік шындықтың жырлануы.
4. Қазақтың жаңа поэзиясы, өкілдері.

Тәуелсіздік арқылы жаңғырған ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы өткен жолымызға қайта үңіліп, қанша уақыт бойы айтылмай келген ақиқаттарды ашуға, бағалауға мүмкіндік берді. “Адасып қараңғыда, сорлы қазақ!” деген Міржақыптың, “қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған” деген Ахметтің, “Бар сүйеніш, үміті бар құдайда” деп тебіренген Шәкәрімнің, “Түркістан ер түріктің бесігі ғой” деп армандап кеткен Мағжанның үндері қайта жаңғырды. Поэзия қоғамдық ой-сананың дамуынан алшақ кете алмайды. Керісінше, қоғамда болған өзгерістер алдымен поэзияда көрініс береді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі онжылдықта көптеген өлең кітаптары, жинақтар мен топтамалар жарық көрді.

Еліміз Тәуелсіздік алған тарихи күнде туған ең алғашқы өлеңдердің бірінде Иран-ғайып “Тауың да, бақша-бауың да, Досың да қатал жауың да сенікі” деп шалқып, тасиды. Ал, Темірхан Медетбек:

Тәуелсізбін!

Танып тұрмын өзімді.

*Ұшырамын қанат байлап сезімді.
Ешкім енді көкірегімнен итеріп,
Ешкім енді шұқымайды көзімді, -*

деп жігерленеді. Осы тұстағы өлеңдерде ұлттық ерекшелік айқындала түсті. Мәселен, Т.Медетбек “Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен, жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен” десе, Қ.Шаңғытбаев “Келем, міне, алшаң басып елімде, Ағытып ап мойнымдағы көгенді”, дейді. Яғни, кешегі дәуірлерде халқымыз кешкен азапты ақындар “бұғау”, “қамыт”, “кісен”, “көген”, “шідер” сөздерімен тұспалдап жеткізіп отыр.

Кешегі кеңестік дәуірде өмір сүрген, идеология майданының алдыңғы шебінде жүрген аға буын ақындар өткеннің кінәсін анықтауға ұмтылды. Абыз ақын Ә.Тәжібаев:

*Біз! Біз! Дедік,
Біз! - деп шықтық мінбеге.
Ұлтты құртар
Өрт шығардық іргеден.
Ұлтшылдарды
Қас дұшпан деп тілдедік,
Одан өзге түкті де біз білмедік,-*

деп ағынан жарылады. Ұлт жанашырлары болған Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мұстафа сияқты арыстардың рухы алдында бүкіл жұртының атынан кешірім сұрайды, келешек ұрпаққа ой салады. Ақын Сағынғали Сейітов Қазан төңкерісімен құрдас, Кеңестік дәуірдің төл перзенті болса да, жаңа тәуелсіз Қазақстанды аға буын атынан қуана құттықтайды:

*Нағыз атың енді ғана табылды,
Нағыз атың енді ғана танылды.
Қазақ елі, көкке жетті көк туың,
Сен тәуелсіз мемлекетсің кәдімгі, -*

дейді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бірден нық басып кеткен жоқ. Елге егемендікпен қоса, нарықтық экономика келді. Сауда келіп, таршылық пен тапшылықтан шығар жолды іздеген көпшілік базар жағалады. Ақын Исраил Сапарбай “Көк базар” деген өлеңінде:

*Өшіп-жанған бір отты көріп алдан,
Жүруші еді кеудемде толып арман...
Сол арманды әй-шәйсіз қуып шығып,
Көкірегіме “көк базар” қонып алған, -*

деп уақыт шындығын айтады. Сол сияқты Н.Оразалин: “Артық айтсам, айыптама, кеш күнім, Көлеңкедей ұзарып кеп өсті мұң. Өсті қайғы... Өсті уайым... Өсті шер... Мәңгіліктің мылқау үнін естідім” десе, А.Бақтыгереева: “Жағдайың қалай, Жайығым, Көбейіп тұр-ау, уайымың”,-деп заман ауыртпалығын, халықтың көкейіндегі бір үміт пен бір күдіктің бар екенін аңдатады. Тәуелсіздікпен бірге ілесе келген кейбір келеңсіздіктерді аңғартады, содан сақтандырады. Сондықтан да ақындар тәуелсіздіктің шынайылығын, беріктігін аңсайды. Қазақ поэзиясында өзінің дара қолтаңбасымен із қалдырған ақын Ф.Оңғарсынованың азаматтық үні, өткір мінезді өлеңдері де тәуелсіздік жылдарындағы поэзияға жаңа бір леп әкелді. Ақын К.Ахметова: “Мен Алладан сұраймын мінәжат қып, Заман бізге жасамай, сірә, жаттық. Бұл далама, ұлтыма, ұрпағыма, Шын мәнінде келгей деп шын Азаттық!” десе, О.Тұржанова: “Қыран қанат ел болдық бөктері кең, Күннен ұшып жаныма от келіп ең. Тілек тілеп жұртына Дала жатыр, Көз жазып қалмаңдар деп Көк бөріден”,-деп Тәңірлік дінге табынған, Көк бөріні кие еткен көне заманды еске салады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып танылуы әр түрлі тарихи кезеңдерде тағдыр тәлкегімен шет жұрттарға қоныс аударып кеткен қандастарымыз үшін мәні зор қуаныш болды. Тарыдай шашырап кеткен бауырлар енді атамекендеріне орала бастады. Қытайдан өткен ғасырдың 60-жылдары Қазақстанға өткен ақын Жәркен Бөдешұлы:

*Келе жатыр бауырлар,
Ата жұртын сағынған немесе:
Бір шаңырақ астында түгенделді деген сол,
Азаттықтың ақ таңын түгел көрді деген сол*

деп, шаттанса, монғолиялық ақын Имашхан Байбатырұлы:

*Аңсағаны қазақтың Егемендік!
Жанса бағы Алласы елегендік.*

*Өмір бойғы арманың орындалды,
Өмір бойғы азап пен сорың қалды, -*

деп ақжарыла жыр төгеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, күн тәртібіне өткір қойылған мәселелердің бірі - мемлекеттік тіл тағдыры болды. Әрине, ұзақ жылдар бойы орыс тілі үстемдік еткен қоғамда ана тілі бірден салтанат құрып кетті деуге болмайды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барлық негізгі құжаттарда айқын белгіленіп, Тіл туралы Заңда, Мемлекеттік бағдарламада, Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты негізделгеннен кейін де, қоғамдық қарым-қатынас құралы болып кете қойған жоқ. Сол тұста ақын, қайраткер К.Салықов:

*Тағырдың түсіп тезіне,
Тартпасқа қорлық, мазағын.
Өз қолың жетсе, өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым! –*

деп жалпақ жұртқа Алаш ардақтылары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов сияқты ұранды сөз тастап, тіл тағдыры дегеніміз - мемлекет тағдыры екенін аңғартады. Ақын Аманқос Ершуов өзінің “Қазақ тілі” деген өлеңінде:

*Өз ұлыңмын мен өгейің емеспін,
Сүтін ішіп, ырыздығын жеп өстім.
Киелім-ау, өле көрме, енді өлсең,
Бізден кейін тірілтетін ешкім жоқ, -*

деп тосын ой тербейді. Бұдан тілге деген шын жанашырлық танылады. Тілге байланысты күрес әлі де жалғасып отыр.

Ақындар жаңғырған мемлекеттік рәміздерімізді де жыр өзегіне айналдырды. Азат елінің асқақтығын жырлаған М.Айтхожина:

*Жел ескен айдарынан батырының,
Қосылған сансыз ұлттың басы бүгін.
Көк туы көк күмбезде желбіреген,
Мен тәуелсіз қазақтың Ақынымын! -*

деп тебіренеді. Ақындар Көк Туды ата-бабамыздың жүзеге асқан арман-аңсарының символы, азаттығының айбынды белгісі деп қабылдайды. Б.Жақып:

Қолда бізді, батырлар аруағы,

*Қорға бізді, бабалар шаңырағы,
Елім бүгін Көк туын желбіретті,
Жер шарына естіліп Әнұраны, -*

деп рәміздеріміздің қуат, айбарын танытады. Бұл жырлардың айтар идеясы - Көк байрақтың астына бірігу, қазақтың ынтымағын сақтау.

XX ғасырдың соңы қазақ поэзиясына бір қауым жас ақындарды әкелді. Бұлар күрделі кезеңде әдебиет айдынына келсе де, дәстүрлі қазақ жырының жүгін ауырсынбай арқалап, сөз өнерінің мәртебесін көтере келді. Бұл ақындар тосын ойлы, тың бейнелі сөздер айта алды. Ақын Ж.Әскербекқызы:

*Мына галам Сіз бен Бізді ұға ма,
Көңіліме көшкендей күзгі нала.
Жалғандықтан жерінген біздің жүрек,
Жамандыққа қимайды Сізді гана, -*

деп оқырмандарын ойға шақыра отырып, сырласады. Сол сияқты, Маралтай:

*Қараңғы жерде жатырмын,
Құдайдың суретін салып қара қабырғаға, -*

десе, Б.Беделхан:

*Түсімде,
Санамның әмірі жүрмейтін әлем күшінде,
Зар мұңымды айтып, зәу Көкке самғап кетіппін,
Тәңірім, жерге түсірме, -*

деп қанатты ой оралымдарын төгеді.

Академик З.Ахметов: “Поэзиядағы тіпті ең қарапайым деген сөздердің өзі де ақын ой-сезімінің байлығын, айырықша қуаттылығын аңдататындай болса, жай айтылған үйреншікті мағынасынан гөрі әлдеқайда терең мағынаға ие бола алады”, - дейді. Осы жылдардағы алмағайып, күрделі кезең ақындарды дүр сілкінітіп, ой тереңіндегі ажарлы, бейнелі сөздерді айтқыза алды.

Қазақ ақындарының жыр жарысындағы қарымын Мұхтарға, Қанышқа, Қасымға, Сәбитке, Ғабитке, Түркістан мен Тараз қалаларына арналған жыр мүшәйралары байқата түсті. Мүшәйраға - жазба поэзия өкілдерінің сөз сайысына деген ықылас, әсіресе, ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толу қарсаңында ерекше арта түсті. Абайға арналған мүшәйра екі рет

1993 жылы және 1995 жылы өткізілді. Екеуіне 300-дей “өлеңге таласы бар” үміткерлер, танымал ақындар қатысты. Бұл ақындардың жырларында Абайдың рухымен тілдесу, өлеңін құрмет тұту байқалады. Мәселен, Иран-Ғайыптың “Ұрпақ сөзі”, Ж.Ерманның “Абайға мұң шағу”, М.Нетәлиевтің “Ақынмен сырласу”, Б.Серікбайұлының “Абаймен сырласу”, “Б.Мәжитұлының “Ұлы ақынмен сырласу” деген өлеңдерінде ортақ идея, көркемдік үндестік бар.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясында ақындарды толғандырған тың тақырыптардың бірі – жаңа Елорда, жаңа Астана. Ақын Дихан Баба Әбілев:

*Еңсең өссін күн санап,
Елің өссін жыл санап,
Шызармасын есіңді,
Қайтармасын сесіңді.
Уақыт деген Құмсағат!
Алла жар боп алдыңнан,
Аппақ күнің лауласын,
Дос-туысың көп болып,
Жақындассын жауласың!
О, Астана, айналдық!
Біздің соққан жүрек, Сен
Қадамыңа нұр жаусын,
Ақ батадан, тілектен! Әумин! –*

деп жаңа Астанаға Ақ батасын арнайды.

Астана қаласы тек еліміздің Бас ордасы болғандықтан ғана емес, ең бастысы Тәуелсіздіктің жас өркені, алғашқы перзенті болғанымен де аяулы. Ақындар осы тақырыпқа жарыса жыр жазып, тілектің тоғысуын байқатты. Ақын Қ.Шаңғытбаев:

*Астанам-ай, құтты болғай есімің,
Ашық болсын Алашыңа есігің, -*

деп жырлайды. “Астана” деген ұғымның аясын, арнасын кеңейтуде, мағынасын тереңдетуде қазақ ақындарының қосқан үлесі мол. “Астана” деген сөз қазір тілімізде “Елорда, қала” мағынасымен қатар, “отанымыздың жүрегі”, “мемлекетіміздің тірегі”, “тоғыз жолдың торабы”, “Алаштың айбыны” секілді тіркестермен бедерленуде.

Сонымен, тәуелсіздік кезіндегі жырларда қоғамдық ой-сананың жаңғыруы байқалып, идеялық-көркемдігі мен танымы жоғары жырлар туып, поэзиядағы ізденіс арналарын кеңейтті.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тәуелсіздік кезіндегі жырларда қоғамдық ой-сананың жаңғыруы байқалды.
2. Идеялық-көркемдігі мен танымы жоғары жырлар, поэзиядағы ізденіс арналарын кеңейтіп түсіндіру.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау. А., 1987
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2005
3. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 1987
4. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 1997
5. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985
6. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 1986
7. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. А., 1984
8. Қабдолов З. Жебе. А., 1977
9. Қабдолов З. Көзқарас. А., 1996
10. Қабдолов З. Арна. А., 1988

Поэма жанрының дамуы.

Мақсаты: Желтоқсан оқиғасының, халық тарихының поэмаларға арқау болу себебін түсіндіру. Поэмалардың тақырыптық, көркемдік сипаттарын ашу. Негізгі идеясын тныту.

Негізгі ұғымдар: поэма, тарихи тұлға, қаһармандық күрес, эпикалық поэзия, тәуелсіздік жылдары, көркем бейне.

Жоспары:

1. Желтоқсан оқиғасының, халық тарихының поэмаларға арқау болуы.
2. Тарихи тұлғалардың қазақ поэмаларындағы көркем бейнелері.
3. Дәстүрдің дамуы. Жаңашылдық.
4. Поэмалардың тақырыптық, көркемдік сипаттары.

Тәуелсіздік жылдары қазақ ақындары өлең өлкесінің өрелі жанры – поэмаға құлаш сермеді. Поэма жанрының әр дәуірдегідей, ең басты көркемдік ерекшелігі бұл жылдарда да айқын көзге шалынды. 1986 жылғы қазақ жастарының орыс империясының отаршылдық озбырлық саясатына қарсы қаһармандық күресіне арналған шығармалар эпикалық жанрда, соның ішінде поэмада пайда болды. Бұл ретте ақындар Асқар Егеубаевтың «Желтоқсан», Несіпбек Айтұлының “Мұқағали-Желтоқсан” поэмаларын атауға болады. Бұлар публицистикалық сипаттағы туындылар. Аталған поэмаларында ақындар сол жылғы (1986, 17-18 желтоқсан) қазақ халқының басынан кешкен қанды қырғынды бейнелеп береді. Қарулы әскердің қазақ жастарын аяусыз басып-жаншығанын шынайы суреттейді. Қазақ жастарының қаһармандық тұлғасы осы поэмалардан айқын көрінеді. Мәселен, “Мұқағали-Желтоқсан” поэмасында ақын желтоқсанда қазақ жастары қанға бөгіп жатқанда Алаштың ұлы тұлғаларын Алматы аспанында тоғыстырады. Олар ұран салған Мұқағали рухымен бірге шырқырап, әділетке араша түседі.

Қазақтың эпикалық поэзиясында халқына, еліне еңбек сіңірген тарихи тұлғалар жайлы поэма жазу дәстүрге айналып келеді. Бұл дәстүр, әсіресе, ХХ ғасырдың 70-80 жылдары кең өрістеген еді. Осы кезеңде әлем поэзиясы алыптарының бірі Әбілқасым Фирдоуси туралы С.Жиенбаев «Ақын», ұлы ғалым Әбу Насыр Әл Фараби туралы Қ.Мұқышев «Фарабидің сағынышы», татар халқының классик ақыны Ғабдолла Тоқай туралы І.Мәмбетов «Тұңғыш Тоқай», қазақ елінің ХҮІІІ ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен даңқты батыры Қабанбай туралы Н.Айтов «Қабанбай батыр» секілді поэмалар жазды.

90-жылдары қазақ халқының классик ақыны, қаһарман батыры Махамбет Өтемісұлы туралы Ж.Бөдешұлы «Жақия», Т.Медетбек «Махамбет рухының монологы», С.Тұрғынбекұлы «Махамбет және Жәңгір хан» поэмаларын, ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев туралы К.Салықов «Дананың сәтті сапары», қазақ халқынан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы К.Салықов «Қаныш-Жұлдыз» қарсы алды» деген поэмалары

өмірге келді. Солардың ішінде Т.Медетбектің «Махамбет рухының монологі» поэмасында кешегі кер заманда Махамбет арманының, ерлігінің көздеген мұратына жете алмай, «құзға құлап, мерт болуы», кейінгі ғасырға созылған отаршылдықтың темір құрсауының қамауында өмір сүрген қазақ халқының берекесі кетіп, азып-тозуы ақынның жалынды жырларының сарынымен әсерлі бейнеленеді. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік алғаннан бері егемен қазақ елінің әлемнің өркениетті елдерімен терезесі тең тұрғыласқан жарқын жылдарын ақын шабыттана толғайды. Осы кезеңдегі бірсыпыра поэмалар қазақ эпикалық жанрына тың мазмұн, жаңа көркемдік өрнектер қосты. Мәселен, Қ.Мырзалиев «Заман-ай» поэмасында (1997) Қазақстанның Кеңес өкіметі жылдарындағы тарихына бүгінгі биіктен жаңаша көзқараспен қарайды. Ақын өткен 70 жыл ішінде қазақ халқының басынан кешкен небір қиындықтарды нақты көркемдік ойлармен жинақтап береді. Поэmanın «Бұқара мен партократия» деген тарауында ұзақ жылдар бойы коммунистік партияның саясатынан халықтың зардап шеккенін тебірене жыр етеді:

*Уландырды сәбидей саналарды,
Тыңдамадық көреген даналарды.
Енді, міне,
Ұятын Партияның
Адал жандар арқалап қала барды!*

Сол сияқты Қ.Мырзалиевтің «Бес жыл өткен соң» поэмасынан (1997) нарықтық экономикаға көшкен дертті қоғам тұсындағы қазақ халқының аянышты кейпін көреміз. Ақын шығармасында қазіргі дүниені жалпағынан басып жүрген алаяқтарды әшкерелей отырып, бұқара халықтың күйзелген күйкі тірлігін ет жүрегі елжірей толғайды. Поэмада сапырылысқан шетелдік көліктен аяқ алып жүргісіз Алматы қаласының бүгінгі алабажақ бейнесін де, «өгіз арба» мен «жорға шанаға» қарап қалған қазіргі қазақ ауылының сұрғылт тірлігін де береді. «Заман-ай» және «Бес жыл өткен соң» поэмалары – қазақ халқының ХХ ғасырдағы басынан кешкен тарихын оқырман санасына толық жеткізетін көркем эпикалық туындылар.

Көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» (1999) поэмасының жазылуы қазақ поэмасы тарихындағы елеулі оқиға болды. Ақын бұл поэмасымен осы жанрдың көркемдік көкжиегін кеңейтіп, қазақтың эпикалық поэзиясының әлем алдындағы беделін жоғарылатты. Олай деуге себеп, ең алдымен, поэма мазмұнының аса тереңдігінде, шығармаға өзек болған басты идеяның адамзаттың мақсат-мүддесімен қабысатындығында. Ақын ұлттық шеңберден шығып, бүкіл әлемдік проблеманы қозғайды. Поэманың қамтыған мерзімі ұзақ. Ақын шығармасында бірде өткен ғасырлар құпиясына барлау жасаса, бірде бүгінгі күнде бүкіл адамзатты алаңдатып отырған өзекті мәселені тебірене толғайды. Бүкіл әлем тарихына шексіз қайғы, төтенше қасірет әкелген Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Гитлер, Сталин тағы басқаларының алапат жауыздықтарын жеріне жеткізе әшкерелесе, Адамзатқа тән асыл қасиеттерді, ізгілікті сақтау үшін қажымай күресіп, жер бетіне ізгілік, адамгершілік пен кемеңгерліктің ой қазынасын сыйлаған Аристотель, Конфуций, Әл-Фараби, Шекспир, Фирдоуси, Гете, Достоевский, Бетховен, Моцарт, Андрей Сахаров, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов тағы басқаларының мәртебелі бейнелері шалқар шабытпен жырланады.

Қазіргі бүкіл әлемді бағындырып, жаулап алған бұқаралық мәдениеттің адамдарды аздырып, әлсіретіп бара жатқан ұнамсыз сипаттары поэмада айқын көрініс берсе, бүкіл жер бетіндегі барлық адал ниетті халықтарды, барша мемлекет билеушілерін ұлы гуманизм үшін талмай күресуге үндеген бұл шығарманың қазіргі кездегі, болашақтағы мән-мағынасының биіктей беретіні анық. М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» поэмасы ғасырлар шындығын тереңдей бейнелеген шынайы туынды, қазіргі дәуірдің көркем шежіресі.

Бұл жылдары қазақ поэмаларының қорына Иран-ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?», «Батқан кемеңің бейбақтары», «Күшігінен таланған», «Қорқыттың көрі» драмалық дастандары, Е.Раушановтың «Ғайша-бибі», Н.Айтұлының «Бәйтерек», «Көк ала үйрек», т.б. поэмалар қосылды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Поэмаларды көркемдік тұрғыдан талдай білу.
2. Мәтінмен жұмыс жасай білу.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау. А., 1987
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2005
3. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 1987
4. Елеуенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 1997
5. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985
6. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 1986
7. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. А., 1984

Драматургияның дамуы. Драмалардың тақырыптық жүйесі.

Мақсаты: Драмалардың тақырыптық жүйесін ашу. Қазақ драматургтерінің жетістіктерімен таныстыру. Тарихи тақырыптардың және замана шындығының драмалық шығармаларға арқау болу себепін көрсету.

Негізгі ұғымдар: драма, тарихи тақырып, пьеса, сахналық кескін, драматургия, тарихи аңыз.

Жоспары:

1. Қазақ драматургтерінің жетістіктері.
2. Тарихи тақырыптардың және замана шындығының драмалық шығармаларға арқау болуы.
3. Ә.Кекілбаев, М.Байсеркенов пьесаларындағы Абылай тұлғасы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әдебиеттің басқа жанрларымен қатар, драма да дами түсті. Мәселен, С.Жүнісовтің “Кемеңгерлер мен көлеңкелер”, Ш.Мұртазаның “Сталинге хат”, “Бесеудің хаты”, “Қызыл жебе”, Д.Исабековтың “Тор”, “Актриса”, Ә.Таразидің “Ақын. Періште. Махаббат”, Б.Мұқайдың “Өмірзая”, Ә.Кекілбаевтың “Абылай хан”, Ш.Құсайыновтың “Томирис”, Р.Мұқанованың “Мәңгілік бала бейне”, И.Сапарбайдың “Сыған серенадасы”, Д.Амантайдың

“Сәлметсіз бе, қоңыр мұң”, С.Сматаев пен Т.Теменовтің “Көгілдір такси” сяқты адам жанының қуанышы мен қайғысын, адалдық пен арамдықты таразылайтын драмалар туды.

Тарихи-өмірбаяндық пьесалардың ішінде Ә.Кекілбаевтің “Абылай хан” мен М.Байсеркеновтың “Абылайдың ақырғы күндері” драмаларын атауға болады. Абылай ханның бейнесін жасауда жарыса қалам тартқан екі автордың да айтар ойлары айқын. Ұлы тұлғаның сахналық кескінін еске ұстай отырып, жалпы әдеби драматургиялық нұсқаның ішкі қақтығысқа толы күрескерлік, қаһармандық рухын сақтаған. Бұрын әдебиеттің қай жанрында да дәріптелмей келген Абылай сынды тұлғаның жеке өміріне, тағдырына байланысты деректердің тапшы болғанын ескерсек, бұл драмалардың ұрпақ үшін тарихи маңызы зор. Ә.Кекілбаевтің драмасындағы оқиға тізбектері көп жылдарды қамтып, хроникалық тұрғыда беріледі. Абылай хан (1711-1781) - өз уақытының ірі мемлекеттік қайраткері, реформатор, Ресей мен Қытай ортасында жатқан қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау үшін үлкен еңбек сіңірген, басқару ісінде жаңа ұстанымдарға сүйенген тұлға. Пьесаға негіз болған Абылайдың алғаш таққа отыруы мен оны паналап келген Әмірсана тағдыры. Осы оқиғаның төңірегінде хан тұқымдарының билікке таласы, хан өмірі мен оның саяси жолы, арман-мақсаты, өкініш-наласы бейнеленген. Бір жағынан Ресей қыспағы, екінші жағынан Қытай империясының қазақ еліне көз алартуы, енді ғана тұйықталған Жоңғар жорығы, осылардан сақтану, елді бірлікте ұстау, ағайынның дау-дамайын басу осының бәрі Абылай үшін ауыр жылдар еді.

Әбіш Кекілбаев әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған кезде жазылды. 1998 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Жазушының прозасында көтерілген ғасырлар бойы халық аңсаған тәуелсіздік, азаттық идеясы осы драмалық туынды арқылы сахнаға шықты.

Пьеса үш көріністен тұрады. Бірінші көріністе тарихи аңыздардан мәлім, Абылайдың Сабалақ атанған жас күні

суреттелген. Ұрыс даласында қалмақтың батыры Шарышты өлтіріп, батырлығымен көзге түскен сабалақтан Көмей әулие кім екенін сұрайды. Сөйтіп Абылайдың тегі анықталады. Азан шақырып қойған аты Әбілмансұр. Жауға тасы Абылайдың атымен ұрандап шабады.

Екінші бөлімде аң аулап жүріп, қапыда қалмақтардың тұтқынына түседі. Абылайдың жан арпалысы арқылы мінез бітімі ашылған. Ерекше қаһарман туған жас Қалданды да ойға қалдырған. Тұтқынға көңілі кетіп, көмекке келетін Күлпаш сұлу, олардан туған Әмір Сана оқиғалары пьесадағы тартысты күшейте түседі. Абылай зынданнан шешендігімен, тапқырлығымен құтылады. Драматург бұл тұста сөз құдыретіне ерекше мән береді. Әйгілі жыраулардың Абылай ханға қарата айтатын «үш ауыз сөзбен құтылдың» дегенінің мәнісін ашады. Сондағы үш ауыз сөз Әбіш Кекілбаев туындысында былайша беріледі:

«Қалдан: Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жәріместігінен ойнайды, Бағлан ойнаса білместігінен – ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тірессе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады».

Қалданның астарлы сұрағына Абылай осылайша шешендікпен жауап береді. Абылайдың айбатынан сескенген қалдан басына азаттық беріп, іргем тыныш болар деген оймен қызы Топышты қосып, еліне аттандырады.

Үшінші көріністе тартыс күшейіп, оқиға ширыға түседі. Ел ішіндегі лаң, бітпес дау суреттеледі. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмір Сананы қайтаруды талап етеді. Хан баласын Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Бір жағынан орыс, бір жағынан қалмақ, бір жағынан қытай қысқанда, оған ел ішіндегі дау қосылып, Абылай сан сауалға жауап іздепаласұрады. Абылайдың мұндай кезде кеңесшісі, ақылшысы Көмей әулие – тарихтағы Бұқар жыраудың бейнесі. Ханға өктем сөйлеп, кеңес беріп, керек жерінде түзетіп отырған данышпан қарт жалпы қазақ даналығының жиынтық бейнесіндей. Күлпаш

пен Топыш, кейуана мен дуана бейнелері бас қаһарманның мінезін танытуда өзіндік роль атқарған.

Пьесада ұлттық мінез бен болмыс айқын танылады. Жалқаулық пен кертартпалық, аяқтан шалу сияқты қазақи мінездеді драматург кейіпкерлердің әрекеттері мен пиғылдары арқылы көрсеткен.

Қорыта айтқанда, Ә.Кекілбаевтің «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туындысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын еркін игергеніне осы пьеса мысал.

М.Байсеркеновтың “Абылайдың ақырғы күндері” драмасында бір тәулік ішіндегі Абылайдың жай-күйі, іс-әрекеті суреттеледі. Сырқат Абылай аласапыран да тас түйін күйде, психологиялық тұрғыда ауыр жағдайды бастан кешеді. Пьесадағы Абылайдың өлімі туралы болжамдардың бірі сюжетке негіз ретінде алынады да, хан өмірінің соңғы үш күнін бейнелейді. Осы күндер ішінде хан өз өміріне жүргізген саясатының жетістік-кемшін тұстарын, қателігін, өкінішін, қол жеткізе алмай қалған арман-аңсарын зерделеп, көз алдынан өткізеді. Хан өмірі, оның саяси жолы, ондағы жақтастары мен қарсыластары, жорықтары “сана ағыны” тәсілімен де, Бұқар жыраумен диалогтарында айшықты бейнеленеді. Пьесадағы кейіпкерлер саны үшеу: Абылай, Бұқар жырау, Сейіс. Бұқар – ойшыл, ханның кеңесшісі, жырау; Сейіс – Абылайдың күзет басшысы, ханға көзсіз берілген адам. Сахнада өтетін оқиғалар бір-бірімен жалғас екі уақыттық өлшеммен беріледі. Алдымен ел-жұртының көз алдында Абылай мен халықтың тағдыры сығымдалып, жинақталып беріледі, екіншісі өткен тарих бүгінгі күнмен салыстырыла көрінеді. Абылай ұлы хан болғанымен, Уақыт пен Тарих алдында кәдімгі жан, пенде. Яғни, пьесаның соңында барлығын таразылайтын, барлығына төрелік ететін – Уақыт деген түйін беріледі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әдебиеттің басқа жанрларымен қатар дамыған драма даму үрдісін таныту.
2. Пьесадағы кейіпкерлер жүйесін саралай білу.

Әдебиеттер:

1. Сығаев С. Сыр сандық. А., 1981
2. Талжанов С. Аударма және қазақ тілінің мәселелері. А., 1974
3. Тоқбергенов Т. Қос қағыс. А., 1981
4. Тоқбергенов Т. Үш тоғыс. А., 1977
5. Уақыт және қаламгер. I-XIV кітаптар. А., 1973-88
6. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. А., 1966
7. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. А., 1997

Ш.Құсайынов пьесасындағы тарихи-аңыздық оқиға.

Мақсаты: Шерхан Мұртаза пьесаларындағы уақыт шындығы және тартыс мәселесін шешу. Тарихи тұлғалар бейнесін аша білу. Сәкен Жүнісовтің драмаларын оқыту. «Қылмыскер» пьесасындағы өмір шындығын көрсете білу.

Негізгі ұғымдар: тарихи-аңыздық оқиға, тарихи тұлға, уақыт шындығы, тарихи тақырып, драматургия.

Жоспары:

1. Шерхан Мұртаза пьесаларындағы уақыт шындығы және тартыс мәселесі.
2. Тарихи тұлғалар бейнесі. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмаларындағы тарихи оқиғалар.
3. Сәкен Жүнісов драмалары. «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» пьесасында уақыт шындығының, кейіпкерлер характерінің берілу тәсілі.
4. «Қылмыскер» пьесасына негіз болған уақыт шындығы.

Ш.Құсайыновтың “Томирис” пьесасы да тарихи тақырыпқа жазылған сәтті туынды. Біздің дәуірімізге дейінгі 530-шы жылдар шамасында өмір сүрген сақтар патшайымы Томирис өз жері, туған даласы үшін аянбай күрескен. Оның даңқы кейінгі Геродот жазбалары арқылы жеткен. Бүкіл Азияны билеген парсы патшасы Кир сақ даласына да көз алартады. Өзі билік құрып тұрған жердегі байлыққа көңілі толмай, Томирисі жар етіп, сақ

даласына үстемдік етсем деген ой мазасын алады. Осы ойын Томириске жеткізеді. Ол Кир патшаның қызыққаны сақ даласының кеңдігі мен асып-тасқан байлығы екенін түсініп, парсы патшасының бұл ойы жүзеге аспайды деп жауап береді.

Парсы әскерлеріне қарсы алғашқы айқаста Томиристің баласы Спаргапис қаза табады. Ұлынан айырылып ашынған ана бүкіл сақ жұртын атқа қондырады. Тарихшы Геродоттың айтуынша бұрын-соңды болмаған сұрапыл шайқас болады. Жеңіліс тауып көрмеген Кир патшасы сақтардың жауына қатал, жорыққа берік халық екенін білсе де, жеңуді мақсат етеді. Сырдарияның бер жағында өткен алапат шайқаста сақтар өздерінің жауынгер халық екенін дәлелдеп, парсыларды қырып салады. Міне, біздің бүгінгі жерімізді ұлы бабаларымыз осылай қорғап қалған. Пьесада биік отаншылдық рух танылады.

Көркем прозасымен қазақ әдебиетінің қорын байытқан Шерхан Мұртаза драматургия жанрының да дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ театр сахнасының тұрақты репертуарына айналған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Белгілі драматург Қалтай Мұхамеджанов «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмаларын «халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драматология» деп бағалаған болатын.

Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты заманның шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңа жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апат әкелгенін Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға қаламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап

көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді.

Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақтығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұлматтың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер.

Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлкелік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х.Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтың азаматтық тұлғасын толықтытар оқиға пьесадағы тартыстың өзегіне алынған.

Шерхан Мұртаза «Домалақ ана» пьесасында аңыз оқиғасына тереңдей енсе, «Ноқтаға басы сыймаған» пьесасында халықтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының сахналық тұлғасын сомдаған. «Жалғыз үйлік зілзала» пьесасында қаламгердің соңғы жылдарда баспасөз бетінде өзі көтеріп жүрген өзекті әлеуметтік мәселелерді жинақтап, сахнаға шығаруды көздеген. Астанада болып жатқан, бүгінгі күннің ең басты мәселелесіне айналған, шешімін таппаған баспанасыздық, тұрғын үй, мансапқорлық, парақорлық, көкек аналар оқиғалары топтастырылып, пьесаның арқауына айналған. Пьесада бұл мәселелер шынайылықпен бейнеленіп, қақтығыстар мен тартыстар нанымды шыққан. Қазақ халқының тағдыры, жанайқайы Сандұғаш пен Малқар, Салбырақ, Қорған, Мүнира, Сырға сияқты кейіпкерлер арқылы жеткізілген. Жариялылықты пайдаланып көбейе бастаған партиялардың

мақсат-мүдделері бірде жеңіл күлкімен, бірде ащы мысқылмен шебер әшкереленген.

Қаламгер Сәкен Жүнісов қазақ драматургиясының дамуына да үлес қосты. Бұл жанрдағы тырнақалды туындысы – «Бәсеке» атты шағын пьеса. Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтердің шағын прозаларының желілерін негізге ала отырып, «Ажал мен Ажар» пьесасын жазды. «Қызым, саған айтам» драмасында адмгершілік, әдеп пен иба, отбасы бірлігі мәселесі көтерілген. Бұл пьесаның басты ерекшелігі – кейіпкерлер монологының шегіністерден тұруы. Бірқатар пьесаларын өзінің прозалық туындыларының негізінде жазған қаламгер драматург ретіндегі шеберлігін барынша танытты. «Қос анар» («Жапандағы жалғыз үй» романының негізінде), «Төгілген қандар, шашылған жандар» («Заманай мен Аманай» повесі бойынша), «Өліара» («Ақ қасқырлар қамаған қызыл керуен» повесі негізінде) драмаларындағы терең психологизм мен драматизм прозалық туындыларды жанр заңдылығы мен талабына барынша икемдеп, жаңа сапалық өзгерістерге түсірген. «Өліара» пьесасы үшін қаламгер Мемлекеттік сыйлық алды.

Драманың бір саласы – комедия жанрында да Сәкен Жүнісов үш туынды берді. «Қысылғаннан қыз болдық» атты музыкалық комедиясы Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» атты диалогқа құрылған өлеңімен үндес. Ал, «Кроссворд немесе масханадағы маскарад» атты екі бөлімдік сатиралық комедиясы сахналық қойылымнан тез түсіп қалды. Себеп – ондағы Маймыл, Түлкі, Қасқыр кейпіндегі кейіпкерлер қоғамдағы шындықты шебер бейнелеуімен жұрт назарын аударып, кейбіреулердің күдігін туғызғанын театр сыншысы Әшірбек Сығай жазған болатын. Пьеса Орталық Комитеттің нұсқауымен қойылымнан алынды. Драматургтің мақсаты – пьесадағы айықтырғышқа түскен жандарға табиғатына сәйкес аңдық «маска» кигізе отырып, қоғамның көлеңкелі жақтарын ашу. «Жаралы гүлдер» пьесасы Отан соғысы кезіндегі тылдағы халықтың өмірін суреттеуге арналған. Әкелері соғысқа аттанып, қабырғалары

қатып, бұғаналары бекімей тұрмыстың ауыртпалығын арқалаған жасөспірімдер тағдыры пьесаның негізгі тақырыбы.

Драматург қаламынан туған «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» – халқымыздың біртуар тұлғаларына арналған, көпшілікке белгісіз жайттарды көркем бейнелеген туынды. Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты әдебиетіміздің алыптарын кейіпкер етіп ала отырып, драматург бірнеше линияда қоғамдағы шындықты, тартысты жағдайларды шеберлікпен көрсетеді. Кемеңгерлердің азаматтық ұстанымдары мен дүниетанымдары, оларды аңдып баққан көлеңкелердің іс-әрекеттері, бүгінгі ұрпақ өкілдерінің шындықты білмекке ұмтылуы драма оқиғасын барынша ширықтырып, салмағын арттырған.

Драматургтің «Қылмыскер» атты пьесасы Мәдениет министрілігінің 2003 жылы жариялаған ұлттық «Астана – Бәйтерек» конкурсында бас бәйгені жеңіп алды. Пьесада бүгінгі күннің шындығы әлеуметтік талдау арқылы көрсетіледі. Кейіпкерлері – кешегі өнер жұлдыздары, бүгінгі көр қазушылар. Жай ғана көр қазушылар емес, зират басындағы бірнеше гектар жерді алдын ала сатып алып, ақша табушы кәсіпкерлер. Аттары да өздерінің болмыстарына сай. Біреуі – Шалам (шөп-шалам), екіншісі – Әлімқұлы. Екеуін біріктіріп «Шаламалейкум» деп атаған. Бұлардан басқа сүр бойдақ, үйленуге ниет етіп жүрген, Қытайдан келген оралман, бүгінгі күні Қытай базарында милиционер болып жүрген Елеусіз деген жігіт, оның қалыңдығы сотта қызмет істейтін Нәзира атты қыз. Екеуі үйленіп, отау құрмақшы болып, тойларына көр қазушы достарын шақыра келіп отыр. Бірақ, екеуі нілдей бұзылып, болғалы тұрған той болмай қалады. Күйеу жігіт қайғылы қазаға ұшырайды. Автор қоғамдағы көлеңкелі тұстарды, ұнамсыз жайттарды, ұлттық болмыс пен ғұрыпты сақтап қалуды, қазақ жерінің тағдырын драмалық тартыс аясында суреттеп жеткізеді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Тарихи тақырыпта жазылған Ш.Құсайыновтың “Томирис” пьесасындағы кейіпкер жүйесін таныту.
2. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» пьесаларын оқыту.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік жинақтау. А., 1987
2. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2005
3. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 1987
4. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 1997
5. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 1985
6. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 1986
7. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. А.,

Драмалық дастандар.

Мақсаты: Драмалық дастандардағы уақыт шындығы және тартыс мәселесі. Тарихи аңыздардың драмалық дастан сюжетіне айналу үдерісіне талдау жасау.

Негізгі ұғымдар: драмалық дастан, тартыс, тарихи тұлға, уақыт шындығы, тарихи тақырып, драматургия.

Жоспары:

1. Иран-Ғайыптың (Иранбек Оразбаев) «Қорқыттың көрі» драмалық дастаны .

Өзіндік үнімен, өлеңдегі дара бітім, бөлек мінезбен танымал ақын Иран-Ғайыптың “Қорқыттың көрі” атты драмалық дастаны қаламгер шеберлігін тағы бір қырынан ашып салғандай.

“Қорқыттың көрі” драмалық дастанының басты оқиғасы – Қорқыт туралы аңыздар негізінде түзілген тартысқа толы ситуация. Идеясы – рухтың, өнердің жасампаздығы.

Иран-ғайып – қазақ драматургиясына драмалық дастандары арқылы қомақты олжа салған қаламгер. Оның «Хайуандық комедия» (Шыңғыс хан заманы, Жошы, Ақсақ құлан туралы аңыздар желісімен өрбітілген), «Батқан кемеңгер бейбақтары» (белгісіз заманда, белгісіз аралдағы, Адам ата мен Хауа ана,

Бейкүмән мен Нәкүмән айналасындағы оқиғалар), «Мен ішпеген у бар ма?» (данышпан ақын Абай қасіреті), «Күшігінен таланған» (әйгілі Ақсақ темір тағдыры), «Аттын адам», сондай-ақ соңғы кездері театр сахнасына шыққан «Естайдың Қорланы» драмалық дастандары қаламгердің драматург ретіндегі шеберлігін паш еткен дүниелер.

“Қорқыттың көрі” драмалық дастаны да барынша буырқанған ақындық шабытты айғақ еткен бірегей туынды. Бұл драмалық поэманың кейіпкерлері – күллі түркі дүниесінің қасиетті абызы, пірі Қорқыт ата мен Жаналғыш-қызыл Қанат Әзірейіл, Қорқыттың әкесі – Қарақожа-Оғыз ата, анасы-Қамқа-Қыпшақ ана, билеуші-бек – Қаһан, Қорқыттың жары – Сарын ару, досы Рәпіл, көңілдесі – Нике. Бұлардан басқа дастан оқиғасына әр түрлі Дауыстар және Қырық қыз қатыстырылған. Оқиғаның өтетін уақыты – «Расул (Мұхаммед) Пайғамбар заманына жақын тұс (VII-VIII ғасыр), өтетін жері – «Баят (Сырдария өзені) бойы» (Дастанның кіріспесінде көрсетілген мәлімет осындай).

Драмалық дастан мазмұнына көз жүгірткенде ең алдымен аңғарарымыз – оқиға мазмұнына өзімізге таныс, халық жадында сақталып келген аңыздар желісінің алынғандығы. Иран-Ғайып аңыз оқиғасын шығарма өзегіне ала отырып, өзінің суреткерлік қиялына сай, поэтикалық бояуы қалың көркемдік шешім жасаған. *Қорқыт ата туралы аңыз-әпсаналардың ішінде ең әйгілісі – абыз-бабаның ажалдан қашуы, сондай-ақ қобыз аспабын жасап, одан мұңлы да гажжап әуенді күй төгілгені.*

Аңыз дастанның бірінші бөлімінің бірінші көрінісінде заманына налыған Қорқыт көктегі ие – Тәңіріне мұң шағады. Бұл көрініс «Аспан асты... Жер үсті... Ұлы дала... Табиғат» аясында өтеді. Тәңірмен тілдеспекке көкке қарай ұмсынған Қорқыт күңіренісінде күллі адамзаттың ұлы мұңы жатқандай.

... Кем түйсініп, Аз ұғам:
Мүмкін сенің بازیңаң...
Бейне нахақ наласындай Ғаламның
Жатырында
Үш жыл жаттым Анамның!

Әуел баста-ақ
Маған қимадың
Тоғыз ай
Тоғыз күншілік
Шарана-Ғұмырын Адамның,-
деп тебіренген Қорқыт толғанысының өзегі-оның ана құрсағында
үш жыл жатқандығы туралы аңыздан бастау алады. Ел
аузындағы:

Қорқыт туар кезінде
Қара аспанды бу алған,
Қара жерді су алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған, –
деген жыр жолдары Иран-Ғайып дастанында былайша өңденеді:

Мен келерде –
Ай менен күн шағылысып,
Аруана-тіршілік
Күйісінен жаңылысып,
Ауа қозданып –
Қара аспанды бу алды
Топырақ базданып –
Қара жерді су алды.
Екі аяқты жұмыр бастының –
Зәре-құтын ұшырып,
Салып тудым лаңды...

Бірінші көріністегі Қорқыт монологы – ортасына сыймай
аласұрған, тек табиғатты медеу тұтып, соған бас ұрған,
Жаратушы Иемен тілдесіп, жаратылыстың құпиясын білмекке
ұмтылған ерекше болмысты адамның жан толғанысы мен жүрек
шері.

Жаратушы Иеге:

Қорқыттың кім екенін
Жаратушы өзің болмасаң,
О, Тәңір,
Түсінбейді бұл тобыр, –
деп наз айтып, налыған Қорқыт:
Көк төрінде –

Сен жалғыз,
Жер бетінде –
Мен жалғыз, –

деген күңіренісін күрсініспен айтады. Қорқыт болып күңіреніп, Қорқыт болып налыған ақын Жаратушы Иеге деген шексіз сенімін осы жолдармен білдіріп тұрғандай.

Жердегі тірлікке көңілі толмаған Қорқыт:

Мен де ұмытам Сені!
Бұдан былай-
Өзіме-өзім-Құдай, –

деген сәтте Күн тұтылып, Жер-қозғалғандай болады да, кәрі жартас құлап түседі. Жартас-Дауыс Қорқытқа «Құдай болмағың құр қаңқу» дейді. Оны да тындамаған соң, Жартас басындағы Шырғай ағашқа жай түсіп құлайды. Енді Шырғай дауыс:

Құдай бола алмайсың,
Қорқыт!
Мен тәрізді!
Омақаса жығылып,
Сен де бір күн-
Тынасың,-

дейді. Қорқыт шырғай-ағашқа балта сілтеген кезде, одан таңғажайып үн шығады. Сол сәтте Дауыстар сөйлеп, Тәңірге тіл тигізбей, райынан қайтуын өтінеді:

–Сен де-өлесің ,
Қорқыт!
Көресіңді көресің –
Қорқыт.
– Өлесің, –

десіп жамырайды.

Шырғай-Ағашқа балта сілтеген сайын Таңғажайып үн әуелеп, күллі дүниені ұйытады.

Қорқыт туралы аңыздың бірі-оның қобызды дүниеге әкелуі болса, осы желі Иран-Ғайыптың дастанында мәні тереңдеп, тартыспен беріледі. Қорқыттың өлімнен қашуы – өліммен арпалыс, оған қарсы күрес болып көрсетіледі.

Екінші көріністе – оң қолына аса, сол қолына шырғай ағаштан жасалған қобыз ұстаған Қорқытты жанды-жансыз

табиғатпен тілдесіп келе жатқан сәтінде кездестіреміз. Аққу-дауыстар:

Қобыз үніне

Зармыз...

Қорқыт, –

деп назданады. Тырна дауыстар Қорқытты күткен сұлу да сұңғыла жар бар екенін жеткізеді. Сол сәтте Қорқыт қобызын шалады. Күй соңы елеске ұласады. Елес ішінде - Қорқыт күйінің талып естілген үніне елтіп, қырық қызды қасына ертіп, Қорқытқа жетпек болып жолға шыққан Сарын-ару. Таңғажайып үнге елітіп, күн-түн сапарда келе жатқан қырық қыз шөлге ұрынады. Ақыры қырық қыз да мерт болып, Сарын-Ару табаны ойылғандықтан ақсаңдай басып жетіп, Қорқыттың қарасын көргенде ес-түссіз құлайды. Қорқытқа қатысты аңыздардың тағы бірі-қырық қыз бен ақсақ қыз туралы. **Аңыз айтады: қырыққыз бірдей Қорқытқа жетеміз деп сапарға шыққанымен, жолда ажал тауып, іштерінде жалғыз бір ақсақ қыз ғана жеткен екен дейді. Енді бір аңыз айтады-Қорқыт күйіне өлердей ынтық болған ақсақ қыз абыз-атамыздың жары екен дейді.** Ал, Иран-Ғайып қыздың ақсау себебі-жол азабы, есімі Сарын-ару дейді. Ақын аңыз әлемін кезе жүріп, жаңа бояу, тың желі мен соны оқиға тудырады.

Екінші бөлімдегі оқиға оғыз-қыпшақ елінің билеуші-бек қаһаны қайтыс болып, оны жұрттың азалауы сәтінен басталады. Дауыстар бектің тірліктегі бектігін, жақсылығын айтып, жоқтайды. Осы сәтте «күн-тұтылып, жер қозғалғандай» болады. Алыстан әуелі сарын жетіп, сонан соң Қорқыт келеді. Өлген бектің жанын қайта кіргізбекші болып, қоңыраулы асасын қолға алып, бақсылығына басып, жындарын шақырады. Алайда әл-дәрмені жетпейді:

Қуат-қайратым –

Тұла бойымды тастап,

Қашқан сыңайлы.

Ақыл-санамның да Айбатын –

Құдіретті бір күш жасқап,

Басқан сыңайлы...

Билеуші бектерінің
Жанын алған кім еді?!

Дауыстар:

– Тәңірінің түнегі...
– Сұмырай Ажал
– Қызыл қанат әзірейіл...

Поэманың алдыңғы бөлімінде Сарын-Арумен кездесіп тұрған сәтінде күңіренген Ажал-дауыс:

...Бұ дүниеде-үлесің:
Сен-жер бетінде
Қырық жыл ғана өмір сүресің,
Қорқыт, –

деген болатын. Сол Ажал-дауыс енді көр түбінен бұрынғыны қайталай айтып:

Пәлі?!
Бүгін – тура қырықтасың
Яки, мендік ырықтасың
Қорқыт, –

деп мазақтай күледі. Жер астынан шыққан Әзірейіл-Ажал аузынан айтылатын поэтикалық толғау-дастанның мазмұнын тереңдетіп, оқиғаны ширықтыра түсетін жолдар. Көркемдік нақышы мен ырғақ мақамы арқылы да Ажалдың адам атаулыны үрейлендіретін сұсты қалпы аңғарылып тұрғандай.

Ажалмен тайталасқан сәттегі Қорқыт тұлғасы тіптен күрделене түседі. Өз құдіретін дәлелдемек болған Ажал-Әзірейіл Билеуші-Бекке қайтадан жан кіргізеді. Қайтадан тағына мінген бек қобыз кімдікі екенін, көр кімдікі екенін сұрайды. Дауыстар қобыздың да, көрдің де Қорқыттікі екенін айтады.

Бар пәле – кімде,
Қорқыт?!
Айтшы,
Қобызда ма,
Сенде ме?! –

деп сұраған билеуші бекке Қорқыт:

–Тек!
Пәле өзің тақылеттес
Ақыл-есі кемде,

Билеуші-Бек –
дейді. Ызаланған бек қалың топқа:

Қорқытты
Тірі күйінде
қобызымен қоса көміңдер-
қайтып шықпастай қып Көріне! –

деп бұйырады. «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген ел аузындағы мәтел өзіне қазылған көрден қашып, шартарапты кезіп кеткен Қорқыт атамызға байланысты туса, ақын бұл желіні мүлде басқа арнаға бұрып, тың оқиға тудырған. Яғни Қорқыт өзіне емес, Билеуші-Бекке арнап қазылған көрге түсуі керек. Ендігі оқиға ежелгі жазба мұра – «Қорқыт ата кітабындағы» «Доқа қожаұлы ер Домрул» атты жырмен үндеседі. Ақын ондағы оқиғаны желі етіп алғанымен, өзгеше өрнекпен құрған. Өзірейіл-Ажалдан жан беріп, жан алушы- Тәңірдің өзі екенін естіген соң, Қорқыт оның құдіретіне құлшылық етеді. Пендесінің өзін шәк келтірмей танығанына риза болған Тәңір-дауыс: «Өз жанының орнына басқа біреудің жанын тауып берсін», - дейді. Қорқыт ет жақындары - әкесі Қарақожаны, анасы Қамқаны, досы Рәпілді, көңілдесі- Никені атайды. Бұлардың бәрі ажал алдында дәрменсіз. Тіпті әкесі Қарақожа:

Қайдан білем мен байғұс,
Кім екенін әкесі-
Көр иесі Қорқыттың?!
Шешесінен сұрап көр –
Сол біледі анығын... –

дегенге дейін барады. Анасы болса:

Менің берер
Артық-ауыс жаным жоқ –

деп, бір-ақ қайырады. Әкесі Қарақожа:

Қаратауымды алсын-
Жайлауы болады.
Ақ отауымды алсын-
Ойнағы болады.
Үйір-үйір жылқымды алсын –
Мінері болады.
Ақтылы қойларымды алсын –

Шідері болады.
Алтын, күмісімді алсын
Жинаған
Жанымды өзіме қи,
Балам,-

деп Қорқыттың аяғын құшып жалбарынады. Досы Рәпіл:

Егер сен-
Ғайыптан күсіп,
Ақ мұнарлы қамалға түсіп-
Гәуірлерге тұтқын болсаң
Ғұмыр бойына теріп,
Тірнектеп жиған барымды беріп,
Ыстығыңа күйіп,
Суығыңа-тоңар ем...
Құтқарар Мықтың болар ем!
...Жан баруге –Осалмын –

деп ағынан жарылып, шынын айтады. Көңілдесі – Нике де жанын беруден бас тартады. Осындай қиын сәтте Қорқытты құтқарған – жары Сарын-Ару. Ол Әзірейілге Қорқыт үшін өз Жанын алуды өтініш етеді. Енді Сарын-Арудың алдында Ажал дәрменсіз халге түседі. Аяғы ауыр арудың жанын алуға батылы бармайды. Әрі оған шексіз риза болады. Келесі сәтте Қорқыт өз жанын алуға ризашылық білдіреді. Соңғы сәтте қобызбен күй тартып, өмірмен бақұлдасуға мұрсат сұрайды. Күй тартылғанда көр ішіндегі әзірейіл-Ажал ізім-қайым жоқ болып кетеді. Қобыз шалса қалың топ сілтідей тынып, күй тоқтаса «Қорқыттың көрі», – деп шуласып қоя береді. Қорқыт болса Сарын-Аруды ертіп, топтан сытылып шығып кетеді.

Төртінші көріністе Қорқыт-Абыз Желмаясының терісінен жасалған киелі кілемін төсеп, Сырдарияның үстінде күй тартып отырады. Ақын бұл жерде Қорқыттың сәбиіне арналған «Әуіп-пай» күйін шалуын тілге тиек етеді. Бір сәт қалғып кетіп, ажал жылан болып келіп, шағып алады. Қорқыттың соңғы аманаты– өзін Қазалыға жерлеу және қобызды ұлына тапсыру.

Ақынның оқиғаның ерекше ширыққан тұстарын «күн – тұтылып, жер қозғалғандай болады» деген жолдармен ажарлауы дастанның көркемдік шырайын аша түседі.

Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» аңыз дастаны – аңызды өзінің көркемдік-идеялық мақсаттарына сай өңдендіре, өзгерте драмалық тартысқа құрған, Қорқыт-Абыздың күрделі де тылсым болмысын танытқан тамаша поэтикалық туынды. Осы шығармасы үшін 2002 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Драмалық дастанның жанрлық ерекшеліктерін анықтай білу.
2. Мәтіндік талдаулар жасау, салыстыру ұстанымларын жүйелеу.

Әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. А., 1982
2. Майтанов Б. Көркемдік нәрі. А., 1983
3. Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. А., 1982
4. Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. А., 2002
5. Нұрғалиев Р. Діңгек.1-2 кітап. А., 2009
6. Сарбалаев Б. Ақиқат алдында. А., 1985
7. Тәуелсіздік мұраттарын қалыптастырудағы қазіргі қазақ драматургиясының эстетикалық-әлеуметтік функциясы. Астана, ЕҰУ, 2011.

Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары.

Мақсаты: Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттегі жаңа бағыт, үрдістерін қарау. Көркем аудармаға мән беру. Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орнын айқындау.

Негізгі ұғымдар: дипломатиялық қатынас, халықаралық ұйым, абайтану, мақала, жаңа бағыт, көркем аударма.

Жоспары:

1. Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттегі жаңа бағыт, үрдістер.
2. Әдеби байланыстардағы жаңаша сипат.
3. Көркем аударманың дамуы.

4. Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орны.

XX ғасырдың соңғы жылдарындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер нәтижесінде әдебиеттің дамуында жаңа бағыт, үрдістер орныға бастады. Басқа ел әдебиеттерімен арадағы байланыс өркендеді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы әлемнің көптеген елдерімен тікелей дипломатиялық қатынасқа түсе бастады. Қазақ әдебиеті шығыс және батыс елдері әдебиетімен рухани байланысты кеңейтті. 1993 жылы Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және басқа түрік тілдес елдердің әдебиет және мәдениет аралық қатынастарының дамуына ықпал жасайтын Халықаралық ұйым құрылды. Бұл ұйым қазақ әдебиеті классикасын түрік тіліне аударуға және абайтану бойынша зерттеулер жүргізуге атсалысты. Түркияда Абайдың өмірі мен шығармашылығы кеңінен таныстырыла бастады.

М.Әуезовтің 100 жылдығы және Қожа Ахмет Иассауидің 1500 жылдығы мерейтойларына түрік әдебиетшілері белсене араласты. 1999 жылы Анкарада М.Жармұхамедұлының “Қожа Ахмет Яссауи және Түркістан” деген монографиясы А.Чинар мен И.Каламчидің аударуымен басылып шықты. Түркияда құрылған Яссауи атындағы қор қазақ ақын-жазушыларының бес томдық жинағының түрік тілінде басылып шығуына жәрдемдесті. Түркия баспасөзінде М.Әуезов шығармашылығы туралы Али Аббас Чинар, Ипекоулу Фахрие, Садық Турал және тағы басқа түрік авторлары жазған әдеби-сын және ғылыми-зерттеушілік мақалалар жиі жарияланады. Сонымен қатар Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдық мерейтойы Түркияда кең аталып өтті, таңдамалы шығармалары түрік тілінде жарық көрді.

Қазақстанда да түрік әдебиетін оқып-білуге деген ықылас артты. Түрік авторларының еңбектері қазақ тіліне аударыла бастады. Мәселен, 1996 жылы түріктің атақты ақыны Юнус Эмреннің шығармасын Әубәкір Нілібаев қазақшаға аударды. 2004 жылдың қараша айында ҚР Ұлттық кітапханасында түрік тарихшысы Әбдуқап Қараның Түркияда басылып шыққан

“Мұстафа Шоқай. Өмірі. Шығармашылығы” кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Қазақ-монғол әдеби байланыстары да дамыды. 1990 жылы І.Есенберлиннің “Көшпенділер” роман-трилогиясы Ұлан-Баторда монғол тілінде жарық көрді. Соңғы жылдары Шыңғысхан тұлғасына қызығушылық күрт артты. Қазақ әдебиетінде ұлы императордың өмір тарихына арналған және монғол дерктеріне негізделген көптеген романдар жарық көрді.

Қытайдан келген ақын-оралман жазушылар арасында қазақ тілінде жазатын Алтай Халифті (1917-2003), Қауиу Арысбайұлын (1928-2003) атауға болады. Қытай әдебиетшілері Абайдың 150 жылдығына арналған әдеби шараларға белсене қатысты. Қытай ақыны Қабай (Ха Хуань чжан) өткен ғасырдың 50 жылдарынан бастап, Абай Құнанбаевтың шығармаларын қытай тіліне аударып келеді. 1993 жылы Пекиндегі “Ұлттық баспадан” Қабайдың тәржімасында “Абай шығармаларының толық жинағы” қытай тілінде жарық көрді. Сондай-ақ, жазушы, аудармашы Су Чжоу Сюнь Абай шығармашылығына арналған 20-дан астам мақала жазды. “Шыңғыс тауының үш шоқысы Абай, Шәкәрім, Мұхтар монографиясын жарыққа шығарды. Ақбал ақынмен бірігіп қытай тіліне “Абайдың қара сөздерін” тәржімалады. 2001 жылы Астанада Қытайдан шыққан қазақ жазушысы Жақсылық Сәмитұлының “Сергелдең” атты екі томдық кітабы жарық көрді.

Қазақ-үнді байланысы да өзінің тұрақты дамуымен ерекшеленеді. Қазақстанда Үнді Елшілігінің ашылуы Үнді мәдениет орталығының да бой көтеруіне ықпал етті. Орталық директоры П.Стодбанның 2003 жылы Нью-Делиде “Үнді - Қазақстан. Өркениетті зерттеулер” кітабы басылды. 2000 жылы Үндістанның жоғары марапаттарының бірі Жавахарлал Неру сыйлығының алғашқы лауреаты, қазақ жазушысы Әнуар Әлімжановтың туғанына 70 жыл толуына байланысты Алматыда “Әнуар Әлімжанов және Үндістан” атты конференция өтті. Қазіргі қазақ-үнді байланыстарын нығайтуға үлкен үлес қосқандардың бірі ақын Аманжол Шәмкенов 1991 жылы Жавахарлал Неру сыйлығын алды. 2001 жылы Қазақстандағы Үндістан елшілігінің қолдауымен Аманжол Шәмкеновтың қазақ

тіліне аударылған шет ел авторлары Рабиндранат Тагор, Хариванш Рай Баччан және тағы басқа үнді ақындарының өлеңдері кірген “Жыр әлемі” жинағы басылып шықты. Қазіргі заманғы қазақ-үнді әдебиеті байланысында жазушы, аудармашы Әубәкір Нілібаевтің еңбегі үлкен. 1993 жылы оның Тагор, Тулси Даса, Субаш Мукерже, Хариванш Рай Баччан, Капила, Али Сардар Жафридің шығармаларын аударған кітабы жарық көрді. 2004 жылы Үнді Елшілігінің қолдауымен “Махабхарата” эпосы, одан соң Ә.Нілібаевтің аударуымен “Рамаян” эпосы басылды.

Қазақстан-Пәкістан әдеби байланыстары соңғы жылдары ерекше күш алды. Абай жырларын ұрду тіліне белгілі аудармашы Халид Икбал Яссир тәржімалады. Исламабад газеттері мен журналдары Абайдың өміріне, шығармашылығына арналған мақалалар жариялады. Пәкістан әдеби Академиясы Абайға арналған конференция өткізді. Пәкістан әдебиетшілерінің пікірінше Сир Сайед Ахмед Хан пәкістандықтар үшін қандай маңызды болса, Абай қазақ халқының тарихында сондай мәнге ие. Абай шығармашылығы Жамал Алидин және Мұхаммед Икбал шығармаларымен үндес. Ұрду тіліне Жамбылдың өлеңдері, М.Әуезовтің шығармалары аударылған.

Қазақ-иран әдебиеті байланысының өзіне тән дәстүрі бар. Алматыда Иран елшілігі ашылғаннан кейін 1992 жылдың күзіне ҚР Ұлттық кітапханасында Ислам Республикасы, Иран кітап көрмесі ашылды. Көрмеге Иран авторларының 1000 кітабы, 1500 жүз сурет, фотосуреттер, көріністер және Иран ұлттық қолөнері шығармалары қойылды. 1995 жылы Тегеранда “Абайдың ойы және шығармасы” атты кітап жарық көрді. Еңбектің авторлары - Иранның көрнекті әдебиетшілері мен ғалымдары.

Қазақ әдебиетінің батыс елдері әдебиетімен байланысының да өзіндік даму жолы бар. Қазақ-неміс әдеби байланысындағы үлкен бір табысымыз Ә.Нұрпейісовтің “Соңғы парыз” романының аударылуы. Неміс тіліндегі аударма 1989 жылы орыс тіліне аударылғаннан кейін бір жылдан соң жүзеге асты. Ә.Нұрпейісовтің романы Германияда “Әл үстіндегі теңіз” деген атпен аударылды.

Қазақ-неміс әдебиеті байланысына дәнекер болушылардың қатарына Қазақстандағы неміс жазушыларының

шығармашылығын атауға болады. Олар Қазақстанда неміс әдебиетінің насихатталып, өз отандастары арасындағы әдеби-шығармашылық, әдеби-сын байланыстарының өрістеуіне игі ықпал жасады.

Қазақ-француз әдебиеті байланысының нығая түсуіне әсіресе, Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде салтанатты түрде өткен Абай, Әуезов, Мүсірепов, Махамбет мерейтойларының ерекше әсері болды. Францияның Елшілігі жыл сайын Қазақстанға Францияның белгілі жазушылары мен ақындарын шақырып, оқу Мерекесін өткізеді. Осы шараның аясында 2000 жылы Қазақстанға атақты француз қаламгерлері Поль Констан мен Бернар Шамбаз келіп қайтты. Оқу Мерекесінде “Шектеусіз сөз” атты кітап композициясы, “Миллениум” жобасының аяқталуы талқыланды. Абай шығармаларының қазақша, немісше оқылуы салыстырылды. Ұйғыр және қазақ халық музыкасы өнерпаздарының орындауында “Елім-ай” әні шырқалды. 2001 жылы Францияда Орта Азияның төрт тәуелсіз мемлекеті - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан әдебиеттеріне арналған “Миссив” журналының арнайы нөмірі шықты Журнал француз Телекомы және Француз Поштасы Әдебиет қоғамының баспа органы болып табылады. 2001 жылдың нөмірі “Қазіргі Орта Азияның мәдениет бейнесіне” арналды. Ортаазиялық әдебиеттер туралы мақаладан кейін Қазақстан авторлары шығармаларынан үзінділер келтірілген. Кіші антология Абай шығармашылығымен ашылады. Бұл 1995 жылы Лондонда жазушы Р.Сейсембаев басып шығарған Антуан Гарсидің мәнерлі аударуындағы “Сөз кітабынан” үзінді. Осы рубрикада Иветт Ламбердің аудармасында М.Әуезовтің “Қаралы сұлу” шығармасы көрсетілген. Ғ.Мүсіреповтің “Ана” әңгімесін Поле Лекесн тәржімалаған. Ғ.Мүсіреповтің есімі француз оқырмандарына жақсы таныс. 1950 жылы француз тіліне аударылған “Қазақ солдаты” романы Франция бұқаралық ақпарат құралдарында жақсы бағаланды. Сонымен қатар журналда француз аудармашысы Лили Дени аударған “Қан мен тер” (Ә.Нұрпейісов) романынан үзінді, О.Сүлейменов шығармашылығы мен ақын Б.Қанапиянов өлеңдерінің аудармалары берілген.

Қазақ-венгер Республикасының бірінші Елшісі атақты түркітанушы Йожеф Торма болды. 1990 жылдары Қазақстанда елші қызметін атқара жүріп, ол Қырғызстанда және Тәжікстанда түркітану бағытында үлкен ғылыми жұмыстармен шұғылданды. Йожеф Торма Абай мен Әуезовке арналған көптеген конференцияларды сөз сөйледі. Оның қаламынан “Абай өлеңдеріндегі бүркітке аңшылықтың дәстүрлері” жайында қызықты зерттеу туған. 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына арналған Халықаралық конференцияда венгер этномузыка танушысы Янош Шипош қазақ музыкалық фольклоры туралы зерттеулерімен таныстырды. Будапештте ағылшын тілінде “Қазақ фольклорлық өлеңдері. Даланың екі шетінен” атты кітабы жарық көрді (Будапешт, Киадо Академиясы, 2001). Кітапта саяхатта жиналған зерттеулер, мәтіндер және көптеген әндердің нотасы енгізілген. Түркітанушы және жазушы Михай Бенке монғол қазақтары аймағына саяхатқа 10 жылдан астам уақытын жұмсаған. Бенке көптеген іссапарлар күнделігінің авторы. Оның жол сапар очерктерінің ерекшелігі онда әңгіменің мазмұны жеке фотосуреттермен толықтырылып отырады. 1998 жылы осындай фотоальбомның бірі “Орта Азия даласының көшпенділері. Біздің ата-тегімізге сапар” деген (Будапешт, Киадо Академиясы, 1998) атпен жарыққа шықты. Зерттеушінің кітабында қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері кездесіп отырады. Әр тарау қазақ фольклорынан алынған үзіндімен ашылады. Мысалы, бірінші тарау бақсының жаңбыр шақырған дұғасынан басталса, екінші тарау бақсының тауда мекендейтін құдайларға арналған өлеңдерінен тұрады. Бенке бақсы өлеңдеріне қызығушылығын былайша түсіндіреді: “Мыңдаған жылдан астам уақыт Алтай қазақтары өздерінің ежелгі діни сенімдерін сақтап келді. Біз, венгерлер, Еуропа ортасында қалып қойып, бұл жағынан кемісті болдық. Сондықтан Монғол қазақтарының діни сенімдерін оқу ертедегі грек дінімен сіңген көптеген құпияларға жарық түсіруі мүмкін. Мен өзімді монғол қазақтарының арасында жүргендей сезіндім. Уақыт тоқтап, ертедегі грек тегімізбен кездескендей, олардың діни көзқарастары, барлық өмір салтымен жақындағандаймын”.

Михай Бенке Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығына үлкен назар аударып, оны Шандор Петефи шығармашылығымен салыстырады. М.Дулатовтың “Оян, қазақ” атты өлеңдер жинағы Шандор Петефидің “Көтеріл, мадиар!” шығармасына ұқсастығын айтады. Шандор Петефидің ұлттық сарындағы өткір өлеңдерін ақын Қадыр Мырза Әли аударған. “Жалын” баспасынан Петефи шығармаларының толық жинағы “Махаббат пен бостандық” деген атпен алғаш рет қазақ тілінде жарық көрді. Кітапқа Петефидің әр кезеңдегі өлеңдері енді. Олардың ішінде “Оян, Отан!”, “Мен венгермін”, “Мадиярлар жеңу керек”, “Дала” және басқа азаттықты көксеген өлеңдері бар. Өзінің идеясы жағынан венгер ақынының өлеңдері Махамбет, Ж.Дулатов сияқты ақындардың азатшыл, еркіндікті аңсау сарынындағы жырларымен үндес.

Қазақ-американ әдеби байланысы да осы тәуелсіздік кезеңінде біршама жолға қойылды. Американ әдебиеті мен фольклоры зерттеушілері арасынан Олжас Сүлейменов шығармашылығын зерттеуші Харш Раманы, жас зерттеушілер Еву Мари Дюбуиссонды қазақ айтысының қазіргі жағдайы мен дәстүрін зерттеуші Патрик Францисті атауға болады. Жас буын американ ғалымдары өз зерттеулерінде қазақ тілінің негіздемелеріне сүйенеді.

Тәуелсіз еліміз өзінің рухани құндылықтарын басқа ел әдебиетімен байланысы арқылы тереңдетіп отыратынын байқадық. Әлем елдері қазіргі Қазақстанды экономикалық дамудың жаңа сатысындағы ел деп қана емес, әдебиеті мен мәдениеті шартарапқа таралған мемлекет ретінде де құрметпен қарайды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары.

1. Әдеби байланыстардағы жаңаша сипатты ашу.
2. Қазақ әдебиетінің әлем әдебиетіндегі орнын айқындап көрсету.
3. Әлем әдебиетінің шығармаларымен таныстыру, оқыту.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. А., 2015

2. Дүйсенов М. Ақын мұраты. А., 2011
3. Елеукенов Ш. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2010
4. Кәкішев Т. Дәуір дидары. А., 2015
5. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. А., 2013
6. «Қазақтың 100 романы». Астана, 2014
7. Тәуелсіздік тудырған романдар. Астана, 2012

Семинар сабақтарының жоспары:

1. Тақырыбы: Прозаның дамуы.

Сабақтың мақсаты: Прозаның дамуы, роман жанрындағы ізденістер, тақырып пен идея, кейіпкерлер жүйесі, көркемдік шындық жайында ақпарат беру.

Семинардың жоспары:

1. Роман жанрындағы ізденістер.
2. Тақырып пен идея.
3. Кейіпкерлер жүйесі.
4. Көркемдік шындық.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында

көркемөнердің табиғаты, өнердің түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

2. Тақырыбы: Романдардағы бүгінгі күн шындығы. Өмір шындығының берілуі

Сабақтың мақсаты: романдардағы бүгінгі күн шындығы, өмір шындығының берілуі жайында ақпарат беру.

Семинардың жоспары:

1. Қазіргі кезеңдегі романдар;
2. Ондағы өмір белестері.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында : әдебиеттану ғылымында қалыптасқан әдеби ағым-бағыттар түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.
Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.
Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012
Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004
Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.
Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.
Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.
Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.
Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

3. Тақырыбы: Тарихи романдарға талдау.

Сабақтың мақсаты: тарихи романдарға талдау жасау, мазмұны мен тілін, көркемдігін, тарихи шындық мәселесін, тарихи тұлғалар.ұғымының мәнін ашу.

Семинардың жоспары:

1. Мазмұны мен тілі. Көркемдігі.
2. Тарихи шындық мәселесі.
3. Т.Зәкенұлының «Көкбөрілердің көз жасы» романындағы тарихи оқиға.
4. Тарихи тұлғалар.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында көркемөнердің табиғаты, өнердің түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.
Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

4. Тақырыбы: Ш.Мұртаза: «Тамұқ» романы: дәуір шындығы.

Сабақтың мақсаты: Тартыс. Тұрар бейнесі. Роман мамзұнындағы аңыздық оқиғалар желісі туралы білімдерін тексеру.

Семинардың жоспары:

1. Ш.Мұртаза: «Тамұқ» романы: дәуір шындығы.
2. Тартыс. Тұрар бейнесі.
3. Роман мамзұнындағы аңыздық оқиғалар желісі.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі тек пен түрлер туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

5. Тақырыбы: З.Қабдолов. «Менің Әуезовім». Әуезов характерінің ашылуы. Мемуарлық романдар.

Сабақтың мақсаты: Көркем шығармадағы мазмұн мен пішін. Көркем шығарманың композициясы, басты компоненттері. Шығарманың сюжеттік құрылысы. Сюжет және фабула. Сюжеттің түрлері. Пейзаж туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. З.Қабдолов. «Менің Әуезовім».
2. Әуезов характерінің ашылуы.
3. Мемуарлық романдар.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі мазмұн, пішін, сюжет, композиция туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.
Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

6. Тақырыбы: М.Мағауин. «Мен» роман-диалогиясы.

Сабақтың мақсаты: Көркем шығарманың тақырыбы. Шығарманың идеясы. Тарихи шындық және көркемдік шешім туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Шығармашылық өмірбаян. Шығармашылық зертхана.
2. Автор тұлғасы. М.Мағауин. «Мен» роман-диалогиясы.
3. Шығармашылық өмірбаян.
4. Шығармашылық зертхана. Автор тұлғасы.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі мазмұн, пішін, сюжет, композиция туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

7. Тақырыбы: Қ.Жұмаділов. «Таңғажайып дүние».

Сабақтың мақсаты: Әдеби бейне. Көркем бейненің идеялық-эстетикалық мазмұны. Әдеби шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Әдеби портрет туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Өмір шындығы.
2. Тартыс.
3. Халық тағдыры – деректер көзімен.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі әдеби бейне, образдардың түрлері, кейіпкерлер жүйесі туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

8. Тақырыбы: Қ.Шабданұлының «Қылмыс» романының композициялық құрылымы және стилі. Замана шындығының бейнеленуі

Сабақтың мақсаты: Композиция мен сюжет. Сюжеттің басталуы, сюжеттік байланыс. Композиция қағидалары туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Қ.Шабданұлының «Қылмыс» романы
2. Композициялық құрылымы және стилі.
3. Замана шындығының бейнеленуі

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі композиция мен сюжет, сюжеттің басталуы, сюжеттік байланыс. композиция қағидалары туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға каіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақыпұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

9. Тақырыбы: Т.Әбдік повесіндегі бейтаныс құрбы бейнесі. Жамандық пен жақсылық арасындағы тартыс.

Сабақтың мақсаты: Т.Әбдік повесіндегі бейтаныс құрбы бейнесі. Жамандық пен жақсылық арасындағы тартыс. Автор ұстанымы, кейіпкер туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Т.Әбдік повесіндегі бейтаныс құрбы бейнесі.
2. Жамандық пен жақсылық арасындағы тартыс.
3. Автор ұстанымы.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі поэзия жанры, өлең және өлең сөз, лирикалық мазмұн, лирикалық шығарма композициясы қағидалары туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақыпұлы.-Алматы, 2001.

Мақыпұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

10. Тақырыбы: Қазіргі әңгімелер: көркемдігі мен тілі, суреттеу тәсілдері.

Сабақтың мақсаты: Қазіргі әңгімелер: көркемдігі мен тілі, суреттеу тәсілдері. Жаңалық. Дәстүр мәселесі. Әңгімелердегі лирикалық, психологиялық желілер туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Қазіргі әңгімелер: көркемдігі мен тілі, суреттеу тәсілдері.
2. Жаңалық. Дәстүр мәселесі.
3. Әңгімелердегі лирикалық, психологиялық желілер.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі көркем шығарманың тілі, тіл мен сөйлеу, тіл қатынас құр қағидалары туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттануытқыш.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2001.

Мақыпұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

11. Тақырыбы: Ж.Әбдірәштің «Құлпытас» жыр жинағы

Сабақтың мақсаты: Ж.Әбдірәштің «Құлпытас» жыр жинағы, стилі, көркемдігі туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Драматургияның дамуы.
2. Драмалардың тақырыптық жүйесі.
3. Қазақ драматургтерінің жетістіктері.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі көркем шығарманың тілі, троп және оның түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 1989.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2004

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2003.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақыпұлы.-Алматы, 2001.

Мақыпұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2004.

12. Тақырыбы: Ұ.Есдәулет. «Киіз кітап». Талдау.

Сабақтың мақсаты: Ұ.Есдәулет. «Киіз кітап». Талдау бойынша теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Жинақтың шығуы;
2. Жинаққа енген өлеңдердің көркемділігі;
3. Өлеңдерге поэтикалық талдау жасау.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі көркем шығарманың тілі, айшықтау және оның түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А.,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 2010.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2014

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2013.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2013.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2011.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2014.

13. Тақырыбы: Қазіргі поэмалар. Н.Айтұлы, Е.Раушанов, т.б. поэмаларының тақырыптық-көркемдік сипаты

Сабақтың мақсаты: Қазіргі поэмалар. Н.Айтұлы, Е.Раушанов, т.б. поэмаларының тақырыптық-көркемдік сипаты бойынша теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Қазіргі поэмалар.

Н.Айтұлы, Е.Раушанов, т.б. поэмаларының тақырыптық-көркемдік сипаты

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі көркем шығарманың тілі, айшықтау және оның түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А.,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 2010.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2014

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2013.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2013.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2011.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2014.

14. Тақырыбы: Н.Мәукенұлы өлеңдерінің көркемдік, танымдық астары.

Сабақтың мақсаты: Н.Мәукенұлы өлеңдерінің көркемдік, танымдық астары туралы теориялық білімдерін саралау.

Семинардың жоспары:

1. Н.Мәукенұлы өлеңдерінің көркемдік, танымдық астары.

Н.Мәукенұлының өмірі мен шығармашылығы.

Әдістемелік нұсқауы: берілген тақырып бойынша сабаққа дайындалу үшін тақырып бойынша берілген әдебиеттерді оқып, дәріс конспектісін жасау қажет. Сабаққа дайындалу барысында әдебиеттегі көркем шығарманың тілі, айшықтау және оның түрлері туралы теориялық тұрғыдан түсіндіре білу, ғалымдардың пікірлерін келтіру.

Негізгі әдебиет:

Әдебиеттану терминдер сөздігі. –А,2009.

Байтұрсынов А. Әдебиеттанушы.-Алматы, 2010.

Классикалық зерттеулер 11 –том, М.Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер – Алматы: 2012

Қабдолов З. Әдебиеттануға қаіріспе. -Алматы,2014

Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2013.

Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы.-Астана, 2013.

Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. - Алматы, 2012.

Әдебиеттану. Хрестоматия. Құрастырған: Мақпырұлы.-Алматы, 2011.

Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері.-Алматы, 2014.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

I вариант

1. Тәуелсіздік кезінде туған лириканың басты сипаты:

- А) елдік пен ерлік
- Ә) тарихи-саяси тақырып
- Б) ой-санадағы жаңару, ұлттық, елдік мұрат
- В) биік пафос, ырғақ

2. М.Шахановтың “Өркениеттің адасуы” (1999) поэмасының әлемдік деңгейде танылу себебі

- А) қазақ ұлтының мәселесін көтеруі
- Ә) экология мәселесін жырлауы
- Б) адамзаттың дамуына қажетті мәңгілік мәселелерді толғауы
- В) ана тілін насихаттауы

3. Тәуелсіздік кезінде жарық көрген тарихи романдардың басты ерекшелігі:

- А) бұрын белгісіз болған жайттарды суреттеу
- Ә) елдің бүтіндігін көксеген батыр, билердің, хандардың тағдырын көрсету
- Б) халық тарихының көмескі тұстарын айқындап, шындығын ашу, ел, ой-сана тәуелсіздігін көтеру
- В) ел мен жердің өткен тарихын суреттеу

4. Тәуелсіздік кезінде жарық көрген хикаят (повесть) жанрында көтерілген басты тақырып

- А) өмірге, адамның ішкі жан дүниесі мен қоршаған ортаға деген өзгеше көзқарас
- Ә) кейіпкерлер жүйесінің алдыңғы кезекке шығуы
- Б) нарықтық қатынастың әкелген жаңалығы
- В) психологиялық тәсілдің алдыңғы кезекке шығуы

5. Ә.Кекілбаевтің «Ханша Дария хикаясы» повесіндегі таңғұттар билеушісі:

- А) Қасар мерген;
- Ә) Шидүрге;
- Б) Алмас әмірші;
- В) Шыңғыс хан;
- Г) Қалдан.

6. Әміршінің түсіне Мекке-Мәдине кіріп, Хақ Тағалаға жалбарынып оянады. Өзі түсінде шыр айналып жүрген қағбаның тасы бұған жеткізбей, қолын тигіздірмей қинайды. Бұл оқиға «Аңыздың ақыры» романының қай бөлімінде?

- А) Төртінші бөлімінде;
- Ә) Эпилогта;
- Б) Бірінші бөлімде;
- В) Үшінші бөлімде;
- Г) Екінші бөлімде.

7. «Аңыздың ақыры» романындағы қосалқы кейіпкерлер кімдер?

- А) Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагер;
- Ә) Әмірші, Кіші ханым және шебер;
- Б) Кемпір мен шал;
- В) Ауыл ақсақалдары;
- Г) Уәзірлер.

8. Ә.Кекілбаевтің 1986 жылы Абай атындағы республикалық Мемлекеттік сыйлыққа ие болған тарихи романы:

- А) «Үркер», «Елең-алаң»;
- Ә) «Аңыздың ақыры»;
- Б) «Бір уыс топырақ»;
- В) «Бәсеке»;
- Г) «Күй»;

9. «Абылай хан» драмасындағы ханның ақылшысы, дана қарт:

- А) Бұқар жырау;
- Ә) Абыз;
- Б) Көмей әулие;
- В) Тақуа шал;
- Г) Ақсақал.

10. Сәкен Жүнісовтің XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы заман дүрбелеңін суреттейтін повесі:

- А) «Жапандағы жалғыз үй»;
- Ә) «Әжем, мен, емші, дәрігер»;
- Б) «Заманай мен Аманай»;

В) «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»;

Г) «Өліара».

11. «Жапандағы жалғыз үй» туындысындағы автордың негізгі айтпақ ойы:

А) Жаңа қоғамның жеке меншікшіл пиғылды түпкілікті жеңгені;

Ә) Ағылып келіп жатқан келімсектер өз елінде азшылық, көзге шыққан сүйелдей күн кешкен халықты жапандағы жалғыз үйдей жапырып кетпей ме деген мәселе;

Б) Тың игерудің жетістігін көрсету;

В) Социалистік қоғамның жарқын сипаттарын таныту;

Г) қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін суреттеу.

12. Шерхан Мұртаза әңгімелерінде алыстағы Африка пейзажы көрініс береді. Ол қай шығармасында?

А) «Алтын тікен»;

Ә) «Жүрекке әжім түспейді»;

Б) «Сфинкс сыры»;

В) «Бұлтсыз күнгі найзағай»;

Г) «Бір шөкім бұлт».

13. Аңыз оқиғалары жазушының романдарында шығарма мазмұнына кіріп, кейіпкердің психологиялық ахуалы мен арман-мұраттарын танытуда маңызды орын алады. Солардың бірі – «Шолпан кебіс» аңызы. Бұл аңыз қай романына кірген?

А) «Қара маржан»;

Ә) «Тамұқ»;

Б) «Қызыл Жебе»;

В) «Жұлдыз көпір»;

Г) «Ай мен Айша».

14. «Қара маржан» романындағы жағымсыз кейіпкерлер:

А) Нариман, Мәрзия, Ақан қарт;

Ә) Әділ, Мәрзия;

- Б) Аманқұл, Жарас;
- В) Таңшолпан, Нариман;
- Г) Антонов.

15. «Бесеудің хаты» тарихи драмасындағы өлкелік комитетке хат жолдағандар:

- А) Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов;
- Ә) Садуақасов, Досмұхамедов, Сейфуллин, Төреқұлов, Мүсірепов;
- Б) Бөкейханов, Байтұрсынов, Төреқұлов, Тынышбаев, Рысқұлов;
- В) Жансүгіров, Жұмабаев, Сейфуллин, Дулатов, Аймауытов;
- Г) Мүсірепов, Майлин, Рысқұлов, Садуақасов, Қарашев.

16. Тұрар Рысқұлов тағдырын арқау еткен роман-хамсаның «Тамұқ» деп аталатын бесінші кітабында...

- А) Сталиндік жаппай қудалау кезеңі, күллі қазақ зиялыларының басындағы трагедиялық жағдай бейнеленген;
- Ә) Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасының 1917-1920 жылдарындағы оқиғалар суреттелген;
- Б) Тұрардың Түркістан Республикасы атқару комитетінің төрағасы болып жүрген шағындағы саяси қақтығыстар баяндалады;
- В) Тұрардың Коминтерннің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары, мемлекеттік жауапты басшылық қызметтерде жүрген кезінде қазақ даласындағы аштық пен апатты болдырмауға көмек көрсетпекке ұмтылған әрекеттері баяндалған;
- Г) Дауылбай сияқты жергілікті өктем күштердің озбырлығына төзе алмай, Ақсу – Жабағалы жерінен Жетісуға қоныс аударып, Талғар маңына көшіп келген аз үйлі кедей ауыл Сәлік – Шілмембет – Шымырдың, сол ауылдың бас көтерер азаматы Рысқұлдың тағдыры суреттеледі.

17. Ә.Нұрпейісов романындағы күллі ұлттық ұнамсыз характерді бейнелейтін кейіпкерлер:

- А) Тәңірберген мен Жасағанберген;

- Ә) Сүйеу қарт пен Дос;
- Б) Құдайменде мен Аллаберген софы;
- В) Судыр Ахмет пен Қарақатын;
- Г) Төлеу мен Қалау.

18. Әдебиеттанушылар Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» роман-трилогиясындағы сюжеттік желіні қай туындымен жақын деп санайды?

- А) М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесімен. Сюжеттік бірізділік жайлы талдау-тұжырымдар Бақтығұл мен Еламан басынан кешкен оқиғалар негізінде айтылады;
- Ә) Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» роман-трилогиясымен тақырыптық бірлікте деп бағалайды;
- Б) М.Әуезовтің «Қилы заман» повесімен идеялық үндестікте екенін айтады;
- В) Т.Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романымен салыстырады;
- Г) Т.Ахтановтың «Боран» романындағы Қоспан мен Еламан арасындағы ұқсастықтар туралы тұжырым жасайды.

19. «Қан мен тер» роман-трилогиясының үшінші кітабы «Күйреу» деп аталады. Кімнің рухани күйреуі?

- А) Еламанның;
- Ә) Тәңірбергеннің;
- Б) Қаленнің;
- В) Ақбаланың;
- Г) Ақ әскерлерінің.

20.«Соңғы парыз» романынағы оқиғаның суреттелу тәсілі:

- А) Автор бір тәулік ішіндегі психологиялық тартысты арқау етіп алып, кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі арпалысты, қым-қиғаш сезімдер қақтығысын өрнектейді;
- Ә) Күллі оқиғаны бір кейіпкер баяндайды;
- Б) Оқиға желісі лирико-романтикалық сарында суреттеледі;
- В) Оқиға лирикалық шегіністермен көрсетіледі;
- Г) Кейіпкердің көзқарасымен, баға беруімен суреттеледі.

21. Жазушы «Қан мен терде» кейіпкерлер бейнесін жасауда...

- А) Кескіндік анықтамалар мен пейзажға, психологиялық қатпары мол портреттерге, үлкен мән береді;
- Ә) Авторлық баяндауға көп орын береді;
- Б) Сана ағымы тәсіліне жүгінеді;
- В) Астарлы, тұспалды бейнелеулерге орын береді;
- Г) Бастан-аяқ ішкі монологты пайдаланады.

22. Т.Әбдіктің ҚР Мемлекеттік сыйлығын алған шығармасы:

- А) «Парасат майданы»;
- Ә) «Өліара»;
- Б) «Әке»;
- В) «Ақиқат»;
- Г) «Оң қол».

23. Мұхтар, Ғабит, Сәбит – қай туындының кейіпкерлері?

- А) Ш.Мұртаза: «Бесеудің хаты»;
- Ә) С.Жүнісов: «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»;
- Б) О.Бөкей: «Желтоқсан желі»;
- В) С.Мұқанов: «Өмір мектептері»;
- Г) Қ.Жұмаділов: «Прометей алауы».

24. Шандор Петефидің өлеңдерін қазақ тіліне аударған ақын:

- А) Ж.Әбдіраш;
- Ә) Қ.Мырза-Әлі;
- Б) Ұ.Есдәулет;
- В) Е.Дүйсенбай;
- Г) Ғ.Жайлыбай.

25. «Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?»

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жәріместігінен ойнайды,

Бағлан ойнаса – білместігінен ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тірессе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады». Қай шығармадан алынғанын көрсет:

А) С.Жүнісов: «Абылай хан»

Ә) Ә.Кекілбаев: «Абылай хан»;

Б) Ш.Мұртаза: «Домалақ ана»;

В) М.Байсеркенов: «Абылайдың ақырғы күндері»;

Г) Ш.Құсайынов: «Томирис».

26. Драмалық поэма жанрына жататын туынды:

А) Иран-Ғайып: «Батқан кемеңнің бейбақтары»;

Ә) Е.Раушанов: «Ғайша-бибі»;

Б) Н.Айтұлы: «Бәйтерек»;

В) М.Шаханов: «Өркениеттің адасуы»;

Г) Ж.Әбдіраш: «Менің топырағым».

27. « – Сен қайдан келдің? – дегенде бір данышпан: – Мен балалық елінен келдім, – деген екен». Қай шығарманың басталуы?

А) Т.Әбдік: «Парасат майданы»;

Ә) Ш.Мұртаза: «Ай мен Айша»;

Б) Б.Мұқай: «Өмірзая»;

В) Қ.Жұмаділов: «Таңғажайып дүние»;

Г) М.Мағауин: «Мен».

28. «Құснихат», «Жоғалды жыл. Жоғалды ай. Жоғалды күн» жыр кітаптарының авторы:

А) Ж.Әбдіраш;

Ә) Г.Салықбай;

Б) С.Нұржан;

В) Н.Мәукенұлы;

Г) К.Мырзабеков.

29. Жазушы Ә.Асқар қаламынан туған хикаят:

А) «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді»;

Ә) «Социализм әңгімелері»;

Б) «Жансебіл»;

В) «Тамыздан соңғы әңгімелер»;

Г) «Алтай новеллары».

30. Сарын ару, Нике – қай шығарманың кейіпкерлері?

А) Ж.Әбдіраш: «Қаладан келген қыз»;

Ә) Иран Ғайып: «Қорқыттың көрі»;

Б) Ұ.Есдәулет: «Қара пима»;

В) Е.Раушанов: «Ғайша Бибі»;

Г) Н.Айтұлы: «Көк ала үйрек».

II вариант

1. Жазушы «Қан мен терде» кейіпкерлер бейнесін жасауда...

А) Кескіндік анықтамалар мен пейзажға, психологиялық қатпары мол портреттерге, үлкен мән береді;

Ә) Авторлық баяндауға көп орын береді;

Б) Сана ағымы тәсіліне жүгінеді;

В) Астарлы, тұспалды бейнелеулерге орын береді;

Г) Бастан-аяқ ішкі монологты пайдаланады.

2. Т.Әбдіктің ҚР Мемлекеттік сыйлығын алған шығармасы:

А) «Парасат майданы»;

Ә) «Өліара»;

Б) «Әке»;

В) «Ақиқат»;

Г) «Оң қол».

3. Мұхтар, Ғабит, Сәбит – қай туындының кейіпкерлері?

А) Ш.Мұртаза: «Бесеудің хаты»;

Ә) С.Жүнісов: «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»;

Б) О.Бөкей: «Желтоқсан желі»;

В) С.Мұқанов: «Өмір мектептері»;

Г) Қ.Жұмаділов: «Прометей алауы».

4. Шандор Петефидің өлендерін қазақ тіліне аударған ақын:

А) Ж.Әбдіраш;

Ә) Қ.Мырза-Әлі;

Б) Ұ.Есдәулет;

В) Е.Дүйсенбай;

Г) Ғ.Жайлыбай.

5. «Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?»

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жәріместігінен ойнайды,

Бағлан ойнаса – білместігінен ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тіресе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады». Қай шығармадан алынғанын көрсет:

А) С.Жүнісов: «Абылай хан»

Ә) Ә.Кекілбаев: «Абылай хан»;

Б) Ш.Мұртаза: «Домалақ ана»;

В) М.Байсеркенов: «Абылайдың ақырғы күндері»;

Г) Ш.Құсайынов: «Томирис».

6. Драмалық поэма жанрына жататын туынды:

- А) Иран-Ғайып: «Батқан кемеңің бейбақтары»;
- Ә) Е.Раушанов: «Ғайша-бибі»;
- Б) Н.Айтұлы: «Бәйтерек»;
- В) М.Шаханов: «Өркениеттің адасуы»;
- Г) Ж.Әбдіраш: «Менің топырағым».

7. « – Сен қайдан келдің? – дегенде бір данышпан: – Мен балалық елінен келдім, – деген екен». Қай шығарманың басталуы?

- А) Т.Әбдік: «Парасат майданы»;
- Ә) Ш.Мұртаза: «Ай мен Айша»;
- Б) Б.Мұқай: «Өмірзая»;
- В) Қ.Жұмаділов: «Таңғажайып дүние»;
- Г) М.Мағауин: «Мен».

8. «Құснихат», «Жоғалды жыл. Жоғалды ай. Жоғалды күн» жыр кітаптарының авторы:

- А) Ж.Әбдіраш;
- Ә) Г.Салықбай;
- Б) С.Нұржан;
- В) Н.Мәукенұлы;
- Г) К.Мырзабеков.

9. Жазушы Ә.Асқар қаламынан туған хикаят:

- А) «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді»;
- Ә) «Социализм әңгімелері»;
- Б) «Жансебіл»;
- В) «Тамыздан соңғы әңгімелер»;
- Г) «Алтай новелларары».

10. Сарын ару, Нике – қай шығарманың кейіпкерлері?

- А) Ж.Әбдіраш: «Қаладан келген қыз»;

Ә) Иран Ғайып: «Қорқыттың көрі»;

Б) Ұ.Есдәулет: «Қара пима»;

В) Е.Раушанов: «Ғайша Бибі»;

Г) Н.Айтұлы: «Көк ала үйрек».

11. «Өнер ерекшелігі» деп қандай ұғымды атаймыз?

А) әдіс

В) тәсіл

С) стиль

Д) жанр

Е) тіл

12. «Поэтика» атты еңбектің авторы кім?

А) Әбу Насыр әл Фараби

В) Аристотель

С) Ломоносов

Д) Байтұрсынов

Е) Яссауи

13. Роман қандай жанрлық түрге жатады?

А) лирика

В) драма

С) кең көлемді эпикалық түр

Д) орта көлемді эпикалық түр

Е) шағын көлемді эпикалық түр

14. Шығарманың мазмұнына жататыны:

А) жанр

В) тақырып

С) характер

Д) тіл

Е) сюжет

15. Пішінге жататынды атаңыз.

А) тақырып

В) идея

С) фабула

Д) экспозиция

Е) жанр

16. Әдебиеттану ғылымының негізгі саласын атаңыз:

А) текстология

В) эпилог

С) әдебиет сыны

Д) библиография

Е) историография

17. Әдебиеттану ғылымының қосымша саласы қайсы?

А) әдебиет тарихы

В) әдебиет теориясы

С) әдебиет сыны

Д) поэтика

Е) библиография

18. Мыналардың ішінен әдеби түрді атаңыз.

А) драма

В) поэма

С) лирика

Д) фабула

Е) эпос

19. «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасын кім жазды?

А) Мағжан Жұмабаев

- В) Саттар Ерубает
- С) Ғабиден Мұстафин
- Д) Ғабит Мүсірепов
- Е) Сәбит Мұқанов

20. Көркемдік қарым-қатынастың аса маңызды құралдарының бірі:

- А) көркем әдебиеттің тілі
- В) стиль
- С) фабула
- Д) жанр
- Е) көркемдік тәсілдер

III вариант

1. Жазба мәтіндерді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау арқылы адам баласының рухани мәдениетінің мәні мен тарихын танып білуге негізделген ғылымды көрсетіңіз.

- А) өнертану
- В) лингвистика
- С) әдебиеттану
- Д) филология
- Е) логика

2. Филологияның тілді қарым-қатынас құралы ретінде зерттейтін саласын көрсетіңіз.

- А) логика
- В) эстетика
- С) лингвистика
- Д) әдебиет тарихы
- Е) әдебиеттану

3. Әдебиеттанудың қай саласы әдеби шығармашылықтың табиғаты мен қоғамдық міндетін зерттеуді және оны талдаудың әдіснамасы мен әдістемесін айқындауды мақсат етеді?

- А) текстология
- В)әдебиет теориясы
- С)әдебиет сыны
- Д)әдебиет тарихы
- Е)библиография

4. Мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын зерттеу бағытына сәйкес жалпы поэтика неше салаға бөлінеді?

- А) 3
- В) 6
- С) 2
- Д) 5
- Е) 4

5. Әдеби шығарма мәтінін сыни тұрғыдан тексеріп, зерттеумен және әдеби айналымға кеңінен түсіру мақсатында баспа арқылы жариялаумен айналысатын әдебиеттанудың көмекші саласын көрсетіңіз.

- А) палеография
- В)стилистика теориясы
- С)әдеби сын теориясы
- Д)историография
- Е) текстология

6. Ғылымнан өнердің басты ерекшелігі неде?

- А) нақты деректер арқылы дәлелдеуінде
- В)абстрактілі ойға негізделуінде
- С)дәйекті пікір айта білуінде
- Д)тиянақты тұжырым жасай алуында
- Е)өмірлік шындықты көркем образдар арқылы қабылдап, бейнелеуінде

7. Дүниенің эстетикалық тұрғыдан қабылдау әрекеті көркем әдебиетте қалай іске асады?

- А) идея арқылы
- В) тақырып арқылы

С) мазмұн арқылы

Д) сөз арқылы

Е) пішін арқылы

8. «Әдебиет» сөзінің термин ретінде «поэзия», «поэтикалық өнер» деген сөздерді ығыстырып, олардың орнына кеңінен қолданысқа түсе бастауы қай кезеңнен бастау алады?

А) XI ғ.

В) XX ғ.

С) XVIII ғ.

Д) XVI ғ.

Е) XIX ғ.

9. Әдебиетті өнердің қай түріне жатқызамыз?

А) кеңістіктік өнер

В) уақыттық өнер

С) халықтық өнер

Д) уақыттық-кеңістіктік өнер

Е) ұлттық өнер

10. Әдебиеттің тәрбиелеушілік міндеттері қалай шешім табады?

А) көркем идея арқылы

В) жалпыадамзаттық сипаты арқылы

С) ұлттық сипаты арқылы

Д) танымдық сипаты арқылы

Е) халықтығы арқылы

11. Әдебиеттің өмір сүру амалын атаңыз.

А) әдеби шығарма

В) көркем образ

С) көркем идея

Д) тақырып

Е) қаламгер

12. Көркем сөз өнерінде ақиқат өмірді танып-білу мен сараптаудан, сонымен бірге бейнелеуден тұратын тұтастық деп нені танимыз?

- A) пішін
- B) композиция
- C) идея
- D) тақырып
- E) мазмұн

13. Тақырып пен идеяның органикалық тұтастығы арқылы шығармада қандай мәселе көрініс табады?

- A) композиция
- B) пішін
- C) сюжет
- D) проблема
- E) мазмұн

14. Авторлық суреттеудің өзегіне алынып, шығармада көрініс тапқан ақиқат болмыстағы заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың жиынтығы қандай ұғымды білдіреді?

- A) образ
- B) сюжет
- C) тақырып
- D) композиция
- E) идея

15. Автордың түпкі ойына сәйкес шығарманың құрылымын айқындап, көркемдік детальдан бастап шығарма атауына дейін қамтитын тақырыптық мазмұнды белгілейтін ұғым қайсы?

- A) мазмұн
- B) проблематика
- C) образ
- D) идея
- E) композиция

16. Әдебиеттің әлемдік, аймақтық, ұлттық көлемдегі белгілі бір кезеңін, сондай-ақ тұтастай

тарихын қамтитын, туу, қалыптасу және дамуынан тұратын тарихи қозғалыстағы ағымы қандай ұғымды білдіреді?

А) әдебиет тарихы

В) әдеби үрдіс

С) идея сабақтастығы

Д) көркемдік бейнелеу

Е) образды ойлау

17. Объектіге немесе субъектіге қатысты танымдық бағыты мен өзінің сөздік қолданыс сипаттарының типтері бойынша ұқсас келетін әдеби туындылар қатары немесе көркемдік бейнелеу актісінің өзі әдебиетке тән категория тұрғысынан қалай аталады?

А) әдеби тек

В) әдеби ағым

С) әдеби жанр

Д) әдеби бағыт

Е) әдеби түр

18. Қаламгер бейнелеген өмір суреттерінде дүние мен адам ара қатынасын белгілейтін шығарма құрудың негізгі тәсілдері немесе әдеби көркем шығармашылықтың жинақы типі ретінде нені атаймыз?

А) әдеби жанр

В) әдеби ағым

С) әдеби түр

Д) әдеби бағыт

Е) әдеби тек

19. Суреттелетін оқиғалар уақыт тұрғысынан ғана ұштасумен шектелмей, сол оқиғалардың өзара байланыстылығы, олардың болуының түпкі себептері тереңнен дәлелдене көрінетін сюжеттер қалай аталады?

А) лирикалық сюжет

В) хроникалы сюжет

С) көшпелі сюжет

Д) бір орталыққа шоғырланған сюжеттер

Е)классикалық сюжет

20. Поэзиялық және прозалық туындылардағы көркем сөз қолданысындағы сыртқы ерекшелікті танытатын негізгі белгіні атаңыз.

А)тақырып

В)идея

С)ырғақ

Д)сюжет

Е)мазмұн

Искакова Жазира Махсүтовеа

Симбаева Салима

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

(оқу құралы)

Басуға 30.10.2019 жылы қол қойылды. Қағазы көшірмелік.
Қаріп түрі «Таймс». Пішімі 60x84/16. Баспа табағы 6,9 бет.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №110.
«Тұран-Астана» баспаханасында басылған.
Мекенжай: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ы.Дүкенұлы көшесі 29 үй.